

Б 81.2Каз

А31

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Айдаров Ғ.

---

**Көне түркі жазба  
ескерткіштерінің тілі**

---



Б 87.2 Каз  
А 31

# ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Айдаров Ғ.

## Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі

Павлодар  
2010



УДК 003.3  
ББК 81.2-8  
А 31

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады

БАС РЕДАКТОР

Арын Е.М.

ҚҰРАСТЫРУШЫ, ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Құдабаев А.Ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айтбаев Ә., Әбілқасымов Б., Жанпейісов Е., Жанұзақов Т.,  
Жүнісбеков Ә., Қалиев Ғ., Қайдар Ә., Құсайынов К., Накысбеков О.,  
Оралбаева Н., Сайрамбаев Т., Сарыбаев Ш., Сарбалаев Ж.,  
Серғалиев М., Сыздық Р., Хасанов Б.

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ. Айдаров Ғ.**

А 31 Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Павлодар:  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,  
2010. – 230 б.


ISBN 978-601-238-084-2

*УК ИЗУЗ*

Таңымал ғалым Ғ. Айдаров өзінің бұл еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктеріне жан-жақты, кенінен тоқталады. Әр ескерткіштің өзіндік өзгешелігі мен тілдік айырмашылықтарына ғылыми тұрғыдан талдау жасайды

Осы кітап зиялы қауымға, ғалымдарға, аспиранттарға, қазақ тіл білімін терең білгісі келетін жалпы көпшілікке арналады.

Еңбек материалдары 1986 жылы «Мектеп» баспасы басып шығарған автор еңбегінің негізінде алынды.



УДК 003.3  
ББК 81.2-8

ISBN 978-601-238-084-2

© Айдаров. Ғ.

Құрастырушы А.Ж.Құдабаев

С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010



## АЛҒЫ СӨЗ

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ** – қазақ тілінің әр жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамын, грамматикалық құрылымы) мен салаларын (фонетика, лексикология, грамматика) олардың дамуын, өз ара байланысын, ішкі заңдылықтарын жан-жақты зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі – саяси, ғылыми көркем өдебиет, публицистика, күнделікті радио мен теледидар хабарларында қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі тұрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы тұрғысынан алып қарағанда, шығып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, жаңа әдістерді қолдану, ғылыми проблемаларды шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда алдыңғы қатарға шықты.

Тіл білімінің жаңа саласы статистика, қолданбалы лингвистика әдістерін түркология ғылымында алғаш қолданған да Қазақстан ғалымдары болатын.

Бүгінгі кезде ұлттық тілге деген сұраныстың көптігіне байланысты осы еңбекті шығару ісі қолға алынды.

Сіздердің қолдарыңызға тиген «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты сериялық басылым ұлттық тілдің дамуына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін белгілі жүйемен топтастыруды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімі антологиясының басты мақсаты – классикалық үлгідегі жазылған ғылыми еңбектердің, тілдік зерттеулердің, ғылыми ой-тұжырымдардың көрсеткішін кейінгі жас ғалымдарға, ұрпағымызға үлгі ету. Талдаудың, пайымдаудың, дәлелдеудің сан қырлы тәсілдеріне бойлатудың нақты мүмкіндігін ұсыну.

Қай елдің болмасын рухани мұрасын танып – талдаудың, бағалаудың ғылыми қалыптасқан шарттары бар. Мұндағы



ғылыми ізденістер осы талаптардың биігінен көріне алған. Қазақ тіл ғылымындағы жетекші ойлар – тіл салаларының барлық бастау көзінің бұлағы.

Бұл антологияны құрайтын ғалымдардың еңбектері қазіргі кезде кітапханалардың сирек қорларында өте аз әрі санаулы болғандықтан және кейбіреулері тіпті жетіспейтіндіктен қайта жинақтап, жариялату ісі қолға алынды.

*Редакциядан*



## КІРІСПЕ

Дүние жүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өздеріне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді. Түркі тайпалары халық ретінде дүние жүзіне біздің дәуіріміздің VI ғасырының орта кезінен бастап-ақ белгілі бола бастады. Түркі тайпалары туралы құнды деректерді біз Батыс Европадағы Византия материалдарынан көбірек кездестіреміз. Бұлармен қатар түркі халықтары жөніндегі қыруар мәліметтерді біз сол түркі тайпаларының өздері жасап, артында өшпес мұра етіп қалдырған жазба нұсқалар арқылы білеміз. Мұндай жазба нұсқалар түркі халықтары үшін баға жетпес тарихи және мәдени мұра болып есептеледі. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды. «Адамзаттың бүкіл дамуы туғызған мәдениетті,- деп жазды В. И. Ленин, – құнттап білумен ғана, соны қайта қорытумен ғана пролетарлық мәдениетті жасауға болатындығын анық ұғынбасақ, мұны жете ұғынбасақ, бұл міндетті біз орындай алмаймыз»<sup>1</sup>.

Түркі халықтарының тарихи мұраларын шын мәнінде бағалай білу, олардың тарих, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда баға жетпес қазына екендігін көпшілікке, оқушылар қауымына жеткізу – кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі. Біз көне жазба нұсқаларынан тасқа қашалған мынандай сөздерді кездестіреміз: «Түркі бектері мен халық, мұны естіндер. Қандай сөздерім бар болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды көріндер, ұғындар». Бұл сөздер, арнаулар түркі халықтарының кейінгі ұрпақтарына арналған. Мұндай ескерткіштер туралы жазылған деректер аз емес, бірақ жоғары оқу орындарына арналып жазылған оқу құралдары мен оқулықтар жоқтың қасы дерлік. Біздің бұл ұсынып отырған оқу құралымыз сол

<sup>1</sup> Ленин В.И. Шығармалар, 31-том, 288-бет



қажеттілікті өтеу мақсатымен жазылды. Мұнда көне түркі жазулары, Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің табылу тарихы, мәні, тілдік ерекшеліктері біршама сөз болады. Курстың алға қойған негізгі міндеті VI-VIII ғасырлардағы көне түркі ескерткіштері мен көне ұйғыр жазба нұсқаларының тілдік ерекшеліктерінен студенттер қауымына жүйелі білім беру. Сондықтан да еңбекте ескерткіштер тілінен қыруар фактілер келтірілді.

Оқу программасына сәйкес бұл оқу құралы екі саладан – VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілі атты бөліктерден тұрады.



## І БӨЛІМ

### КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

---

#### КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

##### 1. ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖӘНЕ ТАЛАС ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы XVII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Ең алғаш рет (1662 ж.) Орхон-Енисей жазуы жөнінде хабар берген адам – Амстердам қаласының бургомистрі Н. Витзен.

1697 жылы Тобыл қаласының бояры С. Ремезовтың «Сібір қалаларының, шөл далалары мен таулы жерлерінің чертежі» атты еңбегі жарық көрді. Сол еңбекте Талас бойындағы «Орхон тасы» деген жер атап көрсетілді. Көне түркі жазба нұсқауларын зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, осы жер 1896-1898 жылдардағы Талас ескерткіштері табылған тұсқа сай келеді.

Ал Орхон-Енисей ескерткіштері үлгілерінің алғаш жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда болған швед офицері Ф.И. Табберт-Страленбергтің атымен тығыз байланысты. Оның 1730 жылы Стокгольм қаласында неміс тілінде басылып шыққан «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» атты еңбегінде көне ескерткіштер туралы көптеген қызғылықты мағлұмат берілді. Сондай-ақ 1721-1722 жылдары Сібір өлкесін аралаған Д.Е. Мессершмиттің күнделік жазбаларында да көне түркі жазбаларының кейбір үлгілері туралы деректер келтірілген.

1793 жылы П.С. Паллас көне түркі жазба нұсқаларының кейбір үлгілерін жариялайды. Міне, осы кезден бастап көне түркі жазуларының жаңа дәуірі туды. Оларды жинау, бастыру мәселелері жедел қолға алына бастайды. «Сібір хабарлары» деген журналда Г.И. Спасскийдің «Сібір естеліктерінің



жазбалары» атты еңбегі жарияланады. Бұл еңбек латын тіліне аударылып, шегел ғалымдарына да белгілі бола бастайды. Г.И. Спасскийдің еңбегін сол дәуірдің көрнекті ғалымдары А. Гумбольдт пен А. Ремюза өте жоғары бағалап, ол жөнінде көлемді мақалалар жариялады. Олардың орысша аудармалары 1825 жылы «Азия хабарлары» атты журналда басылып шықты. 1887-1888 жылдары фин елінің көрнекті ғалымы Ж.Аспелин арнаулы экспедициямен Енисей өзені бойындағы жазуларды зерттеп қайтты, экспедицияның қорытынды материалдары 1889 жылы Гельсенгфоргте «Енисей жазбалары» деген атпен жарық көрді. Бұнда 14 тексттік иллюстрация, 32 жазу таңбасы, 8 фотосуреттер қамтылған еді.

1889 жылы Н.М. Ядринцев бастаған Орыс географиялық қоғамының Шығыс-Сібір бөлімі экспедициясы Монғолиядағы Орхон өзені бойынан екі үлкен ескерткіш тауып, тюркология ғылымына елеулі үлес қосты. Оның бірі Күлтегінге, екіншісі – Білге қағанға (Могилянға) арналған ескерткіштер еді. Осыдан көп кешікпей-ақ 1890 жылы Г. Гейкель бастаған фин және 1891 жылы В.В. Радлов басқарған экспедициялар Монғолияға барып, Орхон және Енисей бойындағы ескерткіштерді зерттеп қайтты. Екі экспедицияның қорытынды материалдары өз алдына жеке еңбек болып басылып шықты.

Міне, енді еңбектер дүние жүзі ғалымдарының көз құртына айналды. Ескерткіштердің тылсым сырын ашып, оларды оқу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бірақ ғалымдардың алғашқы ізденістері тым сәтсіз аяқталды. Жазулар жөнінде олардың арасында әрқилы теріс пікірлері мен қате болжамдар өріс ала бастады. Мысалы, бұл ескерткіштерді Т. Байер ескі кельт жазуына, Тихзен гот жазуына, А. Ремюза ұсын, индоког, скандинавия елдері жазуына, Г. Спасский қалмақ, не монғол жазуына, Роммель скиф халықтары жазуына, Ю. Клапрот грек жазуына Ж. Аспелин фин жазуына, Г. Ксенофонтов якут жазулары түріне жатқызды.



Қалай болған күнде де белгісіз жазулардың сырын ашып, оларды оқып, қай халыктікі екенін айыру ғалымдарға үлкен тарихи міндет жүктеді. Жазулардың кілтін тауып оқи қою, әрине, оңай дүние емес еді. Жазуды қалай оқу керек, оңнан ба, жоқ керісінше ме, ол буын жазуы ма, жоқ дыбыстық жазу ма, олардың дауысты, дауыссыздары қайсылар деген ойлар ғалымдарды талай әуре-сарсаңға салды.

Белгісіз жазуларды оқып, талдау (расшифровка жасау) Дания елінің ғұлама ғалымы В. Томсеннің үлесіне тиді. Ол ең алдымен ескерткіштердегі кейбір таңбалардың басқа екінші бір таңбалармен қатар келетін және келмейтін ерекшеліктеріне назар аударды. Бұдан ол көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың қолдануына байланысты жуан және жіңішке айтылатын екі жүйе бар екендігін анықтады. В. Томсен жазуды солдан оңға қарай емес, керісінше оңнан солға оқу керек деген көрегендік қорытындыға келді және ескерткіштердегі таңбаларды салыстырып, онда 38 негізгі таңба бар екендігін анықтады. Сөйтіп, данышпан ғалым 1893 жылы 15 декабрь күні Дания королінің ғылыми қоғамы мәжілісінде жасаған өзінің 15 беттік баяндамасында сол күнге дейін белгісіз, құпия болып келген жазулардың кілтін тауып, оның түркі халықтарының төл жазуы екендігін дүние жүзі алдында дәлелден берді.

В. Томсеннің бұл еңбегін В. Розен 1894 жылы орыс тіліне аударып, бастырып шығарды. В. Томсеннің тюркология мәселелеріне арнап жазған еңбектері онша көп емес, бірақ тюркология ғылымы алдында оның ашқан жаңалығы, табысы аса ірі жетістік деп бағаланды. Ғалым ежелгі түркі жазуларының сырын ашып, оны оқумен ғана қанағаттанып қойған жоқ, ол сондай-ақ бірсыпыра Орхон ескерткіштерінің аудармаларын жасап, кезінде оны жұртшылықпен кеңінен таныстырды. Оның көне түркі ескерткіштері жөнінде екінші еңбегі 1896 жылы Гельсингфорг қаласында жарық көрді. Ол өз еңбегінде Орхон-Енисей алфавиті, дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы,



Орхон алфавитінің пайда болуы, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бір-бірінен ажырататын қос нүкте т.б. жөнінде деректер берді. Сонымен бірге ғалымның бұл еңбегінде VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары мен олардың әдет-ғұрыптары жөнінде қыруар мәліметтер берілді.

Көне түркі жазуларын жете тексеріп, оны зерттеуге айрықша көңіл бөлген ғалымдардың бірі – В.В. Радлов. Ол бірінші болып Күлтегін мен Білге қаған (Могилян) ескерткіштерінің аудармаларын жасады. 1894-1895 жылдары Қошо-Цайдам, Онгин және басқа да бірсыпыра үлкенді-кішілі ескерткіштердің аудармаларын жасап, бастырып шығарды. Оның көптеген еңбектері Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктеріне арналды. Көне түркі ескерткіштерін зерттеу үстінде В. Радловтың оның тілінің біркелкі емес, оның құрамында говорлардың іздері бар екендігін одан әрі анықтай түсті. Ол өзінің 1912 жылғы «Түркі ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінде ескерткіштер тілінде үш диалектілік ерекшеліктер бар деген тоқтамға келеді. Олар:

1. Ежелгі солтүстік диалектісі (Бұған, сірә, түркі тілдерін жатқызады).

2. Ежелгі оңтүстік диалектісі (Оған ұйғыр тілін жатқызады).

3. Аралас диалектісі (Бұған батыс және шығыс көне түркі тілдерін жатқызады.)

В.В. Радлов Орхон-Енисей ескерткіштері тілін зерттеуде елеулі еңбек сіңірді. Бұған С.Е. Маловтың «Академик В.В. Радлов дал все, что он мог дать и дал он очень много. Мало того, не всем известно все то, что осталось не печатанным самим Радловым»<sup>1</sup> деген сөзі толық дәлел бола алады. Тюркология тарихында ХІХ ғасырдың бас кезі Радлов дәуірі деп аталуының да өзіндік сыры бар.

Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеуге үлес қосқан орыс ғалымдарының бірі – П.М. Мелиоранский. Ол өзінің

<sup>1</sup> Малов С. Е. Памятник древнетюркской письменности, М., Л., 102-бет.



қысқа ғұмыры ішінде 40-тан аса еңбек жазып қалдырды. Сол еңбектерінің жартысынан көбі тюркология мәселелеріне арналған. Бұлардың ішінде ең шоктығы биігі – Күлтегін ескерткішін зерттеген еңбегі. Ол 140 беттен тұрады. Оның кіріспе бөлімінде (1-15-беттер, ескерткіштің зерттелуі мен түркі тайпаларының тарихы, этнографиясы жөнінде қыруар деректер берілген. Кіріспеден кейін ескерткіштің дыбыстық ерекшеліктері, дауысты (15-2 беттер) және дауыссыз дыбыстардың (24-25-беттер) қолданылуы, үндестік заңы (18-бет) т.б. жөнінде бірсыпыра мәліметтер келтірілген. Бұдан кейін ғалым ескерткіштің лексикалы (45-60-беттер) ерекшеліктері мен Күлтегіннің орысша аудармасы, транскрипциясына (60-79-беттер) біраз көңіл бөледі. Еңбектің соңғы беттері (129-140-беттер) ескерткішке байланысты ескертпелерге арналған. П.М. Мелиоранскийдің еңбектерін Н.Ф. Катанов өте жоғары бағалады.

Енисей, Орхон және Талас жазу ескерткіштеріне арнап В. Радлов, В. Томсен, П.М. Мелиоранский, В. Баргольд, А.Н. Бернштам, С.Е. Малов, С.В. Киселев, И.А. Батманов, Х.Н. Оркун, В. Банг, В.Л. Котвич, Г.И. Рамстед сияқты ұлы ғалымдар көптеген еңбектер жазды. Бірақ бұған карап VI-VIII ғасырларда Енисей, Орхон және Талас жазу ескерткіштері жаң-жақты түгелдей зерттеліп бітті деген ұғым тұмауға тиіс. Өйткені өз еңбегінің денін осы ескерткіштерге арнаған С.Е. Маловтың «Мен қолымнан келгенін ғана істедім. Ал алда бұл салада істелетін жұмыстар әлі де қыруар»<sup>1</sup> деген сөзі әлі де күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

---

<sup>1</sup> Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. Изд. АН СССР. М. Л., 1952,



## II. ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Географиялық, тілдік және графикалық ерекшеліктеріне қарай көне түркі ескерткіштері төмендегідей үш үлкен топқа бөлінеді:

1. Енисей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері.
3. Орхон ескерткіштері.

### 1. Енисей ескерткіштері

Енисей ескерткіштері қатарына: Енисей<sup>1</sup> өзені, Тува автономиялы республикасы, Алтай, Хакас автономиялы облысы мен Краснояр әлкесі территориясынан табылған бірсыпыра ірілі-уақты ескерткіштер жатады. Қазір Енисей ескерткіштерінің жалпы саны 145-ке жетіп отыр. Оларды әркімдер әр уақытта жоғарыда аталған территориядан тауып алып отырған. Атап айтқанда, мұндай ескерткіштерді алғаш тапқандардың ішінде Ошурков (тағы басқалары), Мессершмидт (1721 жылы), Кастрен (1847 жылы), Костров (1757 жылы), Корчаков (1878 жылы), Кузнецов (1885 жылы), Клеменц (1886 жылы), Савенков, Проскуряков, Рамстедт (1900 жылы), Андрианов (1915 жылы) сияқты ғалымдар мен әр түрлі мамандық өкілдері бар. Сондай-ақ ескерткіштерді іздестіріп табуға көптеген елдердің ғылыми қоғамдары ұйымдастырған экспедициялар да елеулі үлес қосты.

Енисей ескерткіштері көлемі жағынан өте шағын, олардың ең үлкені 10-15 жолдан, кішілері бір, екі, үш жолдардан тұрады. Олардың бірқатары Хакас автономиялы облысындағы Минусинск қаласында (М. Мартьянов атындағы музейде), Тува АССР-інің Қызыл қаласындағы өлкетану музейінде, Ленинград қаласындағы антропология және этнография музейінде,

---

<sup>1</sup> Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. Изд. АН СССР. М. Л, 1952, 3-бет.



Финляндияның Хельсинки музейінде және т.б. жерлерде сақтаулы тұр.

Қолдану мерзімі жағынан Енисей ескерткіштері түркі жазбаларының ең көнесі, ол шамамен V-VII ғасырларды қамтиды.

1887-1888 жылдары Ж.Аспелин бастаған фин ғалымдары Енисей өзені аңғарына барып, ескерткіштерді өз жерінде зерттеп қайтты. Ол екі экспедиция материалдары 1889 жылдары «Енисей жазбалары» деген атпен жеке еңбек болып жарияланды. Бұдан кейін 1890 жылы Г. Гейкель және 1891 жылы В. Радлов басқарған экспедициялар да Енисей өзендері бойларына барып, ескерткіштерді өз көздерімен көріп, зерттеп қайтты. Экспедиция материалдары да арнайы өз алдына еңбек болып жарық көрді.

Енисей ескерткіштері материалдарын оқып, транскрипцияларын жасап, оларды жариялауда В. Радлов, В. Томсен, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, Х.Н. Оркун, В. Л. Котвич және тағы басқа ғалымдар елеулі еңбек етті.

1959 жылы И.А. Батманов Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктеріне байланысты «Енисей көне түркі ескерткіштерінің тілі» атты еңбек жазды.

## 2. Талас жазу ескерткіштері

Талас жазу ескерткіштері қатарына Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады.

Талас өзені бойындағы Айыртам-Ой дейтін жерден (қазіргі Жамбыл облысы) 189 жылы Әулие Ата уезінің бастығы В.А. Каллаур ғылымға үлкен жаңалық боп енген жазуы бар тас тауып алды. Бұл ескерткішті бұдан кейін Г. Гейкель қарап шықты. Оның аудармасын В. Радлов (1899), Ю. Немец (1926), С.Е. Малов (1928), Х.Н. Оркун (1930) жасады.

Екінші ескерткіш 1898 жылы Талас өзені бойындағы Дмитриевск селосы маңынан (М. Е. Массонның көрсетуі бойынша



бірінші ескерткіштен 500 кадамдай жерден) табылды. Екінші ескерткіштің аудармасын жасап, жариялағандар: П.М. Мелиоранский, Ю. Немер, С.Е. Малов және Х. Н. Оркун.

Үшінші ескерткіш те 1898 жылы осы маңнан табылды. Аудармаларын Ю. Немер (1926), С.Е. Малов (1936) және Х.Н. Оркун (1939) жасады.

Төртінші, бесінші және алтыншы ескерткіштер де осы жылдары табылды. Бұл ескерткіштердің аудармаларын жасап, жариялауда П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов, Ю. Немер және т.б. ғалымдар елеулі еңбек етті.

1932 жылға дейінгі табылған Талас ескерткіштерінің бүкіл саны алтау болатын. Кейінгі кездері И.А. Батманов бастаған бір топ қырғыз ғалымдары Талас өзені бойында түрлі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1961 жылы археолог-топограф П.Н. Кожмяко Талас өзені бойынан төрт жолдан тұратын жаңа бір ескерткіш тапты. Дәл сол жылы Қырғыз ССР Ғылым академиясы ұйымдастырған экспедиция мүшелері тағы да жаңа үш ескерткіш тауып, Талас ескерткіштерінің санын арттыра түсті.

И.А. Батманов бұрынғы және кейінгі кездерде табылған Талас ескерткіштерін одан әрі арнайы зерттеп, өз алдына кітапша етіп шығарды. Ескерткіштерді зерттеушілердің топшылауы бойынша Талас жазба ескерткіштері VIII ғасырды қамтиды. Талас ескерткіштерінің басқа Орхон, Енисей ескерткіштеріне карағанда, өзінің кейбір графикалық ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Өз еңбектерінің басым көпшілігін осы ескерткіштерге арнаған П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд Талас ескерткіштерін Енисей жазба нұсқаларына жақын деген пікірді қуаттайды. Мұны С.Б. Киселев те жақтап шықты.

### **3. Орхон ескерткіштері**

Орхон ескерткіштері қатарына VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Ми-



нусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған (Могилян), Күлтегін, Тоникук, Мойын Чор, Күлі Чор, Суджы және т.б. бірқатар ескерткіштер жатады.

Енді төменде сол Орхон ескерткіштерінің кейбіреулеріне қысқаша тоқталып өтелік:

### **Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші**

Ескерткішті 1891 жылы Монғолиядағы Онгин өзені бойынан тапқан – Н.Я. Ядринцев. Жазба нұсқа – Орхон ескерткіштерінің ішіндегі ең көне ескерткіштердің бірі. Мұнда екінші Түркі қағанатын қайтадан қалпына келтірген Ілтеріс (Құтлығ) қаған мен оның әйелі Ілбілге қатын жөнінде әңгіме болады.

Ілтеріс (Құтлығ) қаған – аты дүниеге әйгілі болған қолбасшы Күлтегін мен Білге қағанның әкесі. Ескерткіште Құтлығ қағанның, Білге қағанның және Күлтегіннің жорықтары туралы қызықты мағлұматтар беріледі. Бұл ескерткіштің басқа Орхон ескерткіштеріне қарағанда бірсыпыра графикалық ерекшеліктері бар.

### **Білге қаған (Могилян) ескерткіші**

1889 жылы Монғолиядағы Орхон өзені бойындағы көне Эрдени Цэу монастырының жанынан тапқан да – Н.Я. Ядринцев. Ескерткіштегі оқиғалар Күлтегін ескерткішімен дәлме-дәл келеді. Жазба Білге қағанға (Могилянға) арналған. Білге қаған - Қапаған қаған қайтыс болғаннан соң қағандық таққа отырған Құтлығ қағанның үлкен ұлы. Ол 683 жылы туып, 734 жылы қайтыс болады. Жазба нұсқада сол дәуірдегі түркі тайпалары: оғыз, қыпшақ, қарлук, чік, чігіл, ұйғыр, татар т.б. жөнінде құнды деректер келтірілген. Білге қаған (Могилян) өз заманындағы ақылды қағандардың бірі болған. Түркі қағанатын нығайтуға елеулі үлес қосқан.

Ескерткіштегі жазуды жазған қағанның туысы – Иоллығ тегін деген кісі.



### **Күлтегін ескерткіші**

Ескерткіш Білге қаған ескерткішімен бір кезде табылған. Күлтегін – Құтлығ қағанның кіші ұлы. Талай жорықты бастан өткерген кәнігі қолбасшы. Білге қағанның ел басқарудағы серігі, оң қолы. Ескерткіште Түркі қағанатын нығайту барысындағы Күлтегіннің атқарған ролі ерекше баяндалған.

Күлтегін 731 жылдың 27 февраль күні 47 жасында қайтыс болды. Оған көңіл айтуға көптеген жерден елшілер келді. Күлтегіннің өлімі ағасы Білге қағанға қатты батты. «Інім Күлтегін қайтыс болды, өзім қатты ойландым. Көрер көзім көрместей, білер білігім білместей болды. Өзім көп ойландым. Уақыт өз дегенін істейді, кісі баласы тек өлгелі жаралған ғой» деп қатты қайғырады.

### **Тоникук ескерткіші**

Ескерткішті Д.Клеменц 1897 жылы Селенгі өзені бойынан тапқан.

Тоникук – үш қағанның, 692 жылы қайтыс болған Құтлығтың, 716 жылы қайтыс болған Қапағанның және 734 жылы қайтыс болған Білге қағанның әскери кеңесшісі. Табғаш елінде оқып, тәлім-тәрбие, әскери білім алған кісі. Білге қағанның қайын атасы. Көп жасаған. Бірақ қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Кейбір тарихи деректерге сүйенсек, 716 жылдан кейін қайтыс болды деп шамалауға болады. Ескерткіштегі жазуды жазған Тоникуқтың өзі. Ол жөнінде ескерткіштің соңында сөз болады.

### **Күлі Чор ескерткіші**

Ескерткішті 1912 жылы Монғолияның Ихе-Хушоту деген жерінен тапқан – В.Л. Котвич. Ескерткіш тардұш тайпасының көсемі, Күлтегін мен Білге қағанның замандасы Күлі Чорға арналған. Мұнда да түркі тайпалары жөнінде көптеген құнды деректер бар. Күлі Чордың қашан, қай жерде қайтыс болғаны белгісіз. Бірақ ескерткіште «Ұлы- Күлі Чор сексен жасап қайтыс болды» деген сөйлем кездеседі.



## Мойын Чор ескерткіші

Ескерткішті 1909 жылы Селенгі өзені бойынан тапқан Г.И. Рамстедт. Ескерткіш ұйғыр мемлекетінің ең ілкі қағаны Мойын-Чорға арналған. Ол 745 жыл Түркі қағаны Озмыш тегінді өлтіріп, түркі қағанатын біржолата құлатады. Селенгі өзені бойынан тұңғыш ұйғыр қағанатын орнатып, көптеген қалалар мен сарай салдырады. Оның қабырғаларына өз жорықтары туралы жазулар жазып қалдырады.

Орхон ескерткіштері қатарына бұдан да басқа да бірнеше ұсақ ескерткіштер кіреді.

### I ТАРАУ

#### ФОНЕТИКА

Ерте заман жазба ескерткіштерінің тілін зерттегенде оның жазуының ерекшеліктері мен тарихын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ретте, алдымен жазу қолтума ма, немесе өзге жұрттық па, белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін бере ала ма, қандай тілдік өзгерістерге ұшыраған дегендей мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді.

Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштерінің түрі туралы сөз қозғаудан бұрын, онда қолданылған алфавит жайын айта кеткен орынды. Түркі тілдің тарихындағы ең алғашқы алфавит осы жазулар алфавиті болып есептелінеді. Енисей, Орхон және Талас жазуларының тарихи тамыры мен оның таралу жолдары жөнінде күні бүгінге дейінгі бір ізділік жоқ. Орхон Енисей алфавитінің шығуы, түп-төркіні жөнінде тюрколог ғалымдар арасында бірталай талас пікірлер бар. В. Томсен, В. Радлов, С.П. Толстов, П. Мелиоранский, О. Доннер, Е. Блоше – Орхон-Енисей жазуының әріптерін арамей жазуынан таралған деп қарайды. Онда ол араб жазуымен негізінен ұшырап шығады. Ғалымдардың айтуынша, арамей әріптері көне еврей, сирия

атындағы ПМУ-дің  
академик С.Бейсембаев  
атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ



алфавитімен бірге финикия жазуының негізінде пайда болған. Осыған орай В. Радлов, С.В. Киселев және И.А. Батманов жазуды шығыстан емес, батыстан келген болуы керек деп топшыласа, тарихшы С.Г. Кляшторный бұл алфавитті Орта Азияға арамей алфавитін қолданған иран тілді батыс көршілерден ауысуы ықтимал, әсіресе, «Дуньхуандық көне соғды» алфавиті негізінде пайда болған» деген пікірді қуаттайды.

Г.И. Спасский, М.А. Кастрен және Г. Вамбери Енисей шатқалдарынан табылған жазуларды Сібір татарларының ру таңбаларымен сәйкес алып қарады.

Бұл пікірді Н.А. Аристов пен Н.Г. Малницкий де қостады.

П.М. Мелиоранский Енисей және Талас жазулары таңбалар негізінде пайда болды деген пікірді сынай отырса да, көне түркі таңбалары осы жазу үлгілерінің негізі болуы мүмкін деген пікірді мүлде теріске шығармайды.

Г. Вамбери Орхон-Енисей алфавитінің ерекшеліктері жөнінде айта келіп: «бұл алфавит ықшамды емес, сондықтан VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін зерттеу мүмкін емес» деп қарады.

П. Мелиоранский болса, керісінше, Енисей, Орхон және Талас алфавитін сол кездегі «түркі тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген, түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған» деп бағалады.

Түркі халықтары қолданған ұйғыр, араб жазуларымен салыстыра отырып, В.В. Бартольд түркі тайпаларының Орхон-Енисей алфавитін кең түрде пайдаланғанын, оның үндестік жағынан ұйғыр, араб алфавитінен әлдеқайда тиімді екендігін атап өтеді.

Жоғарыда аталған жазулардың ең ескісі – Талас жазба ескерткіштері. В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов сияқты ғалымдар Орхон жазуымен салыстырғанда Енисей жазуы әлдеқайда көне деп есептейді. Бұл жөнінде И.А. Батманов былай деп жазды: «Они имеют лишь стилистические отличия,



связанные с тем, что енисейские памятники отражают более архаичную разновидность букв, а орхонские - более позднее, характеризуются отработанным изображением, эволюционировавшим около двухсот лет». Енисей, Орхон және Талас жазуы сонау Табғаш іргесінен басталып Орта Азия мен Венгрия жеріне дейін тарап кең жайылған. Осыған орай бұл жазулардың өзара толып жатқан ұқсастық жақтарымен қатар олардың арасында жазылу (графикалық) ерекшеліктері де кездеседі. Солай бола тұрса да, Енисей, Орхон және Талас жазулары қалай болса, солай оқыла беретін жеңіл-желпі жүйесіз жазу емес. Оны кез келген кісі оқи алмайды. Оның өзіндік фонетикалық ерекшеліктері бар: таңбалардың бір-бірімен тіркес келетін де, келмейтін де ерекшеліктері болады, жазуда әрбір дыбыс кем дегенде бір, не болмаса әлденеше таңбалар арқылы беріледі. К дыбысы  $\blacktriangleleft \blacktriangleright \blacktriangledown \blacktriangleup$  таңбалары арқылы берілсе, и дыбысы тек бір-ақ таңба арқылы беріледі. Ал керісінше кейбір дыбыс тіркестері бір таңба арқылы ғана беріледі. Мысалы, *лт* –  $\blacksquare$ , *нч* –  $\blacktriangleright$ , *нт* –  $\bullet$ , *баш* –  $\text{X}$  ✕

Кейбір дауыссыз дыбыстардың таңбасы жуан айтылатын дауыстылармен тіркесіп келгенде бір түрлі, жіңішке айтылатын дауыстылармен тіркесіп келгенде екінші түрлі болып өзгеріп отырады.

### Алфавит

Көне түркі жазба ескерткіштері алфавиті төмендегідей таңбалардан құралады. Олар мыналар:

Таңбалар		Әріптік мәні
Орхон жазуында	Енисей және Талас жазуында	



Ѕ	Ѕ	Аа
Ј	Ј	Ее
А	А	Бб
Б	Б	Бь бь
В	В	Гг
Г	Г	Дд
Д	Д	Дь дь
Е	Е	Зз
Ж	Ж	Ыы Іі
З	З	Йй
И	И	Иь иь
Й	Й	Кк
К	К	Кк
Л	Л	Лл
М	М	Ль ль
Н	Н	Лт лт
О	О	Мм
П	П	Нн
Р	Р	Нь нь
С	С	Н
Т	Т	Ни ни
У	У	Нт нт
Ф	Ф	
Х	Х	
Ц	Ц	
Ч	Ч	
Ш	Ш	
Щ	Щ	



3	3 { 2 3	НЧ нч
>>	>><	Оо Уу
МНН	МНН	Өө Үү
1	1	Пп
4Ү	4ҮИ	Рр
Т	ТЛ	Рь рь
Ү	ҮҮ	Сс
1	1	Сь сь
↑	↑ ^ ∽ ↑ ^	Тт
н	н н н	ТЬ ть
ЛҮ	ЛҮ	Чч
ҰҮО	ҰҮК ЧН ^ О О	Шш
⊗	⊗ ∅	баш
•	•	Бөлу белгісі

Жоғарыдағы Енисей, Орхон және Талас алфавиті төмендегі топтағы таңбаларға бөлінеді:

1. Дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар
2. Қос дауыссыздарды (жуан және жіңішке дауыссыздарды) көрсететін таңбалар
3. Дара дауыссыздарды көрсететін таңбалар
4. Дыбыс тіркестерін көрсететін таңбалар
5. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бөлетін таңба

Төменде осы топтағы таңбалардың әрбіріне жеке тоқталамыз.



## Дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар

Енисей, Орхон және Талас жазуларындағы төрт таңба түркі тілдеріндегі сегіз дауысты дыбыстардың орнына қолданылады.

Таңбалар		Әріптік мәні
Орхон жазуларында	Енисей және Талас жазуларында	
𐰇	𐰇 𐰈 𐰉	Аа, Ее (Ээ)
𐰊	𐰊 𐰋	Ыы, Іі
𐰌	𐰌 𐰍 𐰎	Оо, Уу
𐰏	𐰏 𐰐 𐰑	Өө, Үү

Әрбір дауысты дыбыстың төмендегідей ерекшеліктері бар.

**𐰇 𐰈 𐰉 𐰊** – қазақ тіліндегі екі дауысты: езулік тіл арты «а» және тіл алды «е» дыбыстарының орнына қолданылады.

Текстерде сөз басында және сөз ортасында а, е, дауыстылары өте сирек кездеседі. Олар тек төмендегідей бірен-саран сөздерде ғана жазылады.

Сөз басында:

𐰇𐰇𐰇

*ачсық* – аш

𐰇𐰇𐰇𐰇

*атын* – оның атын

Сөз ортасында:

𐰇𐰇𐰇

*апам* – менің апам

Көпшілік жағдайда а, е дауыстылары сөз басында кездеспейді, бірақ оқуда олар ескеріледі.

*а* сөз басында:

𐰇𐰇𐰇

*адаг, адақ* – аяқ

𐰇𐰇𐰇

*адгыр* – айғыр

𐰇𐰇𐰇𐰇

*айгучы* – кеңесші

𐰇𐰇𐰇

*аныг* – жаман, қабаған



1J

али – алын, күшті

а сөз ортасында:

2YH

қаған – қаған

ГYD

йағы – жау, дұшпан

Y6

тағ – тау

ГJ66

татабы – татабылар

AYT

ығач – ағаш

а сөз соңында:

J3>J

бунча – осынша

JJ4D

йазықа – жазыққа

J64

йолта – жолда

J6>J

бұқа – бұқа

J3H4

азғұна – азғана

е сөз басында:

2

еб – үй

HEX

едгү – игі, жақсы

ГH4Г3

екінті – екінші

IKT

Ертіс – Ертіс

Г3Y4

ең ілк – ең ілкі (алғашқы)

е сөз ортасында:

T9 TГ9

йір, йер – жер

7EK

емгек – еңбек

TH

тер – тер

4X2

бедіз – ою, өрнек

471

секіз – сегіз

е сөз соңында:

J6YГ2

білге – білгіш, дана

JYTГ2

бірле – бірге

J49

йеме – және, тағы да

JY3

кече – кеше, өте

JH

не – не



**ГІ** – казак тіліндегі екі дауысты: қысаң езулік, тіл алды «ы» және тіл алды «і» дауысты дыбыстарының орнына қолданылады. Сөздің барлық шенінде келе береді.

ы сөз басында:

↓ ыГ	ыдуқ – қасиетті
АҮ	ығач – ағаш
ѠГ: ыГ	ыт, ыд – жібер
НЧГ	ырақ – жырақ, алыс
УҮАГ	ычқын – ышқыну

ы сөз ортасында:

ҰГҮ: ҮГД	йыс, йыш – жиі, қалың, ну
ЈГҮ	йыл – жыл
ҮГЧ	арыз – таза, ару
НЧГД	қырқ – қырк
ЧНЧГС	қырық аз – қырк аз

ы сөз соңында:

ГѠ	аты – оның аты
Г↓Ч	азуқы – азығы
ГНЈГҮ	йылқы – жылқы
ГЧУД	йоры – жүр
ГЈ	алы – алын, ала

і сөз басында:

ЈТЛГ	ічре – ішке
ЭЕНГ	інгек – сиыр
ФНГ	іні – іні
ҮГ	іл, ел – ел, мемлекет, халық
ГХГ	іді – ие, қожасы

і сөз ортасында:

ЧГЭ	біз – біз
ЈТІЭ	кісре – кейің, соң
ЭЭЭ	кййік – киік
ГІГЭ	кісі – кісі
ЭГН	тік – тік



*i* сөз соңында:

ГЭ	<i>екі</i> – <i>екі</i>
ГҮНӘ	<i>бөрі</i> – <i>бері</i>
ГҮТҮ	<i>йерчі</i> – <i>жершіл</i>
ГХГ	<i>іді</i> – <i>ие</i>
ГЭТҮГ	<i>ічрекі</i> – <i>іштегі</i>

**ҮНН** – казак тіліндегі *екі* дауысты: жіңішке, тіл алды, ашық еріндік «ө» және жіңішке, тіл алды, қысаң ү дауысты дыбыстарының орнына жұмсалады. Тексттерде ө дыбысы тек сөз басында және бірінші буындарда ғана жазылады.

*ө* сөз басында:

ХН	<i>өд</i> – <i>уақыт</i>
ҺН	<i>өз</i> – <i>өз</i>
ГҮЕҮН	<i>өлгелі</i> – <i>өлгелі</i>
ҺТН	<i>өрт</i> – <i>өрт</i>
ҺҒНН	<i>өкүн</i> – <i>өкін</i>

*ө* сөздің бірінші буынында:

ҮЕҮНД	<i>чөлліг</i> – <i>шөлдік</i>
ЭНЭ	<i>көк</i> – <i>көк</i>
ҮҒНЭ	<i>көңүл</i> – <i>көңіл, жүрек</i>
ҺТНҺ	<i>төрг</i> – <i>төрт</i>
ҒНТНҺ	<i>төрүг</i> – <i>заңды, өкіметті</i>

Жоғарғы таңба ү дауысты дыбыс орнына жұмсалғанда жіңішке сөздердің барлық шенінде кездесе береді.

*ү* сөз басында:

ДН	<i>үч</i> – <i>үш</i>
ҺДН	<i>үчүн</i> – <i>үшін</i>
ҒЕН	<i>үгүз</i> – <i>өзен</i>
ДНН	<i>үзе</i> – <i>үсті, үстіне</i>

*ү* сөз ортасында:

ДМЭ	<i>күн</i> – <i>күн</i>
ҺГМҺ	<i>түпүт</i> – <i>тибет</i>



ЕГЛМІ

сүчиг – төггі

ЧНННВ

кунтүз – күндіз

КТНН

түрк – түркі

ү сөз соңында:

НЭ

кү – дыбыс, хабар, сес

НІ

сү – әскер

НЄХ

едгү – игі, жақсы

КТНЭ

көрү – көре, көріп

НТЄҮГ

ілгерү – ілгері, шығысқа

Енисей, Орхон және Талас ескерткіштерінде және сөз ортасында дауысты дыбыстар өте сирек жазылады. Бұған қарағанда ескерткіштердегі сөздер дауыссыз дыбыстарға негізделген. Өйткені, сөздердің жуан, жіңішке екендігін қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан, не жіңішкелігіне қарай ажыратамыз. Сөз мағынасын ажыратуда дауыссыздар үлкен роль атқарады.

Бұған үлгі түрінде біз төменде Онгин (Кұтлығ қаған) ескерткішкішін ұсынбақшымыз.

жазу үлгісі:

: |\*ʔГD : |\*|D : ʔЧJ>X : КТНН : )ʔН)Г\*9 : Ч\*JГ : Ч\*МЛ (1)

: |\*ʔЛГ : |\*КГDҮ : JТІЭ : J\*J\*J>J>J : J>D)НJ> : |\*|D : |\*DD

...|\*ҮЛН

: ННЭ : JТЧН : )\*J>JТНН : |\*XГ : Г)ʔЛГ : Н)ʔН : JXJ)ʔН (2)

: JНЛʔJ\* : JʔТX : ГЄН : JЧН)ʔD)ННЭ : JТІЭ : JЧН)ʔ>\*

... (JЄНJН)ҮГ9 : J94D

: |\*4D : >J>D : JDГ\* : )\*J>J : ʔТНН : Г\*J|D : J\*J>J : НТ : JJ (3)

: Н9Н : НЧ\*ТJ>D : Н9Н : НЧ\*КГ9 : )\*J>JТНН : ГНТ

...|\*ТТН : ГТЧН : JЧН

: J4J| : ГJʔ> : >ʔD : |\*КҮ : \*⊙JГD : JЧҮ : )ʔН)ТКҮ : )ʔГН (4)

: )Н4\* : )ʔ\* : J4J| : JЄҮX : ГНГ : JʔD : 4>Л)ʔ\* : \*

... : \*Г\* : \*Л : |\*К9 : JX : ʔJʔ\*D

: ГʔD : НТГК9 : J4 : (?) Чʔ>Є\* : J94D : J\*ЛʔJ\* : >D (5)

: ЄІГ : |\*4>D : J⊙ : Н9 : НʔТЧН : JʔD : \*ЧН : |\*J>J

... : |\*ТX : НЛНЭ

: J⊙ : ʔ\*J| : |\*НJ4D : Н9Н : ЧНТX : ЄІГ : JЭ : НʔГТЧН (6)

: BxX : |\*ТГʔD : Є\* : Чʔ> : ЧН>\* : J\*J>J>J : |\*ТX

...4>D : НʔТЧН : |\*Т



: 1\*TTK : \*HYMI : ГHTГ : €KTNB : €IЭMЗЧ : ЧГЭБЖЧЮD (7)  
...HЧ>↓ : H9K : ЧЭЧ : ЧЭ : 1\*TTK : J\*TY€I : ГБ\*

: J⊙ : )»...H9K : )Ч\*J : HЭTЧK : 1\*HKM : J> : }I : \*CH (8)  
...J>I⊙ : JЧ\*ТЭ

транслитерациясы:

1. ЕЧҮМІЗ аПАМЫЗ ИаМЫН (БуМЫН) ҚаҒаН ТӨРТ  
БУЛЫҢЫҒ ҚЫСМЫС ИЫҒМЫС ИаИМЫС БаСМЫС ОЛ  
ҚаН ИОҚ БОЛТУҚДА КіСРЕ еЛ БІТМІС ыЧҚЫНМЫС  
ҚАЧЫШМЫС
2. ҚаҒаНладУҚ ҚаҒаНЫН ыЧҒЫНЫ ІДМіС ТҮРК БУДУН  
ӨНРЕ КҮН ТОҚСЫҚЫНА КіСРЕ КҮН БАТСЫҚЫНА  
ТеГІ БеРі –Е ТаБҒаЧҚА ИыРАИА ИЫШҚА ТеГЕ
3. АЛП еРІН БалБал ҚЫСДЫ ТҮРК БУДУН ИіТМеЗҮН  
ТеИіН ҮЗЕ ТеҢРІ ТеР еРМШС
4. ҚаПаҒаН еЛТеРіС ҚаҒаН еЛіНЕ ҚЫЛЫНТЫМ еЛ еТМІС  
ИаБҒУ ОҒЛЫ ЕСБАРА ТаМҒаН ЧОР (Н/С) БіЛГЕ еС-  
БАРА ТаМҒаН ТаРҚаН ИумҒылыҒ БеС ИетМіС еЧіМ  
аТыМ...
5. БУ ТаБҒаЧДА ИыРАИА БеГ ОҒуЗ аРА ИетІ еРеН ИаҒЫ  
БОЛМЫС ҚаНЫМ БаҒа ТеҢРІКеН ТеИІН аНТА ИОРЫ-  
МЫС ІСІГ КҮЧІН БеРМіС
6. ТеҢРІКеНКЕ ІСІГ БеРТІҢ ТеИІҢ ИаРЫЛҚаМЫС Сад  
аТыҒ аНТА БеРМіС БОЛТУҚДА ТОҚуЗ ОҒуЗ БеГ ИаҒЫ  
еРМіС БеДүК еРМіС ТеНРІКеН ИОРЫМЫС
7. ИаБЫЗ БаТ БіЗ аЗыҒ ҮКүСіК КӨРТіГ еРТІ СүЛеТіМТеР  
еРМіС еМТІ БеГЛеРіМЕ ТеР еРМіС БіЗ аЗ БіЗ ТеИіН  
ҚОРҚМЫС...
8. ҚаНЫМ Сад аНЧА ӨТүнМіС ТеҢРІКеН алМаЗуН  
ТеИІН... аНТА БеРМезіҢЕ ТаСЫЛМЫС...

транскрипциясы:

1. Ечүміз апамыз иамын (Бумын) қаған төрт булының қысмыс  
йығмыс йаймыс бамсыс, ол қан йок болтукда кісре иітміс  
ычғынмыс качышмыс



2. Қағанладук қағанын ыдмыс түри будун өңре күн тоқсықына кісре күн батсықына тегі беріе табғачқа йырайа йышқа тегі
3. алл ерен балбалы қысды... түрк будун аты йок болу берміс ерте түрк будун йітмезүн тейін йолук ермезүн тейін үзе теңрі тер ерміс...
4. Қапаған Елгеріс қаған еліңе қылыңтым. Ел етміс Иабғу Есбара тамған чор білге Есбара тамған тарқан йумғылығ бес йетміс ечим атым...
5. бу табғачда йырайа бег оғуз(?) йеті ерен йағы болмыс. Қаным баға теңрікен тейін анта йормыс ісіг күчін берміс.
6. теңрікенке ісіг бертің тейін йарылкамыс сад атығ анта берміс ботукда токуз оғуз бег йағы ерміс бедүк ерміс теңрікен йормыс...
7. йабыз бат біз азығ үкісіг көртіг ірті сүлетім тер ерміс емті беглеріме тер ерміс біз аз тейін қоркмыс...
8. Қаным сад анча өтүнміс теңрікен алмазун тейін.. будун анта бермезіңе тасылмыс...

текст:

оң жағындағы жазу (Oa)

: H I C H : Γ K Y 3 : Γ I N I : # M : # 3 J ) > ↓ : # X E K : Γ Δ J 3 : ↓ # H (1)  
 : # 3 3 Γ ↓ 3 . . . . ) 3 3 > 3 : λ 3 3 3 : Γ K T 3 . . . . : Γ 3 λ H : Γ E 3 : # 3 3 3 3  
 : 3 3 3 ↓ 4 > 3 . . . . # 3 3 D D : # 3 3 I 3 : # 3 3 3 D  
 : H 9 K : H # Γ λ # E K : I # J > 3 : Γ 3 D E 3 : Γ 4 H Γ 3 : 4 # K T T Y 3 (2)  
 : # E I T 3 : E λ M 3 E I : > ) H 3 : Γ H ) 3 H : Γ E Y Γ 3 : Γ T 4 K : # 3 3 H 3  
 : # B X E K : Γ 3 3 : # 3 3 3 ( 9 ) . . . : H λ M : H B X E K : 3 T I # T 4 3  
 : 1 J Δ 3 4 >  
 : Γ H ) 3 H : I T K Y : 1 4 > D J H : # X Y K M : Γ 3 : Γ # J 3 3 > : Γ # H Γ : Γ E K (3)  
 : # J # J 4 3 : Γ 3 3 3 H : Γ E Y Γ 3 : Γ T 4 K : ↓ 3 3 # J 4 D : ↓ 3 3 # J 4 3  
 : Γ E Y 3 : Γ 3 4 3 : Γ # 3 4 3 : Γ T 3 : # X Y K M : Γ 3 : H 9 K : # J # 4  
 : Γ H T 3 : E λ M 3 E I : Γ H 3 H E Y N : Γ 3 4 3 . . . : Γ ) 3 3 > 3 : 4 ) 3 H  
 : Γ 3 3 # ) 3 H 1 J : E Y λ M B : D 3 Γ K 9 : Γ H J Γ 9 : Γ M Y : ) H : Γ T 4 K : Γ 4 H (4)  
 : # 3 3 3 4 H : ) 4 3 4 > J : 4 3 > D : # λ 3 : E Y Γ 3 : 4 4 3 4 3 : > J 4 3  
 : Γ K T : T N T Γ 3 : λ . . . . X N : Γ T 4 K T 9 3 ( > 3 )



транслитерациясы:

1. ҚаМуҚ БалыҚа теГДІМ ҚУНЛаДЫМ алТЫМ СҮСІ КелТІ  
ҚаРаСын ИыҒДЫМ БеГІ ҚачДЫ. еРТІ ТаБҒач БУДУН...  
ТоҚыДЫМ ИыҒДЫМ БаСДЫМ ИаИДЫМ БУЗҚУНЧА...
2. КелүР еРТіМіз еКіН аРА Бег ИаҒы БолМыС ТеГМечіМіН ТейіН  
СаҚынТым ТеНРІ БіЛГЕ ҚаҒанҚА СаҚыНУ КҮЧіГ БерСеГім  
Бар еРМіС еРНіЧ ТекДүКуНҮЧүН... ИыҒДЫМ еБКЕ ТеГДүКүМ  
УРУШ ҚалыП...
3. ТеГіП ІНіМЕ ОҒЛЫМА ӨТледіМ ҚалиУРУП еЛТеРіС ҚаҒанҚА  
аДЫРылМаДуҚ ИаНылМаДуҚ ТеНРІ БіЛГЕ ҚаҒанТА  
аДЫРылМалым ТеЙІН анЧА ӨТледіМ Кері БарыҒМА БарДЫ  
БіЛГЕ ҚаҒаның БУДУНЫ... БарДЫ ӨлүГіН атҚа ІсіГ КҮЧіГ  
БерТІ
4. ҮЗЕ ТеНРІ Кан ЛуИ ИЫЛҚА ИетінЧ ай КҮЧіГ алП ҚаҒанымДа  
аДЫРыЛУ БарДЫмыЗ БіЛГЕ аТаЧым ИоҒын алур аҒыңын  
ҚазҒанТым СУБ Иер ТеНРІ ЕД... ТаБҒач КірүР еРТІ

транскрипциясы:

1. Қамук балықа тегдім кунладым алтым сүсі келті карасын  
йағдым бегі качды... ерті табғач будун.. токытдым, йығдым  
басдым йайдым.. бузкунча...
2. келүр ертіміз екін ара бег йағы болмыс тегмечімен тейін  
сақынтым теңрі білге қағанка сақыну есіг күчіг берсегім  
бар ерміс ерінч. Текдүкүн үчүн. йығдым ебке тегдүкім уруш  
кылып.
3. тегіп ініме оғлыма анча өтледім каліруп елтеріс қағанга  
адырулмадук теңрі білге қағанга адырылмалым азмалым  
тейін анча өтледім кері барығма берды білге қағаның  
будуны... барды үлегін атқа ісіг күчіг берті.
4. үзе теңрі кан луй йылқа йегтінч ай күчлүг алп қағанымда  
адырылу бардыңыз білге атачым йоғын алур ағаңын  
казғантым суб йер теңрі өд табғач кірүр ерті.

Жоғарыдан төмен (горизонталды) жазу (Об)



ТЕКСТ

ꞑꞑꞑ : €НГЯ : ГН(ꞑꞑꞑ) (1)

NEГЧЯ : ꞑꞑꞑ(ГГН) (2)

ꞑꞑꞑ : ꞑ(ꞑꞑꞑ) (3)

NY : ꞑꞑꞑ : ГЕУГЯ (4)

ГЕУЯ : ГНГГД (5)

(ꞑ)ННEX : ТЕУНВ (6)

ГНУН ꞑꞑꞑ (7)

транслитерациясы:

1. аТыЧыМҚА БіГіТ ТаШыҒ
2. ҚЫЛДЫМ БеҢіГҮ
3. ҚаҒаныМ аТаЧыМ
4. БіЛГЕ аТаЧыМ ЛҮ
5. ИЫЛҚА БіЛГЕ
6. КҮЛҮГ еР ЕДГҮ ҚаН
7. аТаЧЫМ ӨЛТІ

транскрипциясы:

1. атачым бітіг ташығ
  2. кылдым беңігү
  3. қағаным атачым
  4. білге атачым лү
  5. йылқа білге
  6. күлүг ер едгү қан
  7. атачым өлті
- айрықша тастағы жазу (Ос)

ГГГГ : ꞑꞑꞑꞑꞑ

транслитерациясы: еСБарА ТаРҚаН БалБалЫ

транскрипциясы: Есбара тарқан балбалы

Көне түркі жазуларындағы барлық дауыстылар қысқа дауыстылар. Созылыңқы дауыстылар онда байқалмайды. Өйткені, жазуда созылыңқы графикалық жақтарынан көрсетілмеген.



Қырғыз ғалымы Қ. Дыйқанов қазіргі түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстардың пайда болуын кейінгі кезде жеке тілдердің өз дамуына байланысты жағдай деп қарайды<sup>1</sup>. Д. Поливанов ұйғыр мен орхон жазуларынан басқа Махмуд Қашқари сөздігінде қысқа және созылыңқы дауыстыларының бар екендігін атап көрсетті<sup>2</sup>. Шет ел ғалымдарынан О.Н. Туна мен Т. Текин кейінгі кездері көне түркі жазуларындағы созылыңқы дауыстылар туралы мақалалар жазды. А.М. Щербак кейбір жағдай енисей, орхон жазуларында созылыңқы дауыстыларының бар екендігін графикалық жағынан да байқауға болады деп көрсетті. Ол үшін төмендегі сөздерді мысал түрінде көрсеттік:

ЮУЮ	йаагым – менің жауым
ЮАУ	аатым – менің атым
ЮАУ	баай – бай
АЮ	йааш – жас
ААА	тааш – тас
НІАУ	аачсық – аш
ААААА	аарқада – арқада, кейінде

### ДАУЫССЫЗДАР

Текстердегі дауыссыздар, төмендегідей үш топқа бөлінеді: Олар:

1. Жалаң дауыссыздар
2. Қос дауыссыздар
3. Дыбыс тіркестері

#### 1. Жалаң дауыссыздар

Жалаң дауыссыздардың қатарына жуан буынды сөздерде де, жіңішке буынды сөздерде де таңбалық бейнесі өзгермейтін төмендегідей алты дыбыс жатады.

<sup>1</sup> Дыйқанов К. Қырғыз тіліндегі үндүүлөр. Фрунзе. 1959, 54-63-беттер.

<sup>2</sup> Поливанов Д. К вопросу о долгих гласных в общетюркском праязыке. «ДАН СССР», 1927, 151 бет.



Таңбалар		Әріптік мәні
Орхон жазуында	Енисей, Талас жазуларында	
𐰇	𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 𐰇	Зз
𐰆	𐰆 𐰆 𐰆 𐰆 𐰆	Мм
𐰅	𐰅 𐰅	н
𐰄	𐰄	Пп
𐰃	𐰃 𐰃	Чч
𐰂	𐰂 𐰂 𐰂 𐰂 𐰂	Шш

### Жалаң дауыссыздардың колданылуы

𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 – ұяң з дыбысының орнына қолданылады. Сөздің басында кездеспейді. Сөздің ортасында және аяғында жиі жазылады:

з сөз ортасында:

𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 𐰇

йазықа – жазыққа

𐰇 𐰇 𐰇

узун – ұзын

𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 𐰇

барзун – барсын

𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 𐰇

бізінте – бізбен

𐰇 𐰇 𐰇

үзе – үсті, үстіне

з сөз соңында:

𐰇 𐰇 𐰇

боз – боз

𐰇 𐰇 𐰇

йабыз – жаман, жауыз

𐰇 𐰇 𐰇

йүз – жүз

𐰇 𐰇 𐰇 𐰇 𐰇

күнтүз – күндіз

𐰇 𐰇 𐰇

қыз – қыз

Енисей және Талас жазуларында з дыбысының түрлері де кездеседі:

size – сіз



сіз – сіз

атызым – менің игергенім

**А** – мұрын жолды сонор м дыбысының орнына қолданылады. Сөздің басында, ортасында және соңында жазыла береді:

м сөз басында:

**А**

маңа – маған

**М**

мен – мен

**М**

менің – менің

**М**

му – мы (шылау)

м сөз ортасында:

**М**

йымчақ – жұмсақ

**М**

йеме – және

**М**

күмүс – күміс

**М**

семіз – семіз

м сөз соңында:

**М**

елім – елім, менің елім

**М**

білігім – менің білігім

**М**

қаным – менің қаным

**М**

өзүм – менің өзім

**Н** – мұрын жолды сонор н дыбысының орнына жұмсалады. Сөздің ортасында және соңында жазылады.

н сөз ортасында:

**Н**

теңрі – тәңрі

**Н**

тыңла – тында

**Н**

өңре – алға

**Н**

буңад – мұнай

**Н**

сүңүс – соғыс

н сөз соңында:

**Н**

булуң – бұрыш

**Н**

буң – мұң, қайғы

**Н**

таң – таң, таңертең

**Н**

йалаң – жалаң



ҚНҢ

күң – күң

1 – шұғыл қатаң п дыбысы орнына жұмсалады. Сөздің басында кездеспейді, тек сөздің ортасында және соңында жазылады.

п сөз ортасында:

җ1

ана – апа, үлкен туыс

41

апар – аврлар

п сөз соңында:

1J

алп – алып, батыр

1JJ0

йаңылып – жаңылып

ЛҮ – қатаң аффрикаттық ч дыбысы орнына қолданылады.

Орын талғамайды. Сөздің барлық шенінде жазыла береді.

ч сөз басында:

JA

чаб – сөз, сөйлеу

YMA

чөл – шөл

D'Y'A

Чыгай – жер аты

3Y'GA

чықан – кедей, сараң

3GA

чик – чік тайпасы

HMYIG'AA

Чача сеун – елші аты

ч сөз ортасында:

HGAGX

бічін – мешін

GANENH

итгүчі – құрылысшы

EAG3

кічіг – кішкене

E'GANI

сүчіг – тәтті

HAN

үчүн – үшін

ч сөз соңында:

AN

қач – қанша, неше

AN

үч – үш

A'Y'30

табгач – табғаш

A'Y'G

ыгач – ағаш

AG3

быч – кес, піш

Текстерде кейде ч орнына Ү таңбасы да қолданылады.

С.Е. Малов бұл таңбаны ч дыбысының бір түрі ретінде қарайды.



Енді бір топ тюркологтар оны іч түрінде оқиды. Біздіңше, Е. Маловтың оқуы орынды деп есептейміз.

**ҰҮНЛ** – қатаң спирант *ш* дыбысының орнына қолданылады. Орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді.

Текстерде қатаң спирант *ш* орнына төмендегідей таңбалар қолданылады:

*ш* сөз басында:

**ШҰ** шад – қағаннан кейінгі шен

**ШУ** Шантуң – жер аты

**ШО** шег – шек (ара), алыс

*ш* сөз ортасында:

**АШ** аша – аса

**АШС** ашсыз – ассыз

**ЯШ** йашыл – жасыо

**КШ** кіші – кісі

**БШ** башлайу – бастап

*ш* сөз соңында:

**ЯШ** йаш – жас

**ОҒШ** оғуш – тайпа

**ҮКШ** үкүш – көп

**ТАШ** таш – тас

**ТАРШ** тардуш – тардуш

Тоникук ескерткішінде *ш* орнына *с* қолданылады.

**ТАБУСҒАН** – қоян

**ҚАБЫСАР** – қосылар

**ЙЫСҒАРУ** – тоғайға қарай

Мойын чор ескерткішінде *ш* орнына *да*, *с* орнына *да* бір таңба қолданылады:

**УЧ** барс – барыс

**СУ** суб – су

**САҚЫН** – ойланып

**САҚЫНМЫС** – ойланған

**ШАҢЫШ** – шаңыштым



ᠶᠡᠯᠦᠬᠦᠰᠢᠶᠢᠨ

йылқысын – жылқысын

ᠪᠠᠰᠢᠮᠤᠯ

басмыл – басмыл тайпасы

ᠶᠠᠰᠢ

йасы – жұмыр, тегіс

ᠰᠢᠴᠠ

сықа – сыға

ᠰᠢᠴᠢᠷ

сыңар – сыңар

ᠰᠢᠴᠢᠷᠠᠷᠢ

сыңару – жартысы, сыңары

ᠰᠣᠭᠳᠠᠬ

соғдақ – соғды халқы

## 2. Қос дауыссыздар

Енисей, Орхон және Талас жазуларында бір дыбыс кейде екі, кейде одан да көп таңбалар арқылы беріледі. Олардың бірі тек жуан сөздерде қолданылса, екіншісі тек жіңішке сөздерде ғана кездеседі. Төменде қос дауыссыздардың жуан және жіңішке түрлерін таблица арқылы береміз.

Жуан дауыссыздар		Жіңішке дауыссыздар	
таңбалар	әріптік мәні	таңбалар	әріптік мәні
ᠪᠪᠪᠪᠪᠪ	Бб(1)	ᠪᠪᠪᠪ	Вв бь (2)
ᠮᠮᠮᠮᠮᠮ	Гг (3)	ᠮᠮ	Гг (4)
ᠳᠳᠳᠳᠳᠳ	Дд (5)	ᠳᠳ	Дь дь (6)
ᠶᠶ	Йй(7)	ᠶᠶ	Иь иь (8)
ᠬᠬᠬᠬᠬᠬ	Ққ(9)	ᠬᠬᠬᠬᠬᠬ	Кк (10)
ᠯᠯᠯ	Лл (11)	ᠯᠯ	Ль ль (12)
ᠨᠨ	Нн (13)	ᠨᠨᠨᠨ	Нь нь(14)
ᠷᠷᠷ	Рр (15)	ᠷᠷ	Рь рь (16)
ᠰᠰ	Сс (17)	ᠰᠰ	Сь сь (18)
ᠲᠲᠲᠲᠲᠲ	Тт (19)	ᠲᠲᠲᠲ	ТЬ ть(20)



## Қос дауыссыздардың қолданылуы

**Б б** – шұғыл ұяң дыбыс. Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздің барлық шенінде жазыла береді.

сөз басында:

Б б

баңа – маған

Бу бу

буң – мұң-қайғы, мұң

Б б

батсық – батыс

Б б

бунча – сонша

Б б

бод – бой, дене, организм

сөз ортасында:

Б б

балбал – кісі тұрпатты тас

Б б

йаблақ – жамаң, теріс

Б б

обуты – оның ұяты

Б б

табысган – қоян

Б б

татабы – татабы, тайпасы

сөз соңында:

Б

аб – аң

Б б

саб – сөз

Б б

чаб – сөз

Б б

суб – су

**Б б** – Жіңішке түрі (2) жіңішке буынды сөздердің барлық шенінде кездесе береді.

сөз басында:

Б б

бен – мен

Б б

беңгү – мөңгі

Б б

бірле – бірге

Б б

бің – мың

Б б

бітіг – жазу, хат

сөз ортасында:

Б б

ебгүрү – үйге қарай

Б б

ебірү – айнала



**ЧГЯТЧН**

*тезербіз – кашамыз*

сөз соңында:

**Я**

*еб – үй*

**ГЯНТЯ**

*ергітебі – керуен*

*Ғ, ғ – ұяң, ызың дыбыс (3). Сөз басында кездеспейді. Жуан буынды сөздердің ортасында, не соңында жазылады:*

сөз ортасында:

**ГҮ**

*агы – қазына*

**ГҮУ**

*йагы – жау*

**)ҮН**

*қаған – қаған*

**)ЧГА**

*чықан – кедей*

**ЧҮУ**

*оғуз – оғыз*

сөз соңында:

**ҮГЭ**

*аныг – жаман, қабаған*

**ҮЧ**

*арыг – таза*

**ҮУД**

*йадаг – жаяу*

**ҮЛУ**

*улуғ – ұлық, үлкен*

**ҮЛӘ**

*атлыг – атты*

*ЕЛ Г, ғ – ұяң шұғыл дыбыс. (4). Жіңішке буынды сөздердің ортасында, не соңында жазылады.*

сөз ортасында:

**ЈЕҮГЯ**

*білге – білгіш, дана*

**ВЕЧГ**

*інгек – сиыр*

**ЈЕТМН**

*түргес – түргеш*

**ЧЕН**

*үгүз – өзен*

**ГЯ'ГЕУ**

*йегірмі – жиырма*

сөз соңында:

**ЕЯ**

*бег – бек*

**ЕҮГЯ**

*біліг – білік*

**ЕЛГЯ**

*кічіг – кішкене*

**ЕН**

*тег – қалай, ұқсас*

**ГЕҮМ**

*үлүг – үлес, бөлім*



}} Д, д – шұғыл ұяң дыбыс. Жуан (5) және жіңішке (6) түрлерінде кездеседі.

а) Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және соңында қолданылады.

д сөз ортасында:

Ү}}	адағ – аяқ
ЧҰ}}	адғыр – айғыр
Ү#D	йадағ – жаяу
↓}}Г	йдуқ – қасиетті
Г}}>↓	қоды – төмен

д сөз соңында

>D	бод – дене, бой, организм
}}>↓	қод – қой
}}>⚡	тод – той
}}Ү	шад – жоғарғы шен
}}Г	ыд – жібер

Б, б – жіңішке түрі (6) сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасында және соңында жазылады.

сөз ортасында:

ГхГ	іді – ие
ЧхҚ	бедіз – өрнек, ою
НхЧН	өңден – алдынан
НГх	едгү – игі, жақсы

сөз соңында:

хНҚ	бөд – так
хГГ	ідіг – жоғары көтер
хІ	есід – есіт
хН	ед – уақыт, шак мезгіл

D – Й, й – ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан (7) және жіңішке (8) түрлерінде кездеседі.

Жуан түрі (7) жуан буынды сөздердің барлық шенінде келе береді.

сөз басында:



ГҮD

йагы – жау

ГD

йана – және

ГD

йол – жол

ҰD

йаш – жас

ГЧD

йоқару – жоғары

сөз ортасында:

ГЧD

буйруқ – бұйрық

ГD

башлайу – бастап

ГD

йуйқа – жұқа

ГЧD

байрағ – байрақ, ту

ГD

улайу – жалғаса

сөз соңында:

D

бай – бай

D

умай – әйелдер кұдайы

D

талуй – телегей су, теңіз

↓ D H – Қ, қ – шұғыл катан дыбыс (9). Жуан сөздің барлық шенінде келе береді, орын талғамайды.

сөз басында:

ГH

қаны – қайда

ГH

қара – қара

HГD

қырқ – қырк

ГH

қары – қары, кәрі

ГD

қылын – қылын

сөз ортасында:

ГD

тоқуз – тоғыз

ГD

йоқару – жоғары

ГD

тоқры – тоқар

ГD

учдуқда – ұшқанда, өлгенде

сөз соңында:

H

барқ – үй

H

йаблақ – жаман, теріс

H

соғдақ – соғды

H

йымчақ – жұмсақ

H

адақ – аяқ



Текстерде қатаң шұғыл қ дыбысының орнына **НЗЈ↓** таңбалары қолданылады. Олар сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында келіп, кейде бірінің орнына бірі жұмсала береді. Бірақ олардың дауысты дыбыстармен тіркесуі барлық жерде бірдей емес. Алдыңғы екі таңба «а» дыбысымен тіркесуі барлық жерде бірдей емес. Алдыңғы екі таңба «а» дыбысымен тіркессе, үшінші, төртінші таңба және бесінші, алтыншы таңбалар «о, у» дыбыстарымен жиі тіркесіп келеді.

**К, к** – шұғыл қатаң дыбыс (10). Жіңішке сөздің барлық буынында келе береді. Орын талғамайды сөз басында.

**Қ**

*кійік* – киік

**Қ**

*кісі* – кіші

**Қ**

*кісре* – кейін, соң

**Қ**

*күмүш* – күміс

**Қ**

*кү* – хабар

сөз соңында:

**Қ**

*түрк* – түркі

**Қ**

*тезік* – төжік

**Қ**

*көк* – көк

**Л, л** – ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан (11) және жіңішке (12) түрлерінде кездеседі.

а) жуан түрі (11) жуан сөздердің барлық шенінде келе береді.

сөз басында:

**Л**

*лагзын* – шошқа

сөз ортасында:

**Л**

*алп* – алып, күшті

**Л**

*алтун* – алтын

**Л**

*алпагу* – шен

**Л**

*қалың* – қалың

сөз соңында:



ЈЈЈЈ

балбал – кісі тұрпатты тас

ЈГД

йыл – жыл

ЈҮД

йашыл – жасыл

ЈД

йол – жол

ЈН

қул – құл

б) Жіңішке түрі (12) жіңішке буынды сөздердің барлық шенінде жазыла береді.

сөз басында:

НМІТҮ

Лісүн – кісі аты

НҮ

лүй – ұлу

сөз ортасында:

ГЕҮЯ

білге – білгіш, дана

ЕҮГЯ

біліг – білік

НТЕҮГ

ілгеру – ілгері

ГҮМІ

сүле – соғыс

сөз соңында.

Ү:ҮГ

ел, іл – ел, мемлекет

ҮЯ

чөл – шөл

ҮГЯ

біл – біл

С) – Н, н – мұрын жолды сонор дыбыс. Жуан (13) және жіңішке (14) түрлерінде кездеседі.

а) жуан түрі (13) жуан буынды сөздердің ортасында және соңында жазыла береді.

сөз ортасында:

Г)Д

йана – және

Г)Н

қаны – қайда

З))

онынч – оныншы

Н)ЗЗ)Д

будыным – менің халкым

сөз соңында.

Н)Г)Д

алтун – алтын

Н)Ү)Д

йоган – жуан

Н)Н

қаган – қаған

Н)Г)Н

қатун – қатын



б) жіңішке түрі (14) жіңішке буынды сөздің барлық шенінде келе береді.

сөз басында:

н

не – не

неке

неке – неге

нең

нең – ештеңе, нәрсе

сөз ортасында.

іні

іні – іні

йүкүнті

йүкүнті – жүгінді

сіні

сіні – сені

інгек

інгек – сиыр

сөз соңында.

мен

мен – мен

мешін

бічін – мешін

сен

сен – сен

үшін

үчүн – үшін

Кейбір ескерткіштерде жуан «н» орнына жіңішке «нь» келетін жайттар да кездеседі.

Күлтегін ескерткішінде.

қонайын

қонайын – қонайын

сабын

сабын – сөзімен

алматын

алматын – алмадын

агын

агын – қазынасын, қымбатын

Тоникук ескерткішінде:

қаньңын

қаньңын – сенің қаныңды

болмайын

болмайын – болмайын

қысайын

қысайын – қысайын

ң – *P, p* – ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан (15) және жіңішке (16) түрлерінде кездеседі. Сөз басында жазылмайды.

Жуан түрі (15) жуан буынды сөздерді ортасында және соңында жазылады.

сөз ортасында:

ара

ара – ара



ҰЧ  
↓ ӨЧ  
НГЧ

арығ – таза, ару  
артуқ – артық  
арық – арық (семіз емес)

сөз соңында.

ЧЧ  
ЧІ  
ЧЈ  
ЧҮГЧ>D

аңар – оған  
апар – абар  
бар – бар  
йорысар – жүрсе

б) жіңішке түрі (16) жіңішке сөздің ортасында және соңында жазылады.

сөз ортасында:

ГТЧН  
НТМ  
ГҖТӨГҖ  
ГЛТҖ

теңрі – тәңрі  
өрт – өрт  
йегірмі – жиырма  
йірчі – жершіл

сөз соңында:

ТҮЄЯ  
ТГЯ  
ТГІ  
ТГН

беглер – бектер  
бір – бір  
есір – есір  
тір – дер, сөйлер

Үс, с – қатаң дыбыс. Жуан (17) және жіңішке (18) түрлерінде кездеседі.

а) Жуан түрі (17) жуан буынды сөздің басында, ортасында және соңында келе береді.

сөз басында:

ГЈЧ  
ГҮ  
ННҖ>Ү  
ГЛЈ>Ү

сабы – оның сөзі  
сан – сан  
соғдақ – соғды  
субча – судай

сөз ортасында:

ЧҮ)Ч  
ГІГҮD  
ЧҮЧЈ

сансыз – сансыз  
йағысы – оның жауы  
барсар – баса



**ҒҖҘ**

сөз соңында:

**ҘҘ**

**Ҙ**

*басды – басты*

*барс – барыс*

*бас – бас (етістік)*

**І Сь об** – жіңішке түрі (18) жіңішке сөздің барлық шенінде жазыла береді.

сөз басында:

**ҘҖІ**

**ҘҖІ**

**ҖІ**

**ІҖҖІ**

*семіз – семіз*

*сіңіл – сінлі*

*сү – әскер*

*сүңүс – соғыс*

сөз ортасында:

**ҖІ**

**ІҖҖІ**

**ҖІ**

*есі – оның жодасы*

*кісре – кейін, соң*

*ісіз – істі*

сөз соңында:

**ІҖ**

**ІҖҖҖ**

**ІҖҖ**

**ІҖҖҖҖ**

*бес – бес*

*төліс – төлеш*

*үкүс – көп*

*түргес – түргеш*

Текстерде жуан «с» орнына кейде жіңішке «сь» дыбысы да қолданылады. Мұндай алмасу сөздің барлық шенінде кездесе береді.

сөз басында.

**ҘҖІ**

**ҘҘҘ**

**ҒҖҖҖІ**

**ҒҖҘҘҖІ**

*сабыз – сөзді*

*саңа – саған*

*сымады – бұзбады*

*сыңарча – сыңарша*

сөз ортасында:

**ҒҖҘ**

**ҖҖІҘ**

*ағысы – оның қазынасы*

*ұдысықым – менің ұйқым*

сөз соңында:



|J>  
 I>B>  
 I>J>B

улус – улыс  
 ыдмыс – жіберген  
 болмыс – болған

Жоғарыдағыдай алмасулар тек қана түбір сөздерде емес, олар сондай-ақ қосымшаларда да кездесе береді:

а) тәуелді жалғаудың 3-жағында:

ГГМ  
 МГМГ  
 ГГЛ>УD  
 ГГМ

атысы – оның туысы  
 інісі – оның інісі  
 айгучысы – оның кеңесшісі  
 сүсі – оның әскері

б) болымсыздықты көрсететін қосымшалар:

ЧИЧ  
 ЧИ>>B  
 ЧИЧУQ  
 ЧИГХГ

ашсыз – ассыз  
 тонсыз – киімсіз  
 білігсіз – біліксіз  
 ідісіз – иесіз, қожасыз

в) шартты райда:

ТИУГQ  
 ЧИГЧ>D  
 ТИИ

білсер – білсе  
 йорысар – жүрсе  
 тісер – десе

B ^ – Т, т – қатаң дыбыс. Жуан (19) және жіңішке (20) түрлерінде кездеседі.

а) Жуан түрі (19) жуан буынды сөздің барлық шенінде келе береді.

сөз басында:

ЧB  
 ЧI>B  
 I>B  
 ЧI>B

таш – тас  
 тоқуз – тоғыз  
 тоқ – ток  
 торыз – торы

сөз ортасында:

ГB  
 НЧB>J  
 И>I>B  
 )>BИ

аты – оның аты  
 батсық – батыс  
 отуз – отыз  
 қатун – қатын



сөз соңында:

ᠠᠯᠠᠮ  
ᠲᠣᠬᠤᠮᠤ  
ᠲᠠᠨᠤᠲᠤ

*атлат* – аттан  
*тоқыт* – құрастыр  
*таңут* – таңу

б) жіңішке түрі (20) жіңішке буынды сөздің барлық шенінде кездесе береді.

сөз басында:

ᠲᠡᠨᠢ  
ᠲᠦᠷᠦᠬᠦ  
ᠲᠡᠬᠦᠲᠢ  
ᠲᠡᠭᠢᠷᠡ

*теңрі* – тәңрі  
*түрк* – түркі  
*төкті* – текті  
*тегіре* – айнала

сөз ортасында:

ᠲᠡᠨᠢ  
ᠲᠦᠷᠦᠬᠦ  
ᠲᠡᠬᠦᠲᠢ  
ᠲᠡᠭᠢᠷᠡ

*йеті* – жеті  
*өтру* – сол себепті  
*келті* – келді  
*Ертіс* – Ертіс

сөз соңында:

ᠡᠯᠲᠤ  
ᠡᠷᠲᠤ  
ᠲᠡᠷᠲᠤ  
ᠲᠦᠨᠦᠮᠤ

*елт* – апар  
*өрт* – өрт  
*төрт* – төрт  
*түпүт* – тибет

### 3. Дыбыс тіркестері

Текстерде бірнеше дыбыстар қосылып, бір таңба арқылы берілетін дыбыс тіркестері де кездеседі. Олар төмендегідей:

Таңбалар		Әріптік мәні
Орхон жазуында	Енисей және Талас жазуларында	
ᠮ ᠮ ᠮ	ᠮ ᠮ ᠮ	ЛТ лт НТ нт НЧ нч



мысалы:

𐰇𐰏	анча – қанша
𐰇𐰏𐰇𐰏	анта – онда
𐰇𐰏𐰏	болты – болды
𐰇𐰏𐰏𐰏	төртінч – төртінші

С.Е. Малов якут және чуваш тілдеріне арналған зерттеулерінде бұл құбылысты тілдің көне ерекшеліктеріне жатқызса<sup>1</sup> И.А. Батманов мұндай тіркестерді қазіргі кездегі бірқатар түркі тілдерінде кездесетін көне заман тілінің қалдығы деп қарайды<sup>2</sup>.

Кейбір сонор дыбыстардың қатаң дыбыстармен тіркесіп келу жайттары қазақ тілінде де кездесетіні байқалады.

### Буынның түрлері

Енисей, Орхон және Талас жазуларында өз ішінде дауыстылар мен дауыссыздардың өзара алмасып келуіне байланысты буынның төмендегідей түрлері кездеседі.

1. Жалғыз дауысты дыбыстан құралған буын:

𐰇 ы – ағаш

2. СУ<sup>3</sup> – дауыссыз және дауысты дыбыстан құралған:

𐰏𐰇 сү – өскер

𐰏𐰏 кү – хабар

𐰏𐰏 бу – бұл

𐰏𐰏 не – не

𐰏𐰏 ба – байлау

3. УС – дауысты және дауыссыздан құралған буын:

𐰏𐰇 аб – аң

𐰏𐰏 еб – үй

𐰏;𐰏𐰇 ел, іл – ел, халық

𐰏𐰇 ыд – жібер

<sup>1</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, М., Л., 1951, 6-бет.

<sup>2</sup> Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, 40-бет.

<sup>3</sup> У-дауысты, С-дауыссыз дыбыстарды көрсетеді.



4. СУС – дауыссыз, дауысты және дауыссыздан құралған буын:

ҰҒД

қыш – қыс

ҚА

қан – қан

СА

сан – сан

ТҰН

түн – түн

5. УСС – дауысты, дауыссыз және дауыссыздан құралған:

алп – алып

елт – апар

6. СУСС – дауыссыз, дауысты және екі дауыссыздан құралған:

УЧУ

барс – барыс

УЧУ

барқ – үй

УЧУД

йұрт – жұрт

Дыбыстардың түсіп калуы.

Ескерткіштерде бірен-саран сөздерде кейбір дыбыстардың түсіп қалатындығы байқалады.

БАД

бады – барды

ДА

ай – айт

### Сингармонизм

Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштеріндегі дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты қалыптасқан дыбыстық заңдары бар. Олар төмендегідей:

1. Лингвальдық сингармонизм. Қосымшалар (жалғау, жұрнақтар) соңғы буынмен үндесіп, не жуан, не жіңішке болып жалғанады.

жуан буынды сөздерде:

ҚАҒАНЫ

қағаны – оның қағаны

ЖОЛЫ

йолы – оның жолы

СУСЫЗ

субсыз – сусыз

ОНЫНЧ

онынч – оныншы

жіңішке буынды сөздерде:



↑↑ЕЯ

↑↓ХЯ

Е↑Я

↑○↑

беглер – бектер

бедізгі – оюшы, өрнекші

біліз – білік

екінті – екінші

2. **Лабиальдык (ерін) сингармонизмі.** Ескерткіштердегі ерін үндестігі де біркелкі емес:

Сөздің басқы буынында еріндік дыбыстар болса, соңғы буында езулік дыбыстар кездеседі.

↑↓↑↓

буңсыз – мұңсыз

↑↓↑↓

оглыңа – ұлыңа

↑↓↑↓

тұтдым – ұстадым, тұттым

↑↑↑

бөрі – бөрі

б) Кейде алғашқы буында еріндік дыбыстар болса, кейінгі буындарда да еріндік дыбыстар кездеседі.

↑↓↑

көңүл – көңіл, жүрек

↑↓↑

үчүн – үшін

↑↓↑

отуз – отыз

↑↓↑

күмүш – күміс

Көне түркі сөздерінде буын ішіндегі дыбыстар не жуан, жіңішке болып келеді.

**Ассимиляция.** Ескерткіштерде *p, l, m, n* дыбыстарының қатаң сыңары болмағандықтан олар ұяң және қатаң дыбыстармен тіркесіп келе береді.

↑○↑

емті – енді

↑○↑

екінті – екінші

↑↑↑

болты – болды

↑↑↑

йерте – жерде

Ескерткіштерде сондай-ақ кейінді ықпалдар да кездеседі.

↑↑:↑↓

мен – мен, маңа – маған

↑↑:↑↓

бен – мен, баңа – маған

↑↓:↑

ол – ол, аны – оны

↑↓

аңар – оған



К, г дыбыстары тек жуан дыбыстармен тіркеседі.

↓>ô	тоқ – ток
↓↓'>ô	Тогла – Тола өзені
↓	оқ – ок
↓' N	қаған – қаған

К, г дыбыстары тек жіңішке дыбыстармен тіркеседі.

чнмз	күнтүз – күндіз
eyлмз	күчліг – күшті
мex	едгү – игі
зex	емгек – еңбек

Ескерткіштерде дыбыстардың қосарланып келуі кездеспейді. Ол жөнінде М. Рясяненнің «В древнетюркском языке удвоенных согласных, по-видимому, не было. Однако теперь встречаются более или менее часто во всех языках»<sup>1</sup> деген пікіріне қосылуға болады.

### Дыбыстардың сәйкестігі

Дыбыстардың бір-бірімен сәйкес келуі – өте ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс. Мұндай дыбыстық ерекшеліктерді Орхон-Енисей жазба нұсқалары тілінен де кездестіреміз. Оларды төмендегіше дауысты дыбыстардың сәйкестігі және дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі деп екі салаға бөліп қарауға болады.

Дауысты дыбыстардың сәйкестігі:

н)	аны – оны
ло	анта – онда
л'г	ағач – ағаш
чмз	қуз – күз
ф>н	қум – құм
>д	бу – бұ
ч'г>	Огуз – оғыз
чô>	отуз – отыз

<sup>1</sup> Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 122 бет



)>δJ	алтун – алтын
↓N>δ	туруқ – тұрық
?J>	улуғ – ұлық
Н>δJ>	олтур – отыр
γr9	йір – йер
Yr	іл – ел
l r R	біс – бес
r r h	тәңрі – тәңрі
h r r	үчүн – үшш
h h r	өтүн – өтін
h r r 9	йүкүн – жүгін
ч h h r 7	күнтүз – күндіз

Бірен-саран сөздерде *e* дыбысы мен *y* дыбыстары да сәйкес келетіндігі байқалады: *eb* – үй

Дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі:

б/м:

h r	бен – мен
5 r 9	баңа – маған
4 r 9	бың – мың
4 r 9	буң – мұң

й/ж:

J>D	йол – жол
γr9	йір – жер
↓>D	йоқ – жок
r' r 9	йағы – жау
ч r 9	йүз – жүз

д/й:

3>J	бод – бой
3>δ	тод – той
r m ч 3	адырылты – айрылды
1 3>↓	қадып – қойып



л/д:	𐰏𐰣𐰆𐰇𐰇𐰣	богузланты – бауыздалды
з/с:	𐰇𐰇𐰆𐰆𐰣 𐰆𐰇𐰆𐰇	барзун – барсын келмез – келмес
ғ/у:	𐰆𐰆𐰣 𐰆𐰆𐰣	тағ – тау бағ – бау
ш/с:	𐰆𐰆𐰣 𐰆𐰆𐰣 𐰆𐰆𐰣	таш – тас бес – бес кіші – кісі
г/й:	𐰆𐰆	тег – ти
т/ш:	𐰏𐰣𐰆	екінті – екінші
ч/ш:	𐰆 𐰆𐰆𐰆 𐰆𐰆	ач – аш чөл – шөл үч – үш
н/ғ:	𐰆𐰆 𐰆𐰆𐰆 𐰆𐰆𐰆	аңар – оған саңа – саған баңа – маған т.б.

### Буын және оның түрлері

Орхон-Енисей ескерткіштерінде буын ішіндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың алмасып келуіне сәйкес буындар төмендегідей үш түрге бөлінеді. Олар:

- а) Ашық буын
- б) Тұйық буын
- в) Бітеу буын



*Ашық буын.* Тексттерде бір дауысты дыбыстан немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталған ашық буындар да кездеседі. Ескерткіштерде ашық буындар бір дыбыстан да, екі дыбыстан да жасала береді.

↑	ы – өсімдік, бұта
>	у – ұйқы
↘↘	ба – байла
↘↗	не – не
↘↖	а-та – а-та т. б.

*Тұйық буын.* Ескерткіштерде екі, не үш дыбыстан құралған дауысты дыбыстан басталып, дауыссыздарға бітегін тұйық буында кездеседі. Олар кейде үш дыбыстан да, төрт дыбыстан да жасала берді.

↖↖	ат – ат
↑	ер – ер, батыр
↘↘	елт – апар
↖↗↘↘	йұрт – жұрт
↘↗↘	өрт – өрт

*Бітеу буын.* Ескерткіштер тілінде ортасы дауысты дыбыс болып, екі жағы дауыссыз дыбысқа біткен тұйық буындар да кездеседі. Бітеу буындар үш дыбыстан да, төрт дыбыстан да жасала береді.

↘↗↘↘	қыз – қыз
↘↗↘	қыс – қыс
↘↗↘↘	йор – жүр, көш

Ескерткіштердегі сөздерді буынға бөлу дауысты дыбыстарға байланысты. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Қазіргі кезде түркі тілдеріндегідей дауыссыз дыбыстар өздігінен буын құрай алмайды.



## II ТАРАУ

### ЛЕКСИКА

Белгілі бір тілдің бүкіл сөз байлығы, оның сөздік құрамы сол тілдің лексикасы деп аталады. Орхон-Енисей түркілер өздеріне сай бай лексикасы болған. Ол қалай болса, солай жиынтықтарынан құрала салған емес, оның әлденеше замандар бойына жинақталып қалыптасуының, толығып баюының өзін ерекше заңдары мен тәсілдері бар. Қай елдің болсын, оның сөздік қоры, байлығы біріне-бірі қатысты сөздер жүйесінен құралады. Жүйесіз тіл болмайды. Олай болса, Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің де белгілі лексикалық жүйесі болғанын аңғарамыз. Сондықтан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің сөздік құрамының қалыптасуы, дамуы сол түркі тайпаларының тарихымен тығыз байланысты.

Лексикологияның семасиология, этимология, фразеология және ономастика сияқты салалары болады. Олар сөзді әр жақтан қарастырады. Семасиология – тілдегі сөз мағынасын, оның түрлерін қарастырады, этимология – сөздердің шығу төркінін, олардың ең алғашқы мағыналарын, фразеология тілдегі сан алуан сөздердің тіркестерін, ал ономастика заттар мен ұғымдардың белгілі бір сөзбен аталуының себептерін қарастырады.

Әрбір тілдің лексикасының зерттеу объектісі – сөз. Сөз грамматикада да зерттеледі, бірақ лексика мен грамматиканың әрқайсысы сөзді әртүрлі тұрғыдан зерттеп қарастырады. Қорыта айтқанда, лексика сөз мағынасын, оның түрлерін, оның шығу тегін, тілдегі қарым-қатынасын, аясын, экспрессивтік-стильдік сипаты мен қызметін жан-жақты қарастырады.

#### **Сөз және оның мағынасы**

Сөздер – табиғаттағы белгілі бір заттық ұғымның атауы. Ұғымға берілген атау сөз деп аталады. Сөздер дыбыстан



кұралады. Өйткені біздің тіліміз дыбыстық тіл болып есептеледі. Бірақ тіркесе келген дыбыстар комплексінің бәрі бірдей сөз бола бермейді. Дыбыстық комплекстер белгілі бір затқа, не құбылысқа атау түрінде бекітілсе ғана ол сөз бола алады. Тілдегі сөз белгілі бір мағынаға ие болады. Мағынасыз сөз болмайды. Табиғат пен қоғам өміріндегі заттар мен құбылыстардың барлығының да атауы болмақ. Сөздің жалпылаушы қасиеті оның ең негізгі ерекшелігі болып табылады. Сондықтан сөздің сыры мен мәні жалпылық пен даралықтың бірлігі арқылы танылады.

Ескерткіштер тіліндегі *таш* – тас, *тағ* – тау, *ығач* – ағаш, табиғаттағы белгілі заттық ұғымдардың аты, *йел* – жел, *қар* – қар деген сөздер белгілі бір құбылыс ұғымдарының аты, *бег* – бек, *қаған* – қаған, *сү* – әскер ұғымдары – қоғамдық өмірге байланысты сөздер. Сондай-ақ текстерде сөз заттар мен құбылыстарға байланысты *саң*, *сың*, *кимыл*, *амал*, *мезгілдік* ұғымдарды да көрсетеді: *үч* – үш, *төрт* – төрт, *йегірма* – жиырма, *қызыл* – қызыл, *сарығ* – сары, *қара* – қара, *көк* – көк, *улуғ* – үлкен, *кішіг* – кішкене, *боғузланты* – бауыздалды, *йоры* – жүр, *қыш* – қыс, *ырақ* – алыс, *йақын* – жақын.

Жоғарыда ескерткіштерден келтірілген әр түрлі ұғымды білдіретін сөздер сол кездегі адамдардың бәріне ортақ және түсінікті болған. Олардың басым көпшілігі қазіргі кездегі түркі тілдерде өзгеріссіз қолданылып жүр.

Ескерткіштер тіліндегі әрбір сөздің өзіне тән мағынасы бар. Өйткені, сөз болған жерде мағына болуы табиғи нәрсе. Сөздің мазмұны – оның берер мағынасы болып есептеледі. Сөздер қазіргі кездегідей негізгі (дағдылы) мағынада және ауыспалы мағынада қолданылған. Сөздің негізгі мағынасы зат, құбылыспен тікелей байланысты. Сөздер өзінің қолдану түріне қарай, сөйлемдегі басқа сөздердің аясында тұрып, ауыспалы мағынаға ие бола береді.



Ескерткіштерде жеке тұрғанда мағынасы жоқ, бірақ тілдің белгілі қажетін өтеу үшін қолданылатын көмекші сөздер де кездеседі.

Орхон-Енисей жазба нұсқаларындағы сөздер жоғарыда айтылған сипатта ғана емес, әр түрлі мағынада қолданудың нәтижесінде көп мағыналы да болып келуі мүмкін.

### Сөздің көп мағыналығы

Ескерткіштерде кейбір сөздер әр түрлі мағынада қолданыла береді. Мұндай сөздер көп мағыналы сөздер деп есептеледі. Ерте кездердің өзінде-ақ белгілері бір-біріне ұқсас әртүрлі заттарды бір сөзбен атаудың нәтижесінде сөздің көп мағыналылығы пайда болды.

Сөздердің көп мағыналығы тіл атаулының бәріне тән құбылыс, бірақ олардың көп мағыналы болуы бәрінде бірдей бола бермейді. Әдетте сөздің көп мағыналылығы контексте айқын көрінеді. Бұған текстерден мысал келтіре кетейік:

𐰉𐰺𐰽      көк – көк (түр-түсті көрсетеді), көк – аспан,

𐰉𐰽𐰾      көк – көк (шөпті көрсетеді)

𐰉𐰽𐰾𐰽      йурт – йурт – жер, йурт – отаң, йурт – ел

𐰉𐰽𐰾𐰽      бош – бош – бос, бош – қатты емес, бош – бос болу

Тілдің сөздік құрамы (лексикасы) сөздердің сан жағынан көбеюі және қосылуы арқылы байып қана қоймайды, олар мен бірге сол тілде бар сөздердің мағыналық жақтарының дамуы, оларға жаңа мағына үстелуі арқылы да дамып отырды.

### Омонимдер

Ескерткіштер тілінде де дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер кездеседі. Сырттай қарағанымызда сөздің көп мағыналығы мен омонимдер арасында ешқандай өзгешелік жоқ сияқты болып көрінеді. Бірақ олардың өзіндік айырмалары, өзгешеліктері бар.

Көп мағыналы сөздердің омонимдерді ажыратуға болады. Әр түрлі мағыналардың арасында мағыналық байланыс бол-



са, ол көп мағыналы сөз болады. Егер әр түрлі мағыналардың арасында семантикалық (мағыналық) байланыс болмаса, онда олар омонимдер қатарына жатады. Оның үстіне омонимдер тіл де әр түрлі жолдармен жасалады, тарихи даму арқылы, мағынаның дамуы арқылы, дыбыстардың кездейсоқ үйлесуі, мағынаның алшақтауы арқылы т. б.

Сөздер түбір күйінде де, туынды күйінде де омонимдер бола береді. Тексттерде түбір сөздерден болған омонимдер өте жиі кездеседі. Олар төмендегідей:

а	<i>ат</i> – көлік, <i>ат</i> – кісінің аты, <i>ат</i> – етістік
н	<i>йүз</i> – сан есім, етістік, зат есім.
к	<i>күн</i> – планета, уақыт
ж	<i>йаз</i> – жаз (уақыт), <i>йаз</i> – жазу (етістік)
қ	<i>қан</i> – ел билеуші, адамның қаны.
й	<i>йат</i> – етістік, <i>йат</i> – бөтен.
а	<i>ай</i> – планета, жылдың он екі бөлегінің бір бөлегі

### Синонимдер

Ескерткіштерде дыбысталуды әр түрлі, бірақ мағыналары біріне жақын синонимдер де кездеседі. Олар төмендегідей:

а	<i>алп</i> – ер
й	<i>йабыз</i> – йаблақ
ө	<i>өрүң</i> – ақ
к	<i>көп</i> – үкүш
б	<i>еб</i> – барқ
қ	<i>қамуғ</i> – бары
а	<i>ай</i> – те, ті т.б.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді.

Синонимдер тілдегі белгілі ұғымды түрлі жақтан қамтып, оған көрік, ажар береді. Синоним сөздердің тілдегі атқаратын қызметі де, мәні де өте зор. Сөздердің мағыналық жағынан да-



муы, қосымша мағынаға ие болуы синонимдердің жасалуына мүмкіндік береді.

Тілде синонимдік сөздер стильмен де тікелей байланысты.

### Антонимдер

Ескерткіштерде мағынасы бір-біріне карама-қарсы келетін антоним сөздер де кездеседі. Бірақ карама-қарсы мағынада берілетін сөздердің бәрі бірдей антоним бола бермейді. Антоним болу үшін тек мағыналардың карама-қарсы болуы жеткіліксіз, олардың сонымен қатар түбірлері де әр басқа болуы керек.

Ескерткіштер тілінде төмендегідей антонимдер кездеседі.

Антонимдер зат есімнен жасалады:

DS - D' rA	бай – чыгай, бай – жарлы
YrD - YD	қыш – йаз, қыс – жаз
HySS - Hy' > S	батсық – тогсық, батыс – шығыс
HyM - HyH	күн – түн, күн – түн

Антонимдер сын, сапаны білдіретін сөздер арқылы жасалады:

'S H - HyM	қатығ – йумчақ, қатты – жұмсақ
E r' - HySD	йіг – йаблак, жақсы – жаман
rM - YD	қары – иаш, кәрі – жас
Hy - HyM	арық – семіз, арык – семіз
'Hy > - Y' YrD	узун – қысқа, ұзын – қысқа
Y - Y > S	ач – тоқ, аш – ток
Hy - YHy	ақ – қара, ақ – қара
'> Hy - YHy > D	қалың – йуика, қалың – жұқа

Антонимдер етістіктен де жасалады:

Y - Yr	ал – бер, ал – бер
S D - Y > S Y >	йат – олтур, жат – отыр
Hy r - Y Hy	себін – сақын, қуан – мұңай
Y Hy - Y' > S	өл – тог, өлу – туу
Y > - Y > Y	уч – қон, ұшу – қону

Үстеулерден де антонимдер жасалады:



𐰃𐰆𐰇𐰈 - 𐰃𐰆𐰇  
 >𐰄𐰇𐰈𐰉 - 𐰃𐰆𐰇𐰈  
 𐰃𐰆𐰇 - 𐰃𐰆𐰇𐰈  
 𐰃𐰆𐰇𐰈 - 𐰃𐰆𐰇𐰈

ілгерү – керү, кері; ілгері – кейін

йоқоры – қоды, жоғары – төмен

ічре – ташира, ішке – тыска

қуыйра – бірийе, оңға – солға

Антонимдер басқа сөз таптарынан да жасалады.

𐰃 - 𐰄𐰇

аз – көп

𐰄𐰇 - 𐰄𐰇𐰈

бар – йоқ т.б.

### Түркі тілдеріне ортақ сөздер

Орхон-Енисей жазба нұсқалары тілінің ерте заманнан тарихи даму барысында жасалып қалыптасқан сөздік құрамы бар. Олар бірнеше қат-қабаттардан құралады. Солардың ішіндегі ең негізгі арналардың бірі – ерте кезден бері өмір сүріп келе жатқан түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер. Ескерткіштердегі көптеген сөздердің қазіргі түркі тілдерінде кездесетіндігі, ұқсастығы жай кездейсоқ құбылыс емес, ол тайпалар мен халықтардың генетикалық жақтарынан тығыз байланысты болуының нәтижесі, ескерткіштер тілін қолданған ру, тайпа және халықтардың қазіргі түркі тілдес халықтармен туыстығын көрсететін фактілер саналады.

Тілдердің өзара жақын, туыс тілдер деп танылуы үшін олардың тек лексикалық жақтан ғана жақын, не ұқсас болуы болуы жеткіліксіз, олар сонымен қатар грамматикалық құрылысы жағынан ұқсас болуы шарт.

Ескерткіштер тілінде кездесетін түркі тілдеріне ортақ сөздердің түрлері төмендегідей:

Табиғаттағы құбылыстарға байланысты сөздер:

𐰃𐰆: 𐰃𐰆𐰇

йер, йір – жер

𐰄𐰇𐰈

суб – су

𐰃𐰆𐰇

үгүз – өзен, дария

𐰃𐰆𐰇

көл – көл

𐰃𐰆 - 𐰃𐰆

таш, тас – тас

𐰃𐰆

таг – тау

𐰃𐰆𐰇

төпе – төбе



*Тәңрі йір* – тәңрі жер. *Иеріңерү қонты* – Жакынырақ жерге қонды. *Иерчі тіледім* – жер білетін кісі сұрадым. *Қапаған қаған йерінті* – Қапаған қаған жерінде. *Қара құмығ олурур* – Қара құмды мекендеуші едік. *Атачымқа бітіг ташығ... қылдым* – Атамызға жазулы тас орнаттым. *Ертіс үгузуг кече йордым* – Ертіс өзенін кеше жүрдім. *Тағдақы інміс* – таудағылар төмен түсті. *Субыңару қонты* – Суға жақын жерге қонды.

### Туыстықты көрсететін сөздер.

ᠯᠤᠰ	<i>Ата</i> – ата
ᠯᠠ	<i>ана</i> – ұлы туыс
ᠯᠠ	<i>ақа</i> – аға
ᠯᠠ	<i>ечі</i> – әже
ᠠᠮᠢᠭᠡᠷ	<i>йегін</i> – жиен
ᠴᠢᠬᠡᠶᠢᠨ	<i>йотаз</i> – әйел
ᠶᠢᠬᠡᠶᠢᠨ	<i>қатун</i> – қатын
ᠬᠡᠯᠢᠨ	<i>келін</i> – келін
ᠬᠡᠸᠢᠨ	<i>қунчуй</i> – бикеш
ᠴᠢᠬᠡ	<i>қыз</i> – қыз
ᠶᠢᠬᠡ	<i>огул</i> – ұл
ᠶᠢᠨ	<i>іні</i> – іні
ᠶᠢᠨ	<i>оглан</i> – бала

*Қағаным атачым өлті* – Қағаным атам қайтыс болды. *Анамыз* – Біздің туысымыз. *Ақаңым* – Ағамыз. *Ечүміз* – Әжеміз. *Елігче ер туттдымыз* – Елудей ерді тұтқын еттік. *Йотазын анта алтым* – әйелін сонда алдым. *Қатун йоқ болмыс ерті* – Қатын өлген еді. *Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз* – інім Күлтегенмен бірге сөйлестік. *Сілік қыз оглың күн болты* – Сұлу қыз балаң күн болды.

### Дене мүшелеріне байланысты сөздер.

ᠶᠠᠳᠠᠬᠤ	<i>адақ, адақ</i> – аяқ
ᠠᠷᠶᠠ	<i>арқа</i> – арқа



ЧЈЧ	боғуз – бұғаз, тамақ
НХ	баш, бас – бас
ЛҮ	бод – бой
ІНІЕ	йан – жан
М<Г,КМ	йаңақ – жақ
ЕНЧ	көңүл – жүрек
ЕНІА	көз – көз
ОІМ	қулғақ – құлақ
ОС	сүңүк – сүйек
С<Э	сач – шаш
СХ'СХ	өд – өг
С<КЧ	тіз – тізе
НМЛ	қан – қан
ЭК	тыл – тіл т.б.

*Түрк будун адаг қамаштды – Түркі халқының аяғы әбден шаршады. Будун боғзы тоқ ерті – Халықтың тамағы тоқ еді. Ыдуқ башда сүңүсдіміз – Қасиетті баста (жер аты) соғыстық. Тізлігіг сүкүртүм – Тізеліні бүктірдім. Қызыл қаным төкті – қызыл қанымды ағызды (текті). Бунча будун сачын бычды – Сонша халық шашын кесті. Қулғагын бычды – Құлағын кесті. Көрүр көзүм көрместег боты – көрер көзім көрместей болды. Көзі қаш – Көзі-қасы. Иаң-ақын бычды – Бетін тілді. Көңүлдекі сабымын – жүрегімдегі сөзімді. Көзде, йаш келсер – көзден келсе. Сүңүкін тагча йатды – Сүйегі таудай үйілді.*

### **Мал, жануар, аң-күсқа байланысты сөздер.**

Ѡ	ат – ат
Ѡ>Ѡ	ионт – жылқы
ЭЕНГ	іңгек – сиыр
ѠѠ	тай – тай
Ч'ЭЭ	адгыр – айғыр
НЕНГ	інген – інген (түйенің бір түрі)
ЛЯН	тебе – түйе



ᄎᄎᄎᄎ	бұқа – бұқа
ᄎᄎᄎᄎ	өкүз – өгіз
ᄎᄎᄎᄎ	қой – қой
ᄎᄎᄎᄎᄎᄎ	табышған – қоян
ᄎᄎᄎᄎᄎᄎ	тоңуз, лагзын – шошқа
ᄎᄎᄎᄎᄎᄎ	тақығу – тауық
ᄎᄎᄎᄎ	қуш – күс
ᄎᄎᄎᄎ	шоңа – үйрек
ᄎᄎᄎᄎ	ит – ит
ᄎᄎᄎᄎ	киік – киік
ᄎᄎᄎᄎ	қаз – қаз
ᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎ	тііін – тиын
ᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎᄎ	бічін – месін т.б.

Өзлек адғырын – өзінің айғырын. Күлтегін аzman бiнiп, олайу тегдi – Ақта атты мiнiп, шабуылға шықты. Барс йылқа чiк тапа сүледiм – Барыс жылы чiктерге қарсы аттандым. Турық бұқалы, семiз бұқалы арқада – арық бұқалы, семiз бұқалы кейiнде (казакша «арық айтып, семiз шық» дегенмен астарлас). Иылқысын анта алтым – Жылқысын сонда жаулап алдым. Иңгек көлүкүн Тоғлада оғуз келтi – Сиыр көлiгiмен Тоғлада оғыздар келдi. Кiйiк йийу олурур ертiмiз – Киiк егiн коректенiп отырушы едiк. Табышған йыл бiсiнч айқа тегдiм – Қоян жыл бесiншi айда жеттiк. Лү йылқа – Ұлу жылқа. Анта кiсre тақығу йылға – Содан соң тауық жылда. Тагда сығун төзсер – Таудан бұғы қашса. Иағымыз тегiре учуқтег ертi – Төңiргiмiз жыртқыш күстай едi. Лагзын йылқа тоқыдым – Доңыз жылда орнаттым.

### Үй және кұрылысқа байланысты сөздер.

ᄎᄎᄎᄎ	ағыл – қора
ᄎᄎ	еб – үй
ᄎᄎᄎᄎ	барқ – жай, сарай
ᄎᄎᄎᄎ	қапығ – қақпа, есік



ЧХӘ	бедіз – өрнек
ГЛЧХӘ	бедізчи – шебер, суретші (өрнекші)
УУЧУН	қорған – қорған
ЕНӘ	бітіг таш – жазулы тас, ескерткіш
УУУУ	балбал – сынтас
ГЛМЕКГ	ітгүчи – құрылысшы

Ағым он ерті – Қорам он еді. Қырқ аз қаны өз барқында ерміс – Қарқ аз қаны өз сарайында еді. Бен ебгеру түсейін – Мен үйге қарай қайтайын. Иінчү үгүзіг кече Темір қапызқа тегі іртіміз – Сырдария езенін өте, Темір қақпаға дейін қудық. Бедізін бедізті, олурты – Өрнегін ернектен отырды. Барқын йулмадым – Сарайын алмадым. Ічрекі бедізчи ытты – Іштен шеберлер жіберді. Мағы қорған қышлап, йазыңа огузгару сү ташықдымыз – Мағы қорғанды қыстап, жазында оғыздарға қарсы әскер жидық. Мағы қорған қышладуқта йут болты – Мағы қорғанды қыстағанда, жұт болды. Бітіг таш ітгүчи – Тас құрлысшы.

### Қазба байлық атаулары

УУУУ	алтун – алтын	УУУУ	көмүр – көмір
УУУУ	күмүш – күміс	УУУУ	йіз – жез
УУУУ	темір – темір		

Алтун кергексіз келурті – Алтынды шексіз көп әкелді. Сарыг алтун – сары алтын. Темір қақпа – темір қақпа. Көмір таг – көмірлі тау. Өрүң күмүш – таза (ақ) күміс.

### Абстрактті атаулар.

У	аң – аң, түсінік
УУУ	буң – мұң, қайғы
УУУУУ	булганч – былғаныш
УУ	баз – бейбітшілік
УУУУ	йаруқ – жарық
УУУУ	теңрі – тәңрі



᠖ > D йут – жұт

᠖ > M қут – құт

Л M ʼ күч – күш

1 > ᠖ топ – топ

M ʼ кү – дыбыс, хабар

– Ол өз аңлар – Оның өзі аңдар, байқар. Буңсыз қылтым – Мұңсыз еттім. Ағы буңсыз келүрті – Қазынасын кайғысыз келтірдім. Кү үкүлер – Дыбыс көбейер. Өзүм құтым бар үчүн қаған олуртым – Өзімнің құтым (бақытым) болғаны үшін қаған болып отырдым. Түрк будун йеме булғанч – Түркі халқы жеме былғаныш. Ииче ісіг – күчіг біргіг – тідім – Және ісінді, күшінді жұмса, – дедім. Күч бертүк үчүн анта санчдым – Күш бергені үшін сонда шаныштым. Топлагалы – топтағалы. Төрт булундақы будуныг коп баз қылтым – Дүниенің төрт бұрышын көп бейбітшілік орнаттым. Күсі йоқ болмазун – Даңқы жойылмасын! Кұтыңа інім Күлтегін ер ат болты – Бақытының болғаны үшін інім Күлтегін батыр атын алды.

### Соғыс ісіне байланысты атаулар.

M > ʼ D айгучы – кеңесші

M M ʼ D йагучы – колбасшы

M M ʼ I сеңүн – әскер басы, колбасшы

M ʼ D йагы – жау, дұшпан

↓ > M D > ʼ буйуруқ – бұйрық

M I сү – әскер

€ M I сүңүг – сүңгі, найза

Л M M D қылыч – қылыш

ʼ > > D йадаг – жаяу

Л M Y ʼ йелме – разведка (көздеуші)

Y M > уруш – ұрыс

Y M I сүңүш – соғыс

↓ оқ – оқ

€ T ʼ черіг – шерік



*Айгучысы бле ерміс – Кеңесші білгіш еді. Иеті ерен йагы болды – Жеті ері бізге жау болды. Алты отыз йасыма чік будук қырқ аз бірле йагымыз болты – Жиырма алты жасымда чік халқы қырқыздарымен бірге йагымыз болты – Жиырма алты жасымда чік халқы кырқыздармен бірге жауымыз болды. Сүсі келті – Әскері келді. Иагычысы бен ертім – Қолбасшысы тағы мен едім. Бес түмен сү келті – Елу мың әскер келді. Узун йелмег – алысқа шабуыл. Сүңүг батымы қарыг сөклім – Найза бойы қарды тазаладым.*

### Қоғамдық кұрылысқа қатысты атаулар.

Ү:ҮГ	ел, іл – ел
ѠЧ>D	йурт – жұрт
D J	бай – бай
D'ГЛ	чыгай – кедей, жарлы
)>>>J	будун – халық
Е Я	бег – бек
ЕҮЯ	біліг – біліг
)>'Ж:>Н	қаган, қан – қаған, хан
НҮНН	төрү – төре, ереже, заң
ГХГ	іді – ие, қожа
J>N	қул – құл
JN>	күң – күң

*Теңріде болмыс іл етміс Білге қаган – Тәңріде жаралған ел еткен Білге қаған. Чыгай будуныг бай қылтым – Жарлы (кедей) халықты бай қылдым. Түрк будун – Түркі халқы. Табгач будун – табғаш халқы. Түргес будуныг уда бастым – Түргеш халқын ұйқыда бастым. Бегі қачды – бегі қашты. Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн – Содан соң тәңрі білік бергені үшін. Агыр төрүг – Құрметті заңың, ережесін. Өтүкен йышда иіг йоқ ерміс – Өтукен қойнауында жақсы йе жоқ еді. Бу йірде маңа құл болты – Бұ жерде маған құл болды. Сілік қыз оглың күң болты – Сұлу қыз балаң күң болды.*



## Түр-түсті, сын-сапаны білдіретін сөздер.

### а) заттың түр-түсін көрсететін сөздер

А	ақ – ақ
Боз	боз – боз
Жасыл	йашыл – жасыл
Жирен	йегрен – жирен
Көк	көк – көк
Торы	торыг – торы
Қара	қара – кара
Қызыл	қызыл – қызыл
Өрүң	өрүң – ақ түсті, шаңқай
Сары	сарыг – сары т. б.

*Ақ атын бініп оплайу тегді* – Ақ атын мініп, шабуылға шықты.  
*Боз атыг бініп тегді* – Боз атты мініп тиісті. *Ілгеру Иашыл үгүз тегі сүледіміз* – Алға Жасыл өзенге дейін соғыстық. *Чор өзлекі йегрен ат бініп тегді* – Күлі Чор өзінің жирен атын мініп тиісті.  
*Көк тийін* – көк тиын. *Көк теңрі* – Көк тәңрі. *Қара будун* – жай халық. *Қызыл қаны төкті* – Қызыл қанымды ағызды (төкті).  
*Торыг ат бініп тегді* – Торы атқа мініп тиісті.

*Сарыг алтун* – сары алтын. *Өрүң күміс-таза күміс, ақ күміс.*

### б) заттың сынын – белгісін көрсететін сөздер:

Бедүк	бедүк – биік
Йуықа	йуықа – жұқа
Йоган	йоган – жуан
Йінчке	йінчке – жіңішке
Қалың	қалың – қалың
Узун	узун – ұзын
Улуг	улуг – ұлы, үлкен
Кішіг	кішіг – кіші

*Түпүтке кішіг тегмедім* – Тибеттерге сөл жетпедік. *Өзі қысга кергек болты* – Өзі қысқа өмір сүрді. *Улуг Күлі Чор секіз йасап, йоқ болты* – Ұлы Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды. *Бен*



өзүм узун йелмег йеме ытты – Менің өзім алысқа шабуыл жа-  
сауды ұйғардым. Қағаны алп ерміс – Қағаны алып еді.

в) Заттың сапасын білдіретін сөздер.

ʔrʧ	арыг – таза
ʏrʧ	арық – арық, турық – турык
ʏʧx	едгү – әйгілі
rʧi	қары – кәрі, қары
ʧrʧ	йіг – жақсы
ʏʧʧʧ	йаблақ – жаман
ʧʧi	семіз – семіз
ʧ>ʧ	тоқ – тоқ
ʧ>ʏ>	учуз – арзан т. б.

Білге Тониқуқ аныг ол – Білгіш Тониқуқ сүм ол Семіз  
бұқалы – семіз бұқалы. Сүчиг сабын – тәтті сөзін. Түрк будун  
тоқ – Түркі халқы тоқ. Бізің сү аты туруқ – Біздің әскердің  
аттары арық. Учуз ерті – Арзан еді. Бу сабымын едгүті есід –  
Бұл сөзімді қатты тыңда!

**Қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер:**

Ескерткіште мұндай сөздер ете көп. Олар:

ʧʏk	түс – түс
ʏʧ	кет – кет
ʧʧ	бар – бар
ʏrʧ	бін – мін
ʏrʧ	чық – шық
rʧ>ʧ	йоры – жүр
ʧ>ʧʧ>	олтур – отыр
ʧʧ	йат – жат
ʏʧ	кеч – кеш, өт
ʏʏ	қач – қаш
ʧ>ʧ	тут – тұт, ұста
ʏ>	үч – үш т.б.



Түрк будун аты йоқ болу берміс – Түркі аты жоқ бола берген еді. Сүңүкін тагча йатды – Сүйегің таудай болып жатты. Анта йетдім – Сонда жеттім. Сү йортдым – Әскер жүргіздім. Ебін, барқын йулмадым – Үйің, жайың бұзбадым. Төрт күн олурып бітідім – Төрт күн отырып жаздым. Түрк қыбчақ еліг йыл олурмыс – Түркі қыпшақ елу жыл отырған. Йеті йегірмі йашыма танут тапа сүледім – Он жеті жасымда таңғуттарға қарсы соғыстым. Сүңүгін ачдымыз – Сүңгімен аштық. Кем кече чік сүледім – Енисейді өте, чікке қарсы аттандым. Сүсі келті – Әскері келді. Атыг бініп тегді – Атты мініп тиісті.

### Сан есімдер мен есімдіктер:

ҮҮӘ	бір – бір
ҺҮҢҺ	төрт – төрт
ІӘ:ҮӘ	біс, беш – бес
ҮӘҮЕӨ	йегірмі – жиырма
ҮҢӨ	йүз – жүз
ҮҮӘ	бің – мың
ҢӘ:ҢӘ	мен, бен – мен
ҢҢ:ҢҢ	сін, сен – сен
Ү>	ол – ол
ҮҮӘ	біз – біз
ҮҢ	сіз – сіз
>Ә	бу – бұ – бұл
ҮҢ	не – не т.б.

### Қимылдың сыр-сипатын, мезгілін, себебін білдіретін сөздер:

Ү)О	йана – жөне
ҮӘӨ	йеме – тағы
ҮЕҢ	тегі – дейі, шейін
ҢҢ	үчүн – үшін
ҮҮҢҢ:ҮӨ	анта өтрү – содан соң



ҰҒА:ҰҒА қыш – қыс

Ұ О йаз – жаз т.б.

*Ел йеме іс болты, будун йеме будун болты* – Ел тағы ел болды, халық тағы халық болды. *Анта айгучысы йеме бен ертім* – Сонда кеңесшісі және мен едім. *Қісре елі йітміс* – Соң ел жоқ болды. *Анта өтрү қағаныма өтүнтүм* – Содан соң қағанымнан өтіндім. *Бірііе Чугай йыш түгүл* – Ондағы Чұғай койнауы түгел. *Ічгіріп йана йырыдым* – және бекініп аттандым. *Иана түшді* – Аударыла түсті.

Орхон-Енисей түркілерінің бұл ескерткіштерді орнатқанына мың жылдан аса уақыт өтті. Сол дәуірлер ішінде ескерткіш тілі бір күйде қалып қойған жоқ, ол дамыды, сараланды. Жеке тілдерге бөлінді. Ескерткіштер үлесі бір тілде көп, бір тілде аз. Сонша уақыт өтсе де ескерткіштер тілінде кездесетін көп сөздер өздерінің алғашқы түрлері мен мағыналарын өз қалпында сақтаған. Бұдан ескерткіштер тілімен бүгінгі түркі тілдері бірдей деген ұғым тумайды. Әр тілдің өзіне тән лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар. Мұның өзі жеке тілдердің дамуына сәйкес жайттар.

### **Ескерткіштер тіліндегі кейбір ерекшеліктер**

Өз еңбектерінің денін осы Орхон-Енисей жазба нұсқаларына арнаған В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский және С.Е. Малов өздерінің еңбектерінде орхон – және енисей ескерткіштерінде лексикалық және морфологиялық ерекшеліктердің кездесетіндігін өз дәуірінде айтқан болатын. Бұл мәселе және И.А. Батманов былай деп жазды: «Эти колебания относились, во первых, за счет неустойчивости орфографии того времени множества описок, ошибок и, во-вторых, конечно, за счет наличия говоров речи носителей рассматриваемого языка»<sup>1</sup>. Шындығында да ескерткіштер тілінен төмендегідей кейбір дыбыстық ерекшеліктерді байқауға болады:

<sup>1</sup> Қараңыз: И.А. Батманов. Язык енисейских памятников. 1950, 110-бет.



1. *e* дыбысы мен *i* сәйкестігі:

Ү:ҮҮ	<i>ел – іл – ел</i>
ҮҮ:ҮҮҮ	<i>екі – ікі – екі</i>
ҮҮ:ҮҮҮ	<i>йер – йір – жер</i>
ҮҮ:ҮҮҮ	<i>бер – бір – бер</i>
ҮҮ:ҮҮҮ	<i>беш – биш, біс – бес</i>

2. *c* дыбысы мен *ш* сәйкестігі:

а) сөз басында:

Ү>ӨҮ: Ү>ӨҮ	<i>сад – шад – уәзір</i>
ШҮ: ШҮ	<i>Шантун – сантун – Шандун жазығы</i>

б) сөз ортасында:

ҮҮҮҮ: ҮҮҮҮ	<i>кіші – кісі – кісі</i>
------------	---------------------------

в) сөз соңында:

ҮҮҮҮ: ҮҮҮҮ	<i>күмүш – күміс – күміс</i>
ҮҮҮ: ҮҮҮ	<i>йыш – йыс – койнау</i>
ҮҮҮҮ: ҮҮҮҮ	<i>сүңүш – сүнүс – соғыс</i>
ҮҮҮ: ҮҮҮ	<i>қабыш – қабыс – бірігу</i>

3. *m* дыбысы мен *b*-ның сәйкестігі

МҮ: МҮ	<i>бен – мен – мен</i>
МҮҮ: МҮҮ	<i>баңа – маңа – маған</i>

4. *лт – лд, рт – рд, нт – нд* дыбыс тіркестерінің қатар келуі:

ШӨНҮ	<i>сақынтым – ойландым</i>
ШӨҮҮ	<i>йолта – жолда</i>
ШӨҮ: ШӨ	<i>анта – анда</i>
ШӨҮҮ: ШӨҮҮ	<i>барты – барды</i>

5. *o* және *y*, *ө* және *ү* дыбыстары бір-бірінің орнына жұмсала береді. Мұндай ерекшеліктер қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінде кездеседі.

Ескерткіштер тілінен кейбір лексикалық және морфологиялық ерекшеліктер де кездеседі. Бірақ олар айта қалғандай көп емес. Сондықтан бұдан тиісті мысалдар келтірмедік.



## Ескерткіштердегі шет тілінен енген сөздер

Ескерткіштерді қолданған түркі тайпалары басқа- көптеген халықтармен қоныстас, көршілес болып келді. Осыған орай көне түркі тілдеріне басқа тілдерден көптеген сөздер енді.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде монғол, соғды, сирия, табғаш, тағы басқа тілдерден енген бірсыпыра сөздер бар

Бір тілден екінші тілге сөз ауысудың өзіндік бірнеше жолдары бар: біріншіден, сөздер бір тілден екінші тілге сөйлеу тілі арқылы енеді, екіншіден, жазу арқылы енеді. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де сөздердің ауысуы жоғарыда көрсеткендей екі түрлі жолмен ауысып, байып отырды.

### Соғды тілінен ауысқан сөздер:

𐰃𐰆𐰜	аң – аң
𐰃	аңыз – аңыз
𐰆𐰆𐰃	йабыз – жауыз
𐰆𐰆𐰆	бад – теріс, жаман
𐰆𐰆	баз – бейбітшілік
𐰆𐰃𐰃	өрүң – ақ
𐰆𐰆𐰆𐰃	йалабач – елші
𐰆𐰆𐰆	шад – шад
𐰆𐰃	йат – жат
𐰆𐰆𐰆	чынтан – сандал (ағаштың бір түрі)
𐰆𐰃𐰆𐰆	йут – жұт
𐰆𐰆𐰃	барқ – жай, сарай
𐰆𐰆𐰆𐰃	йазуқ – жазық, т. б.

### Табғаш тілінен енген сөздер:

𐰃𐰆𐰆𐰆	қунчуй – бикеш
𐰃𐰆𐰆	куй – күйме (арбаның бір түрі)
𐰆𐰆𐰆	сеңун – өскери қолбасшы
𐰆𐰆𐰆:𐰆𐰆𐰆	Чача сеңун -- кісі аты
𐰆𐰆𐰆𐰆	табғаш – табғаш т.б.



Санскрит, сирия тілдерінен ауысқан сөздер:

*мар* – ұстаз, оқытушы

Жоғарыда көрсетілген сөздерден басқа да өзге тілдерден енген сөздер кездеседі. Бірақ олардың саны ескерткіштерде онша көп емес.

VI-VIII ғасырдағы Орхон-Енисей, Орта Азия, түркі тілдерінде араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер жоқтың қасы. Өйткені ол кездері түркі тайпалары ол елдермен қарым-қатынаста болмаған еді.

Ескерткіштер тілінде кездесетін сөздерге назар салсақ, 90 проценттен көбірегі түркі тілдеріне ортақ, байырғы сөз болып келеді.

**Ескерткіштегі көнерген сөздер.** Қай халықтың тілі болса да оның лексикалық құрамы өндіріспен тікелей байланысты. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғам өмірінде болған әр түрлі өзгерістер тілге де өз әсерін тигізеді. Кейбір сөзде қолданудан шығып жатса, енді бір сөздер жаңа мағынаға ие жатады.

Ескерткіштер тілінде бір кезде қолданып, келе-келе бастаған, қазіргі заманда пайдаланбайтын сөздер де кездеседі. Олардың қатарына төмендегідей сөздер жатады.

ЧК	азу – шылау сөз
АУК	асығ – пайда
УД	айағ – құрмет
УУ>>	анчула – бекіту, атақ беру
ЧУ	баз – бейбітшілік
ККК	бітіг – жазу
УУУД	йалабач – елші
УУ>>Д	йумгы – жинақты
О>Д	йонт – жылқы
УУ>>Н	қамуқ – бәрі
УУУН	қобрат – жина
УУ>>Н	қунчуй – бикеш



МЭ  
 )МЧѠ  
 Ч>  
 ↓}}Г

кү – даңқы, дыбыс  
 тарқан – шен, дәреже  
 уз – шеберлік  
 ыдуқ – қасиет т.б.

**Ескерткіштегі тұрақты сөз тіркестері.** Ескерткіштегі сөз тіркестері екі түрлі. Олар:

- а) Тұрақты сөз тіркестері.
- б) Еркін сөз тіркестері.

Еркін тіркестегі сөздердің мағыналары өз ішіндегі сөздермен тікелей байланыста болып, әрқайсысы өз алдына дербес сөйлем мүшесі бола алады.

Тұрақты сөз тіркестері бірімен-бірі ажырамайтын, бір бүтін түрінде келетін тіркестер. Олар белгілі бір ұғымды бірнеше сөзбен білдіреді және олар сөйлемде бір мүше болып қызмет атқарады. Мұндай тұрақты сөз тіркестері де ескерткіште кездеседі: *Көрүр көзім көрместег болты, білір білігім білместег болты.* – Көрер көзім көрместей болды, білер білігім білместей болды. *Түн қатдымыз* – Түн қаттық т.б.



### III ТАРАУ

## МОРФОЛОГИЯ

Әрбір тілдің тарихи дамуына сәйкес сөз жасау, сөз өзгерту, сөз өзгерту, сөйлем жасауда қолданылған ерекшеліктері болады. Сол ерекшеліктер негізінде тілдің белгілі грамматикалық құрылысы қалыптасып, жетіледі. Тілдің грамматикалық құрылысын морфология мен синтаксис тексереді. Морфология мен синтаксистің бірлігінен тіл білімінің ең басты бір саласы – грамматика жасалады.

Грамматиканың ең негізгі бір саласы- морфология. Морфология грекше *форма* және *білім* деген екі сөзден құралады. Ерте замандағы грамматикада қалыптасқан бұл терминнің қазіргі мағынасы бұрынғысынан әлдеқайда өзгерген және кеңіген.

Морфологияның негізгі зерттеу объектісі сөз және оның құрылысы. Бірақ морфология тек сөз формаларын зерттеумен шектелмейді, ол сонымен қатар сөз формаларын және сол формалардың өзгерістерін, сөздің құрылымын, сондай-ақ сөз лексика-грамматикалық, түрлерін, сөз топтарын қарастырады. Сондықтан морфология, бір сөзбен айтқанда, сөз және формаларын тексеретін ілім.

Морфология тіл білімінің басқа тарауларымен де тығыз байланысты. Мұндай байланысты ең алдымен синтаксистен байқауға болады. Морфология сөздің септік аффикстері мен оны білдіретін формаларды үйретеді. Бұл формалар сөйлем ішінд ара бірімен-бірі тіркесу арқылы қарым-қатынасқа түскенде қолданылады. Сөйлем және оның құрамындағы сөздердің байланысын синтаксис қарастырады. Сөздердің септік аффикстерінің түрленуін морфология қарастырса, ал осы септік аффикстерінің сөйлем ішінде өзара байланысын синтаксис тексереді.



Морфология тілдің лексика саласымен де тығыз байланысты. Біріншіден, морфологияның да, лексиканың да қарастыратын объектісі сөз, екіншіден, әрбір сөзде лексикалық та, морфологиялық та мағына болады. Өйткені әрбір сөз белгілі грамматикалық формада қолданылады. Ескерткіштерде кездесетін *оғул, қыз, ақ, қара, тегі, үчүн, олтур* сияқты сөздер белгілі бір сөз таптарына жатады және әрбір сөздің өзіне тән грамматикалық формасы бар: *оғул, қыз* сөздері септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауларымен түрленеді, *ақ, қара* сөздері сын есімнің шырай жасайтын жұрнақтарын қабылдайды, *тегі, үчүн* сөздері ешқандай аффикстерді қабылдамайды, *йат, олтур* сөздері әрекетті білдіріп, жіктік жалғауларын қабылдайды.

Морфология тілдің фонетикасымен де тығыз байланысты. Өйткені, әрбір сөз, әрбір грамматикалық форма дыбыс тіркестері арқылы жасалады.

Дүние жүзіндегі тілдер морфологиялық құрылымы жағынан бірнеше топқа, типке бөлінеді.

Түркі тілдері өзінің морфологиялық құрылымы жағынан агглютинативті тілдер қатарына жатады. Түркі тілдерінде грамматикалық мағыналар түбір сөздерге әр түрлі аффикс жалғануы арқылы жүзеге асады.

Агглютинативті тілдер қатарына түркі тілдерімен қатар монғол, угро-фин тілдері де жатады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде біз әңгіме еткелі отырған түркі ескерткіштері тілінде, сөздердің септелуі, немесе түбірдің фонемалық құрамын өзгертпейді: *қапығ* – қақпа, *қапығқа* – қақпаға, *қапығығ* – қақпаны т.б.

Флективті тілдерде, соның ішінде орыс тілінде, сөз септелгенде немесе жіктелгенде, көп жағдайда түбірдің фонемалы құрамы өзгеріп кетеді: *сон* – *сна*, *ходить* – *хожу* т.б.

Қысқасы, түркі тілдерінде аффикстердің жалғануы түбірге әсер ете алмайды, түбір сол қалпында өзгермей қалып қояды.



Төменде Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі сөздердің морфологиялық құрамына қысқаша талдау жасалды.

Ескерткіштегі сөздер құрамына қарай түбір сөздер, туынды сөздер, кос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер болып бес топқа бөлінеді.

**Түбір сөздер.** Ескерткіште бөлшектеуге келмейтін, тек жалаң түбірден құралған сөздер де кездеседі. Олардың негізгі түрлері төмендегідей:

### I. У

Тек жалғыз дауыстылардан тұратын түбір сөз текстте жоқтың қасы. Мысалы: *ы* – бұта, өсімдік, *Ы бар бас асдымыз* – Бұтасы бар шыңнан астық.

### II. У – С дауысты және дауыссыз дыбыстар

*Аз* – аз

*Өз* – өз

*Ач* – аш

*Оқ* – оқ

*Аң* – аң, түсінік

*Оң* – он

*Ай* – айт

*Ол* – ол

*Ер* – ер

*Уч* – ұш

*Еб* – үй

*Ур* – ұр

*Іч* – іш

*Үч* – үш

*Ел* – ел

*Ыд* – жібер

*Өл* – өл

### III. С – У

*Бу* – бұ, бұл

*Не* – не

*Те, ті* – де, айт

*кү* – дыбыс

*Сү* – әскер

### IV. С – У – С

*Бар* – бар

*Көк* – көк

*Бас* – бас

*Күч* – күш

*Бес* – бес

*Күн* – күн

*біл* – біл

*Саб* – сөз саптау

*бен* – мен

*Сан* – сан

*бың* – мың

*Сен* – сен



йат – жат  
йел – жел  
кел – кел  
кеч – кеш, өт

#### V. У – С – С

алп – алып, батыр  
арт – арт  
өрт – өрт

#### VI. У – С – С

ана – апа  
ара – ара  
екі – екі

#### VII. С – У – С – С

йурт – жұрт  
түрк – түрк

#### VIII. У – С – С – С

арыз – таза  
есір – тұтқын  
огул – ұл  
обут – ұят

#### XI. У – С – С – У

арқа – арқа  
едгү – әйгілі

#### X. С – У – С – У

буқа – бұқа  
қары – қары  
кісі – кісі  
қара – қара

#### XI. У – С – У – С

іңгек – сиыр

#### XII. С – У – С – У – С

Суб – су  
Тағ – тау  
Тер – тер

елт – жүргіз  
унч – мүмкін, бәлкім.

үзе – үсті  
уқы – ұйқы  
уна – ұнау

қорқ – қорық  
санч – шаныш

узун – ұзын  
улуг – өзен  
Үчүн – үшін  
Олтур – отыр

алты – алты

йеті – жеті  
йеме – және, тағы  
тіріг – тірі

алтун – алтын



*боғуз* – тамақ  
*будун* – халық  
*қаған* – қаған  
*қызыл* – қызыл  
*күміс* – күміс

*тоқуз* – тоғыз  
*түмен* – он мың  
*чугай* – чығай, кедей, сараң

## 2. Туынды сөз.

Ескерткіштегі сөздер тек жалаң түбірден ғана құралмайды. Қазіргі тіліміздегідей көптеген сөздер жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

*Айғучы* – кеңесші  
*Қағанлығ* – қағандық  
*Атлығ* – атты  
*Күчліг* – күшті

*йерчі* – жершіл  
*буқалы* – бұқалы  
*йердекі* – жердегі

## 3. Қос сөздер.

Қарастырылып отырған ескерткіш тілінде кейбір қос сөздер де кездеседі. Бірақ олардың саны көп емес:

*Іші-тысы* – іші-тысы  
*Екі-үш* – екі-үш

*Куз* – құдуз – кыз-қыркын  
*Йер-суб* – Отан

## 4. Біріккен сөздер.

Ескерткіште бірнеше түбірлер бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін біріккен сөздер де кездеседі:

*Тоңиқуқ* – тониқуқ  
*Ілтеріс* – ілтеріс  
*Қанаған* – қанаған (Бег-Чор)  
*Егрітебі* – кілем

*йоқару* – жоғары  
*Өтүкен* – Өтукен  
*күнтүз* – күндіз

## 5. Күрделі сөздер.

Бұған көбіне кісі аттары мен жер–су аттары жатады:

*қара құм* – қара құм  
*Чугай куз* – сараң дала, бетпак дала  
*темір қапығ* – темір қақпа  
*Білге қаған* – Білге қаған  
*Иарыс йазы* – Иарыс жазығы







ᠨ ᠠ ᠨ	үчүн – үшін
ᠯ ᠵ ᠶ ᠶ	йеме – тағы
ᠯ ᠵ ᠶ ᠶ	йана – және

Сонымен Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі сөздерді жинақтай келгенде, олар төмендегідей сөз таптарына бөлінеді:

- |             |            |
|-------------|------------|
| 1. Зат есім | 5. Етістік |
| 2. Сын есім | 6. Үстеу   |
| 3. Сан есім | 7. Шылау   |
| 4. Есімдік  | 8. Одағай  |

### Зат есім

Зат есімге заттың атын білдіретін сөздер жатады. Олар өздерінің мағыналық және тұлғалық жақтарынан біркелкі емес, әр түрлі болып келеді.

Зат есімдер мағыналық жақтарынан төмендегідей сөздерді білдіреді:

### Мамандық атаулары:

ᠮ ᠠ ᠴ ᠢ ᠶ	бедізчи – шебер
ᠮ ᠠ ᠮ ᠶ ᠶ	айгучы – кеңесші
ᠮ ᠠ ᠶ ᠶ ᠶ	йагычы – әскер басы, қолбасшы
ᠮ ᠠ ᠮ ᠶ ᠶ ᠶ	ітгүчи – құрылысшы
ᠮ ᠠ ᠶ ᠶ ᠶ	атчыл – атшыл, атты сүйөші
ᠮ ᠠ ᠶ ᠶ ᠶ	қарагу – күзетші т.б.

Зат, құбылыс атаулары:

ᠮ ᠶ ᠶ	жаз – жаз
ᠮ ᠶ ᠶ	қар – қар
ᠮ ᠶ ᠶ	қыш – қыс
ᠮ ᠶ ᠶ	таг – тау
ᠮ ᠶ ᠶ	таш – тас

Хайуанат, құс және жәндік аттары:

ᠮ ᠶ ᠶ	ат – ат
ᠮ ᠶ ᠶ ᠶ	ионт – жылқы



Ʒ Ǝ Һ Ғ	іңгек – сиыр
Ғ Ү Ң Ӓ	бөрі – бөрі, қасқыр
Ѕ ↓ > Ɔ	бука – бұқа
Ʒ Ɔ Ʒ	киік – киік
⊕ Ғ	ыт – ит
) Ҷ Ү Ҷ	лағзын – шошқа
Ұ > Һ	қуш – құс
Һ Ғ Һ Ӓ	бічін – мешін т.б.

Қоғамдық құрылысқа қатысты атаулар:

↓	ел – ел
) Ү Һ	қаған – қаған
Ǝ Ӓ	без – бек
↓ > Ҷ Ɔ > Ɔ	бұйруқ – бұйрық
Ʒ Ұ	шад – уәзір
Ɔ Ɔ	бай – бай т.б.

Адамға байланысты атаулар:

Ѕ ⊕	ата – ата
Ѕ )	ана – анна
Ғ Һ Ғ	іні – іні
Ғ Ү Ү Ғ Ғ	сіңлі – сіңлі
) > ⊕ Һ	қатун – катын
Ҷ Ғ Ɔ	қыз – қыз
↓ Ү >	оғул – ұл, оғыл
Һ Ғ Ү Ʒ	келін – келін
Ӣ Ǝ Ұ Ӣ Ʒ	күдегү – күйеу т.б.

Қимылдық ұғымның аттары:

Ӣ Ӣ Ɔ	күч – күш
Ǝ Ү Ӓ	біліг – білік
Ʒ Ү Ҷ > Ɔ	былғанч – былғаныш

Географиялық атаулар:

Ғ Һ Ү	Ертіс – Ертіс
⋈ Ʒ	Кем – Енисей
) > ↓ Ҷ >	Орхон – Орхон т.б.



Ескерткіштердегі зат есімдердің мағыналары бұл айтылғандармен шектелмейді.

Зат есімдер өздерінің тұлға жағынан бір буынды, көп буынды, негізгі және туынды болып келеді.

**Бір буынды зат есімдер ескерткіште аз емес, бірсыпыра:**

ᠠ	ат – ат
ᠡ	ер – ер
ᠢᠶ	йер – жер
ᠬᠨ	күн – күн
ᠴᠨ	қар – қар
ᠣ	оқ – оқ
ᠰᠢ	сү – әскер т. б.

**Көп буынды зат есімдер.** Ескерткіштерде зат есімдер тек, буынды емес, көп буынды да болып келеді:

ᠠᠯᠲᠤᠨ	алтун – алтын
ᠶᠡᠩᠭᠡᠬ	інгек – сиыр
ᠶᠡᠮᠦᠰ	күмүш – күміс
ᠴᠠᠭᠠᠨ	қаған – қаған
ᠴᠢᠵᠢᠯ	қызыл – қызыл
ᠲᠡᠮᠢᠷ	темір – темір т. б.

Морфологиялық жағынан зат есімдер сондай-ақ көптеледі (*беглер* – бектер, *уйалар* – туыстар), септеледі (*қапығқа* – какпаға, *қапыгығ* – какпаны), тәуелденеді (*оглым* – балам, *башы* – басы), кейде жіктеледі (*оглы мен* – ұлымын). Бірақ ескерткіштердегі зат есімдердің бәрі бірдей жіктеле бермейді.

Сөйтіп, зат есімдердің түрлі мағыналық, грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) ерекшеліктері – олардың тұлғалық құрамына да, жасалу тәсіліне де катысты.

### Род категориясы

Көне түркі, оның ішінде Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде Үнді-европа тілдеріндегідей род категориясы жоқ. Өйткені түркі сөздерінің бір-бірінен родтық өзгешелігі болмайды.



Түркі тілдерінде ешқандай грамматикалық көрсеткішсіздер-ак өзінің лексикалық мағынасы жағынан белгілі бір жынысты білдіретін сөздер кездеседі. Олар семантикалық жақтар адамның, хайуанаттардың белгілі бір жынысын білдіреді. Мұндай сөздер ескерткіш тілдерінде баршылық:

ᠰ ᠬ	<i>Ата</i> – ата
ᠰ ᠢ ᠶ	<i>огул</i> – ұл
ᠰ ᠶ ᠬ ᠨ	<i>қатун</i> – қатын
ᠴ ᠢ ᠳ	<i>қыз</i> – қыз
ᠨ ᠢ ᠶ ᠸ	<i>келін</i> – келін
ᠰ ᠢ ᠶ ᠢ	<i>сіңлі</i> – сіңлі
ᠰ ᠨ ᠰ	<i>іні</i> – іні т.б.

Ескерткіштерде бірең-саран синтаксистік әдіспен жасалған *қыз огул* – *қыз бала* сияқты сөз тіркестері де кездеседі. Бірақ олар көп емес.

### Көптік жалғау

Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі зат есімнің көптік жалғауы заттардың біреу емес, көп екендігін білдіреді. Көптік ұғымды білдіретін жайттар ерте заманның өзінде-ак қалыптасқан.

Қазіргі замандағы түркі тілдері сияқты көне түркі ескерткіштері тілінде де зат есімнің көптік жалғауы үш түрлі жолмен жасалады: 1) морфологиялық, 2) лексикалық, 3) синтаксистік.

**Морфологиялық тәсіл.** Көптік мағынаны білдіру үшін негізгі және туынды түбірге *-лар*, *-лер* қосымшалары жалғанады. Дыбыс үндестігі бойынша түбірдің соңғы буыны жуан болса *-лар*, жіңішке болса *-лер* қосымшалары жалғанады.

Жуан буынды сөздерде:

ᠨ ᠵ ᠬ	<i>атлар</i> – аттар
ᠨ ᠵ ᠶ ᠵ ᠨ	<i>қадашлар</i> – жолдастар

Жіңішке буынды сөздерде:

ᠶ ᠶ ᠸ ᠶ	<i>беглер</i> – бектер
---------	------------------------



ʏ ʏ ʏ            ерлер – ерлер  
 ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ    келіндер – келіндер  
 ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ    күдегүлер – күйеулер<sup>1</sup>

2. Көптік мағына беретін қосымшалардың бірі – *т*. Ол көне монғол тіліндегі «-д»-мен сәйкес келеді. Бұл қосымша көне түркі жазба ескерткіштерінде атақ-дәрежені көрсететін аздаған сөздердің құрамында кездеседі:

ʏ ʏ ʏ ʏ            *Тарқан* – тарқан (таркандар)  
 ʏ ʏ ʏ              *Шад-апыт* – шад апалар

3. Көптік мағына беретін көне қосымшалардың бірі *бі-з*, *сі-з* есімдіктерінің құрамында келетін – *з*. Н.К. Дмитриев: «-ыз, -із является архаичным показателем множественности», деп жазды<sup>2</sup>.

ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ            *бегіміз* – бегіміз  
 ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ ʏ        *марымыз* – оқытушымыз  
 ʏ ʏ ʏ ʏ              *қаныңыз* – қаныңыз  
 ʏ ʏ ʏ                *ачыңыз* – апаңыз

дегендегі -ыз, -із тәуелді жалғау қосымшалары бір кездерде, тіпті Орхон-Енисей түркі ескерткіштері тілі қалыптасқанға дейінгі көптік жалғаудың ескі түрі болар деген ойдан да біз аулақ емеспіз.

**Лексикалық үрдіс.** Ескерткіштер тілінде көптік лексик категория екі түрде жүзеге асады: алдымен көптік мағына лексикадағы жеке сөздердің семантикасына байланысты болады және көптік мағына сөз тіркестері арқылы да беріледі.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде төмендегідей сөздер көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғымды білдіреді.

1. Ру, тайпа, халық аттарын білдіретін кейбір жинақты ұғымы бар сөздер:

ʏ ʏ ʏ ʏ            *қыбчақ* – қыпшақ

<sup>1</sup> С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, 50-51 беттер.

<sup>2</sup> Н.К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948, 57-бет



ЧҮ >  
ЭҮРН

оғуз – оғыз  
түрк – түркі т.б.

2. Лексикалык мағынасының өзінде көптік ұғымы бар сөздер:

ЭЕНГ

інгек – сиыр

ЧРЭ

көз – көз

НҮЈ > Н

құлғақ – құлак

ҮЗЗ

адаг – аяқ т. б.

3. Даралап санауға келмейтін кейбір зат есімдер:

) > ЭЧ

алтун – алтын

ҮМЖЭ

күмүш – күміс

АҮ

сач – шаш т.б.

4. -лыг, ліг (лық, лік) жұрнақтар арқылы жасалған дерексіз зат есімдер жеке ұғымда да, көптік ұғымда да кездесе береді.

ҮЈ)ҮН

қағанлыг – қағандык

ЕҮЕЯ

бегліг – бектік

Синтаксистік әдіс. Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде көпті мағына сөз тіркестері арқылы да жасалады. Олар төмендегідей:

1. Зат есімнің алдында оның қанша екендігін көрсететін сан есімдер болса, оларға көптік жалғауы жалғанбайды.

ГІГЭ: ЧМЭ: ГНЭ

йүз кісі – жеті жүз кісі

НЖРН: ) >

он түмен сү – он мың әскер

2. Зат есімдердің алдында қоп – көп, үкүл – бүкіл сияқты анықтауыштар айтылса, оларға көптік жалғауы жалғанбайды.

ГЗЗҮ > Ү: 1 > ↓

Коп соғды – көп соғды

Т ҮЭМ

үкүл ер – бүкіл ер

3. Кейбір қос сөздер де ешбір көптік жалғаусыз-ақ көптік ұғымды білдіреді.

ЧЗЗ > Н: ЧГД

қыз-қудуз – қыз-қырқын



## Зат есімдердің тәуелденуі

**Тәуелдік жалғаулар.** Жазба нұсқаларда белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін керсететін грамматикалық категория – тәуелдік жалғаулар да кездеседі.

Тәуелдік жалғаулар үш жаққа және жекеше, көпше болып бөлінеді. Ескерткіштер тілінде кездесетін тәуелдік жалғаулар:

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	м, -ым, -ім, -ум, -үм	-мыз, -ымыз, -іміз
II жақ	-ң, -ың, -ің, -уң, -үң	
III жақ	-ы, -і, -сы, -сі	-ы, -і, -сы, -сі

### Жекеше

I жақ: *анам – аням, ечүм – бабам, елім, ілім – елім, інім – інім, сабым – сөзім, оглым – ұлым, будуным – халқым, қызым – кызым, сүм – ескерім, йылқым – жылқым, қатуным – қатыным, йерім, йірім – жерім.*

II жақ: *елің, ілің – елің, еркің – еркің, оглың – огланың – ұлың, йашың – жасың.*

III жақ: *басы, башы – басы, буңы – мұңы, богзы – тамағы, ері – ері, йағы – жауы, елі, ілі – елі, азуқы – азығы, будыны – халқы, елчісі – елшісі, апасы – апасы, кійікі – киігі, оглы – ұлы, улығы – үлкені, үлегі – үлесі.*

### Көпше

I жақ: *атларым – аттарым, ачаларым – әжелерім, күдегүлерім – күйеулерім, ерлерім – ерлерім, тонларым – киімдерім, келіндерім – келіндерім, ечүміз – анамыз, қаңымыз – қанымыз, бегіміз – бегіміз, йағымыз – жауымыз.*

II жақ: *алпыңыз – батырыңыз, атыңыз – атыңыз, еліңіз, іліңіз – еліңіз, қаныңыз – қаныңыз.*

III жақ: *інілері – інілері, беглері – бектері.*

## Зат есімнің септелуі

Орхон-Енисей жазба нұсқаларында жеті түрлі септік бар.

Олар: 1. Атау



2. Ілік

5. Жатыс

3. Барыс

6. Шығыс

4. Табыс

7. Көмектес (не құралды септік)

Әр септіктің өзіне тән тұлғалары бар.

**Атау.** Атау септігінде тұрған сөздердің арнайы жалғауы болмайды.

МІГІ

*кісі, кіші – кісі*

ҮҮ

*йер, йір – жер*

ННН

*түн – түн*

ММ

*мен, бен – мен*

ҮЕҮ

*үгүз – өзен*

ТТ

*тағ – тау*

Атау септігінде тұрған сөздер негізгі түбір (*туғ – ту*), туынды түбір (*туғлығ – тулы*), тәуелді жалғаулы сөз (*оғлум – ұлым*), көптік жалғауы (*беглер – бектер, кунчуйлар – бикештер*) сөздер болуы мүмкін. Ескерткіштерде атау тұлғада сөздерде тәуелді, көптік жалғауларының жалғану, жалғанбауы шарт емес, оларға тек септік жалғаулар жалғанбаса болады.

Ескерткіште атау тұлғада тұрған сөздер төмендегідей синтаксистік қызмет атқарады:

а) Атауда тұрған сөздер бастауыш болады. *Біз екі мың ертіміз – біз екі мың едік. Өтүкен йылда йіг іді йоқ ерміс – Өтүкен койнауында жаксы йе (кожа) жоқ еді. Неңнен сабым ерсер, беңгү ташқа урдым – Көңілімде қандай сөзім болса мәңгі тасқа жаздым.*

б) Кейбір есім сөздер жеке тұрып та, немесе, көмекші сөздермен тіркесіп келіп те сөз соңында баяндауыш болады. *Біз шег ертіміз – Біз шет едік.*

в) Толықтауыш та бола алады. *Бедіз уртурдым, таш тоқытдым – Өрнек жасағтым, тас орнаттым. Йірчі йір йаңылып, боғузланты – Жершіл жер жаңылып, бауыздалды.*

г) Мезгілдік ұғымды білдіретін атау тұлғалы сөздер кейде сөйлем ішінде пысықтауыш та болады. *Қапаған қаған.. түн*



удыматы, күнтүз олурмады – Қапаған қаған... түн ұйықтамады, күндіз отырмады.

д) Изафеттік тіркесте анықтауыш та болады. *Будун боғзы тоқ ерті* – Халық тамағы тоқ еді. *Қырқ аз будуны ічіді* – қырық аз халық бағынды. *Иалаң будылығ тонлығ, чығай будынығ бай қылтым, аз будынығ үкүш қылтым* – Жалаңаш халықты киімді, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп халық еттім.

**Ілік септік.** Ескерткіштерде ілік септік заттың, қимылдың белгілі біреуге тән екендігін білдіреді. Ілік септіктегі сөз ешуақытта жеке айтылмайды. Олар үнемі тәуелді жалғаулы сөздермен тіркесіп келеді.

Ілік септіктегі сөздер *-ың, -ің, -ның, -нің* (*-уң, -үң, -нуң, -нүң*) қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. *Қаның субча йүгірді, сүңкүң тағша йатды, белгілік уры оглың құл болты, сілік қыз оглың күң болты.* – Сенің қаның судай ақты, сенің сүйегің таудай болып үйілді, бектік таза ұлың құл болды, сұлу қыз балаң күң болды.

*Табғач қағаны* – Табғаш қағаны. *Оның қағаны* – оның қағаны. *Өзүм аз йірім* – өзімнің аз жерім.

**Барыс септік.** Ескерткіштерде барыс септікте тұрған сөздер бір істің, қимылдың бет алысын, бағытын, орнын көрсетеді. Барыс септігі төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады:

1. *-қа, -ке, -ға, -ге:*

ᠰᠨᠢᠸ тағқа – тауға

ᠰᠨᠢᠯᠠ қапығқа – қақпаға

ᠰᠢᠵᠢ йерке – жерге

ᠰᠢᠵᠢᠸ үгүзке – өзенге

*Табғаш қағанға көрміш* – Табғаш қағанға бағынды. *Темір қапығқа тегі: сүледіміз* – Темір қақпаға дейін соғыстық. *Кімге іліг қазғанурмен* – Кімге елді пайдаланамын. *Түпүтке кішіг тегмедім* – Тибетке кішкене жетпедім. *-қа, -ге* тұлғалары Орхон ескерткіштерінде кездеспейді, бірақ Енисей ескерткіштерінде сөздің аяғы қаған дыбысқа бітсе де, ұяң дыбыстарға бітсе де



үндестік заңына сәйкес *-ға, -ге* қосымшалары арқылы келетін бірнеше сөздерді кездестіреміз.

ГНДЗН қунчуйымға – бикешке

ГЕНЕХ Едгүге – игілікке

Г' > 8 J Алтуға – кісі аты -

2. *-ғару, геру*. Құранды қосымшалар. Олар барыс септітің *-қа* және *-ру, -рү* жұрнақтары арқылы жасалған.

> 4 ↓ > D йоқару – жоғары

НТЕУГ ілгеру – ілгері

НТЕЯ ебгеру – үйге қарай

> 4 ' Ч ' > оғуағару – оғузқа қарай

> 4 ' ) Г ынағару – әрі қарай

Ілгеру күн тоғсыққа – Алға күн шығысқа қарай. Мағы қорған қышлап, йазыңа оғузғару сү ташықдымыз – Мағы қорған қыстап, жазына оғузға қарай әскер жинадық.

3. *а, -е*. Жіктеу есімдіктері мен тәуелді жалғаулы сөздерден кейін жалғанады.

ГДГЯ баңа – маған

ГД > 3 J ебіме – үйіме

ГДГНГ будуныма – халқыма

ГЧ)Н ініме – ініме

ГЧІГ қаныңа – қаныңа

ісіңе – ісіңе т.б.

4. *-йа, -йе* негізінде оғыз тілдеріне тән қосымшалар.

ГЭУГЯ бірйе – оңға, оңтүстікке

ГДЧГЭ йырайа – солға, солтүстікке

ГДЧ)Н құрййа – кейінге, батысқа

5. *-ру, -рү* кейбір сөздерге қосыла келіп те істің бағытын, бет алысын көрсетеді:

> 4 ↓ J баңару – маған қарай

> 4 ↓ аңару – оған қарай

6. *-ра, -ре*:

ГЧУ8 ташира – тысқа,



ЎҮҮМ

өңре – алға

ЎҮЛГ

ічре – ішке, ішке қарай

Ескерткіштерде кездесетін барыс септігі сөздері көбінесе етістіктермен тікелей де, жанай да байланысып, қимылдың бағытын, бет алысын, мақсатын, мезгілін, білдіреді. Бұған ескерткіштерден кейбір мысалдар келтірейік. *Анта өтрү қағаныма отүндүм* – Содан соң қағаныма өтінішімді айттым. *Татабы будун табғачқа көрміс* – Татабы халқы табғашқа бағынды. *Ініме, оғлыма анча өтледім* – Ініме, ұлыма сонша өсиетайттым. *Тайлуйқа кічиг тегмедім* – Теңізге кішкене жетпедім. *Неке тезөрбіз* – неге қашамыз. *Иеті йегірмі йашыма таңут тапа сүледім* – Он жеті жасыма келгесін таңуттарға қарсы соғыстым. *Бір йылқа біш йолы сүңүшдіміз* – Бір жылға бес рет соғыстық (жылына бес рет соғыстық).

Жоғарғы келтірілген мысалдарға қарағанда барыс септігінің қызметі мен мағыналары қандай екендігін байқадық. Сөйтіп олар не толықтауыш не пысықтауыш мүше болып келеді.

**Табыс септік.** Ескерткіштерде табыс септіктегі сөздер іспен, малмен тікелей байланысты болып, төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады.

1. -ны, -ні, -ы, -і:

ГНЯ

бені – мені

ГНІ

сені, сіні – сені

ГНЧГЯ

бізні – бізді

Г) > Ј

буны – бұны, мұны

Г)

аны – оны

2. ыг, -іг, -үг, -үг, (-г, -г):

Г) } } > Ј

будыныг – халықты

Г) Ұ Ғ

ташыг – тасты

ЄНІ

сүг – әскерді

ЄІГ

ісіг – істі (жұмысты)



-ыг, -іг, -уғ, -үғ тұлғалары қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді. Бірақ монғол тілінде табыс септігінің көрсеткіші түрінде жиі қолданылады.

Табыс септікте тұрған сөздер ашық түрде де, жасырын түрде де келе береді.

а) Табыс септіктің ашық түрі нақтылы, белгілі нәрсені көрсеткенде қолданылады.

*Қарығ секім – қарды тазаладым. Бу сабымын едгүтү есід, қатығды тыңла.* – Бұл сөзімді жақсы есіт, ұқыпты тыңда. *Қырқ азығ уда бастдық* – қырқ азды ұйқыда бастық.

б) Табыс септігінің жасырын түрі кейде айқын көрсетілмей көмескіленеді.

*Иерчі тіледім – жершіл тіледім. Сү йорытдым – әскер жүргіздім. Бу сү елт* – Бұл әскерді жүргіз.

Табыс септігі сөз, сөйлем ішінде толықтауыш болып келеді.

**Жатыс септік.** Ескерткіштердегі жатыс септікте тұрған сөздер мекенін, орнын, мезгілін білдіріп, *-та, -те, -да, -де* жалғауларының жалғануы арқылы жасалады.

Л ЗЗҮӘ	ташда – таста
Л НҮҮ	ілге елте – елде
Л Ө'ІН	қаганта – қағанда
Л ӘҮҮД	йышта – алқапта
Л ӘЈ > Д	йолта – жолда
Л ЗЗ'І Ә	тағда – тауда

*Елте буң йоқ* – Елде мұң (қайғы) жоқ. *Бу йерде олтуруп* – Бұ жерде отырып. *Өтүкен йышда йіг ілі йоқ ергі* – қойнауында жақсы йе (кожа) жоқ еді. *Алтун йышда ол мыз* – Алтай қойнауында отырдық.

Жатыс септіктегі сөздер сөйлем ішінде жанама толықтауыш не пысықтауыш болады.

Текстерде кей кездері шығыс септіктің орнына жатыс септіктің де қолданылатын кездері бар.



*Қырық азда йантымыз – Қырық аздан қайттық. Түргесганта көрүг келті – Түргеш қағаннан хабаршы келді.*

**Шығыс септік.** Шығыс септік кимылдың шығу орнын, мекенін білдіріп, *-тан, -тен, -дан, ден, (-тын, -тін)* қосымшалар арқылы жасалады. Ескерткіштерде шығыс септік басқа септіктерге карағанда, сиректеу кездеседі.

<b>НХҮН</b>	<i>беріден – беріден</i>
<b>УЗЗҮН</b>	<i>айырдан – алдынан</i>
<b>НХҮН</b>	<i>өңден – алдынан</i>

**Көмектес септік.** Ескерткіштерде көмектес септік *-ын, -ін, -н* және *бірле* сөзі арқылы жасалады.

<b>УҮН</b>	<i>қышын – қысымен</i>
<b>УҮН</b>	<i>йазын – жазымен</i>
<b>УД</b>	<i>йайын – көктеммен</i>
<b>НҮН</b>	<i>көлікін – көлікпен</i>
<b>НҮН</b>	<i>сүңігін – сүңгімен</i>

*Көзін көрмедүк құлқақын естімедүк – Көзімен көрмеген, құлағымен естімеген. Сүңүгін іачдымыз – сүңгімен аш Анын бармыс – Анымен бардық. Күлтегін йадагын олайу тегді – Күлтегін жаяуымен шабуылға шықты.*

*Інім Күлтегін бірле қазгантым – Інім Күлтегінмен қолдандым. Алты отуз йашыма чік будун қырқ аз бірле йагы болты – Жирма жасымда чік халқы қырық азбен бірге жау болды. Қаганын бірле Соңа йышда сүңүшдім – Қағаныммен бірге Соңа алқабында соғыстым. Білте Тониқуқ бірле Ілтеріс қаган болайын – Білгіш Тониқуқпен бірге Ілтеріс қаған болайын.*

**Жіктік жалғау.** Ескерткіштерден жіктік жалғаулы сөздерді де кездестіреміз. Олар сөйлемде әруақыт баяндауыш. Жіктік жалғаулары есімге жалғанғанда I, II жақтың қосымшасы болады, ал III жақтың қосымшасы болмайды. Бұған текстерден мысалдар келтіре кетейік: *Ол йергерү барсар, тү, дун, өлтөчісен – Ол жерге қарай барсаң, түркі халқы, өлмөшісің. Өтүкен йыш*



олурсар, беңгү іл туту олуртачысен – койнауында отырса, ел ұстап отырасың.

### Зат есімдердің жасалуы

Текстердегі зат есімдердің бір тобы есімдерден жасалса, екінші тобы етістіктерден жасалады.

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар. 1. -чы, -чі. Ерте заманнан бері жиі қолданып келе жатқан өнімді жұрнақтар.

ГЛ>'D Айгучы – кеңесші

ГЛЧХЯ бедізчі – шебер

ГЛ'ID йагычы – қолбасшы, әскер басы

ГЛТQ йерчі – жершіл

ГЛ'ID Иогчы – жоқтаушы

ГЛ&'MY сыгытчы – жылаушы

ГЛNEKR ітгүчі – құрылысшы

Бунча бедізчіг келурті – Сонша шеберлерді келтірді. Айгучысы білге ерміс – Кеңесшісі білгіш еді. Иагычысы бен ертім – Қолбасшысы мен едім. Барқ ітгүчі, бедіз йаратымға бітіг таиш ітгүчі табғач қаған чықаны Чаң сеңүн келті – Жай салушы, өрнек орнатушы, жазулы тас қашаушы, табғаш қағанынан чықан Чан сеңүн келді.

2. -даш. Көп емес, аздаған сөздер құрамында кездеседі.

ҰZZH қадаш – туыс

ҰZZ адаш – жолдас

Кадашым тапдым – туысымды таптым. Анта алыг адашыды адырылтым – Сонда мен көптеген жолдасымнан айрылдым.

3. -дем. Алтын ердемін үчүн бунча тутды – Батырдың ерлігі үшін сонша ұстады.

4. -лыг, -ліг, -лық, -лік. Көптеген сөз таптарынан зат есім жасайды.

'J& атлыг – атты

EYH? екінліг – егінді

'JYS башлыг – бастық



’↓)33>J	будунлыг – халықтык
€YΛM?	күчліг – күшті
€YΥΓ	іліг – елді
€Y✱X?	кедімліг – киімді
’↓) > ↓	куллыг – күлдық
€YЧГK	тізліг – тізелік
’↓) > ⚡	тонлыг – тонды

Ескерткіштерде өте кең қолданылған жұрнақтардың бірі-осы -лыг, -ліг.

5. -чыл ↓Λ⚡ атчыл – атты сүюші.

Етістіктерден зат есім жасайтын жұрнақтар. Етістіктерден зат есім жасайтын төмендегідей жұрнақтар кездеседі.

↓>4D>J	буйуруқ – бұйрық
↓Λ>	учуқ – құс
↓⚡>⚡	тутуғ – тутық
’1H	қапыг – қақпа
€YЯ	біліг – білік
€YΓ	өлүг – өлік
€YΓ?	көрүг – тыңшы, хабаршы

Темір қапығқа тегі қонтурдымыз – Темір қақпаға қондырдык. Біліг бертүк үчүи – білік бергені үшін. Бір туруқ – бір тұрақ. Өлүгі йуртда йолта йаты қалтачы – Өлігі жұртта жолда жатып қалатын.

2. -ы, -і.

Он оқ будуны қалысыз ташықмыс – Он оқ халқы қалмай жиналды.

3. -ус, -ус, -уш, -үш

ҰЧ>	уруш – ұрыс
ҰЧГ	сүңүш – соғыс

4. -қу, -кү, -ғу, -гү.

ГΛ€KΓ	ітгүчі – құрылысшы
М€ЧГ	үзгү – үзгі



>і'↓1>δ топлағу – топтаушы

5. -ма, -ме.

↓>УУ

йелме – желме (разведка)

6. -нч, -ынч, -інч.

оНКЭ

өтүнч – өтініш

р<т,кэ

былғанч – былғаныш

нчэ

тарқанч – тарканыш

7. -ым, -ім, -ум, -үм.

>δУ

батым – батым

>ХУ

кедім – киім

>4У

карым – дүние

Сүңг батымы қарығ секдім – Сүңгі батым қарды аршыдым.  
Барымын анта алтым – Дүниесін сонда алдым.

8. -ан, -ен.

нУ

ерен – өрен

↓'і>

оглан – ұл

9. -сық.

δ1δУ

батсық – батыс

δ1'і>δ

тоғсық – шығыс

### Сын есім

Ескерткіштерде заттың сынын, белгісін білдіретін сын есімдер де кездеседі. Олар – ерте заманнан бастап-ақ өзінің семантикалық мағынасы жағынан да, морфологиялық ерекшеліктерімен де, сөйлемдегі қызметі жақтарынан да саралана қалыптасқан сөз табы.

Сын есімдер өзінің мағыналық жақтарынан бірнеше топқа бөлінеді, тұлғасына қарай негізгі және туынды (катыстық) сын есім болып екіге бөлінеді.

Негізгі (сапалық) сын есімдер заттың түрі мен түсін, сыны мен сапасын, сапасы мен белгісін білдіреді.

ВМУ

көк – көк

↓рчд

қызыл – қызыл



ҮҮУ	сарығ – сары
ЈУD	йашыл – жасыл
ME9	игі – игі, жақсы
НЧ	арық – арық
ЧЖI	семіз – семіз
УD	йаш – жас
УҮ>D	йоган – жуан
УУУ9	йінчке – жіңішке
УУ>	улуғ – ұлы, үлкен
УУУУ	кішіг – кішкене

**Қатыстық сын есімдер.** Ескерткіштерде қатыстық сын есімдер бір затпен екінші заттың қатысын, байланысын білдіреді. Олар жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

а) Есімдерден сын есім жасайтын жұрнақтар.

1. -лы, -лі.

ГЈ↓>У	буқалы – бұқалы
ГҮГМГ	інілі – інілі
ГҮЕЯ	беглі – бекті

2. -лығ, -ліг, -лық, -лік.

УҮЈ'У>ъ	туғлығ – тулы
УҮЈъ	атлығ – атты
ЕҮҮМЛ	чөлліг – шөлдік
УҮЈ'УЖ>D	йұмғылығ – жинақты
УҮЈНЧD	йарақлығ – жаракты

3. -сыз, -сіз.

ЧI>>ъ	топсыз – киімсіз
ЧIЈ>D	йолсыз – жолсыз
ЧI'U	йағысыз – жаусыз
ЧIEYЯ	білігсіз – біліксіз
ЧIRXГ	ідісіз – иесіз
ЧI>У	сансыз – сансыз

4. -қы, -кі, -ғы, гі.

ГЛ)У	ашнуқы – алғашқы
------	------------------



ҮҮҮҮҮ ең ілкі – ең ілкі  
 ҮҮҮҮҮҮҮ табғачгы – табғашқы  
 >ҮҮҮҮҮ башгы – басқы

5. -дақы, -декі, -тақы, -текі.

ҮҮҮҮҮҮҮ көңүлдекі – көңілдегі  
 ҮҮҮҮҮҮҮ булундақы – төрт бұрыштағы  
 ҮҮҮҮҮҮҮ балықдақы – қаладағы  
 ҮҮҮҮҮҮҮ йердекі – жердегі  
 ҮҮҮҮҮҮҮ оңрекі – алдағы  
 ҮҮҮҮҮҮҮ чірекі – ішкі

6. -ге.

ҮҮҮҮҮҮҮ билге – білгіш, дана

Қағаны алп ерміс, айгұчсы билге ерміс – қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді.

7. -сыг.

ҮҮҮҮҮҮҮ йылсыг – бай, дәулетті

Нең йылсыг будунқа олурмадым – Қандай бай халыққа (хан болып) отырмадым.

8. -таг, -тег:

ҮҮҮҮҮҮҮ бөрітег – бөрідей  
 ҮҮҮҮҮҮҮ қойтег – қойдай  
 ҮҮҮҮҮҮҮ теңрітег – тәңрідей

Теңрітег теңріде йаратмыш түрк Білге қаған сабым – тәңрідей тәңіреде жаратқан түркінің білгіш қаған сөзі. Қаған сүсі бөрі тег йагысы қой ерміс – Қаған әскері бөрідей, жауы қойдай еді.

### Сын есімнің шырайлары

Ескерткіштерде сын есімнің төмендегідей шырайлары кездеседі.

1. Жай шырай

ҮҮҮҮҮ қызыл – қызыл  
 ҮҮҮҮҮ қара – қара



ҚМВ

көк – көк

ҰҰУ

сарығ – сары

2. Салыстырмалы шырай. Тексттерде салыстырмалы шырай төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады.

а) -рақ:

АҰУА

ақсырақ – ағырақ

б) -тег:

БҰҒУҒА

бәрітег – бәрідей

БҰҒУҒА

теңрітег – теңрідей

3. Күшейтпелі шырай. Ескерткіштерде күшейтпелі шырай ең күшейтпелі үстеуі арқылы жасалады.

ЕҒҮҒ:Ұ

ең ілкі – ең ілкі.

*Ең ілкі Тоғу балықда сүңүшдіміз* – Ең ілкі Тоғу қаласында соғыстық. *Ең ілкі Күлтегін Тадықын Чорың боз атығ бiнiп тегдi* – Ең ілкі Күлтегін Тадықын Чордың боз атын мініп тиісті.

Сөйлем ішінде сын есімдер, негізінде, анықтауыш болады.

*Анта кісre інісі ечісін тег қылынмадуқ ерінч, оғлы қаңын тег қылынмадуқ ерінч білігсіз қаған олурмыс ерінч йаблақ қаған олурмыс ерінч, буйруқы йеме рiльгсіз ерінч йабіақ ерміс ерінч* – Содан соң інісі ағасындай болмады, ұлдары атасындай олмады, біліксіз қағандар отырған екен, жаман қағандар ырған екен, әмірі де біліксіз екен, теріс болған екен.

Текстегі кейбір сын есімдіер көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, күрделі баяндауыш та болады.

*Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті* – Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді. *Будун богзы тоқ ерті* – Халықтың тамағы тоқ еді.

Кейде сын есімдер заттанып (субстантивтеніп) сөйлемнің бастауыш, толықтауыш мүшелері де болады. *Улугы шад ерті* – Үлкені шад еді.

Сын есімдер кейде етістіктен болған мүшенің алды тұрып пысықтауыш та болады.



## Сан есім

Ескерткіштерде заттың, саның, ретін білдіретін сан есімдер кездеседі. Сан есімнің өзіне тән семантикалық ерекшеліктері болады. Олар жеке тұрғанда абстракті ұғымды білдіреді. Бірақ олар тілде, негізінде, затты не болмаса оқиғаны сан жағынан анықтап береді. Сол кезде ғана олардың мағынасы анықтала түседі. «Понятие числа и фигуры взяты не откуда-нибудь, а только из действительного мира. Десять пальцев, на которых люди учили считать т.е. производить первую арифметическую операцию, представляют собой все, что угодно, только не продукт свободного творческого разума. Чтобы считать надо иметь не только предметы: подлежащие счету, но обладать уже и способностью отвлекаться при рассмотрении этих предметов от всех их та способность есть результат долгого, опирающегося на опыт, исторического развития»<sup>1</sup>.

Текстегі *он* – ненің саны екені бізге жеке тұрғыда белгісіз, абстракті түсінік. *Он оқ қағаны йағмыыз ерт* – Он оқ қағаны жауымыз еді – десек, онда сол он санының мағынасы анықталып, түсінікті болады.

VI-VIII ғасырда өмір сүрген орхон-енісей түркілері ниетті тайпалардың бірі болған. Ескерткіштер тілінде есімдер сол дәуірдің өзінде-ақ әбден қалыптасқан сөз табының бірі болған. Ескерткіштер тілінде қазіргі түркі тілдерінде кездесетін сан есімдердің бәрі де кездеседі.

Текстердегі сан есімдер құрамына қарай екіге бөлінеді.

а) дара сан есімдер,

б) күрделі сан есімдер.

Дара сан есімдер. Бір ғана сөздерден жасалады, олардың лексикалық мағыналары әр түрлі.

ҮҮЯ

бір – бір

ГҮ

екі, ікі – екі

<sup>1</sup> Маркс К. и Энгельс Ф. Соч., т. 20, 37-бет.



АМ үч – үш  
)> он – он

Күрделі сан есімдер сөз тіркесі мен сөздердің қосарлануы арқылы жасалады.

Сөз тіркестері арқылы жасалған күрделі сан есімдер:

ҮГӘ:МӘ екі бың – екі мың  
ҶМҮ:ТН йеті йүз – жеті жүз  
ҮГӘ:ТӘД алты бың – алты мың  
МӘМН:КҮМН төрт түмен – қырық мың

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сан есімдер:

ҮГӘ:АМ:МӘ екі үч бың – екі-үш мың  
ТӘ:ҮГӘ бір-екі – бір-екі

### Сан есімдердің мағынасына қарай бөлінуі

Ескерткіштер тіліндегі сан есімдер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

1. Есептік сан есімдер,
2. Реттік сан есімдер,
3. Жинақтық сан есімдер,
4. Бөлшектік сан есімдер,
5. Белгісіздік сан есімдер,
6. Аралас сан есімдер.

Есептік сан есімдер: Заттың дәл санын білдіріп, басқа сан есімдердің жасалуына негіз болады. Олар төмендегідей.

Бірліктер:

ҮГӘ бір – бір  
ТӘ екі, ікі – екі  
АМ үч – үш  
КҮМН төрт – төрт  
ҮГӘ:ТӘ бес, биш – бес  
ТӘД алты – алты  
МНҮ йеті, йіті – жеті  
ҶТІ секіз – сегіз



ЧН > ъ

тоқуз – тоғыз

Ондықтар:

>>

он – он

рәтәҗ

йегірмі, иігірмі – жиырма

чс >

отуз – отыз

нчн

қырқ – қырық

еүҗ

еліг – елу

*Курыйа он оққа кірті* – Батыстағы (туркілердің) он одағына косылды. *Он оқ қағаны йағымыз ерті* – он оқ қағаа уымыз еді. *Елігче ер тутдымыз* – Елудей ерді тұтқын еттік. *Күлтегін ол сүнүште отуз йашайур ерті* – Күлтегін ол сүнүште отыз жасаған еді. *Иетміс ер болты* – Жетпіс ер болды. *Күлі Чор секіз он йасап, йоқ болды*. – Ұлы Күлі Чор секс сап, қайтыс болды. *Түрк қыбчақ еліг олурмыс* – Түркі қыпшак елу жыл мекендеді.

Жүздіктер:

чнҗ

йіз – жүз

чнҗ:рнҗ

йеті йүз – жеті жүз

*Ыда таишта қалмысы құбранып, йеті йүз болты* – Бұта, тау, тас арасында қалғаны жиналып, жеті жүз болды. *Қамугы йеті йүз ер болмыс* – Бәрі жиналып жеті жүз ер болды.

Мыңдықтар:

чнҗ

бың – мың

*Иеті бын сү ілкі күн өлүртім* – Ілкі күн жеті мың әскерді өлтірдім. *Біз екі биң ертіміз* – Біз екі мың едік. *Сүсі алт ерміс* – Әскері алты мың еді.

Ескерткіштер тілінде он мың сөздің орнына қолданылатын түмен сөзі де кездеседі:

*Бес түмен сү келті*. – Елу мың қол келді. *Күҗ сеңүн башлайу төрт түмен сү келті* – Күҗ сеңүн бастап, қырық мың қол келді. *Иарус йазыда он йүз түмен сү тірілті* – Иарус жазығында мың қол жиналды.



Реттік сан есімдер. Реттік сан есімдер тексте заттың ретін білдіріп, *-нті, -нч, -ынч, -інч* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Екінті

екінті – екінші

Үчүнч

үчүнч – үшінші

Төртінч

төртінч – төртінші

Бісінч

бісінч – бесінші

Йетінч

йетінч – жетінші

Секізінч

секізінч – сегізінші

Онынч

онинч – оныншы

Йегіртінч

йегіртінч – жиыртмыншы

*Иадаг сүсін екінті күн қоп келүртім – Жаяу әскерін екі күн көп келтірдім. Екінті анта Арғуда сүңүшдім – Екінші да Арғуда соғыстым. Үчүнч Чуш башынта сүңүшдім – Үчүнч Чуш басында соғыстым. Төртінч Езгенті Қадазда сүңүшдім – Төртінші Езгенті Қадазда соғыстым. Бісінч айқа – Бесінші айға... Лу йылқа йетінч ай – Үлу жылы жетінші айға... Секізінч ай бір йаңықа сү йорыйын тідім – Сегізінші айдың бір жаңасында да әскер жүргізейін дедім. Тоқузынч ай йеті отузқа йот ертүрдіміз – Тоғызыншы айдың он жетісінде жерлеуді ұйымдастырдық. Қаңым қаған ыт йыл онинч ай алты отузқа уча барды – Менің әкем ит жылдың оныншы айының жиыртмыншысында қайтыс болды.*

Текстерде кейде реттік сан есімдердің *-қы, -кі* жұрнақтары жалғану арқылы да жасалатыны байқалды.

Ілкі – ілкі, алғашқы, бірінші

отузқы – отызыншы

*Ілкі сү ташықмыс ерті – Бірінші (алғашқы) әскер жиналған еді. Ең ілкі Тоғу балықта сүңүшдіміз – Бірінші рет Тоғу қаласында соғыстық. Ілкі күн – Бірінші күн.*

Жинақтық сан есімдер. Ескерткіштерде жинақтық сан есімдер заттың жинақталған санын көрсетіп, *-ағу, -егу* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады.



үчегү – үшеуі

Бу үчегү қабысыр – Бұл үшеуі бірігер. Үчегүн қабысып сүлелім, анта йоққысалым – Үшеуіміз бірігіп, соғысалық, сонда (оны) құртамыз.

Бөлшектік сан есімдер. Тексттерде бөлшектік сан есімдер сыңар сөзі арқылы жасалады.

сыңар – сыңар

Бізінте екі учы сыңарча артуқ ерті – Бізден екі ұшы сыңарша артық еді.

Аралас сан есімдер. Мұнда қазіргі кездегі түркі тілдеріндегідей ондықтың үстіне келесі санды қосып айтпаған, онда ондықтан бастап санау тәртібі басқаша болған. Ескерткіштерде оннан бастап санағанда, санақ басталған санның өзі айтылмай, оның бірлігімен келесі ондық қосылып айтылып отырған.

Г\*УЕҮ:ГКҮ

йеті йегірмі – он жегі

Г\*УЕҮ:ЧҒІ

секіз йегірмі – он сегіз

Ч\* > : Г\*Д

алты отуз – жиырма алты

Ч\* > : Г\*КҮ

йеті отуз – жиырма жеті

Ч\* > : Г\*Ғ

екі отуз – жиырма екі

Ч\* > : АҒ

үч отуз – жиырма үш

Г\*УЕҮ:ІХ

біс йегірмі – он бес

Г\*УЕҮ:Г\*Д

алты йегірмі – он алты

Ч\* > : УҒХ

бір отуз – жиырма бір т.б.

Йеті йегірмі йашыма таңут тапа сүледім – Он жеті жасымда Чғуттарға қарсы соғыстым. Екі отуз йашыма табғач тапа сүледім – Жиырма екі жасымда табғашқа қарсы соғыстым. Алты отуз йашыма чік будун қырқ аз бірле йагы болты – Жиырма алты жасымда чік халқы қырық азбен бірге жау болды. Күлтегін қой йылқа йеті йегірміке учды, ітоқузынч ай йеті отузқа йог ертүрдіміз. – Күлтегін қой жылы он жетінші күні қайтыс болды, тоғызыншы айдың жиырма жетінші күні жерленді.



Тоқтау сан есімдері. Тексттерде тоқтау сан есімдері *-ча, -че* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Олар ескерткіштерде онша көп емес.

ﻟﻠﭽﻢﻭ ﻳﯘﺯﭼﻪ – жүздей

ﻟﻠﻪﻭ ﻋﻠﯩﮕﭽﻪ – елудей

*Елігче ер тутдымыз* – Біз елудей ерді тұтқын еттік. *Уйгур елтебері йүзче ерін ілгеру тезін барды* – Ұйғыр елтебері жүзге тарта ермен шығысқа қарай қашты.

Белгісіздік сан есімдер. Бұлар ескерткіште көп емес.

ﭼ ﺍﺯ – аз

ﻛﻮﭖ ﻛﻮﭖ – көп

ﻛﻮﭘ ﻛﻮﭘ – көп

ﻛﺎﻣﯘﻏ ﻛﺎﻣﯘﻏ – бәрі

Аралас сан есімдер туралы тюркологтар арасында бірсыпыра пікірлер бар. В.В. Бартольд мұндай сан есімдер XI ғасырдағы «Құтадғү біліктен» кейінгі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді деп тұжырымдаса, осы ескерткіштерге еңбегінің көбін арнаған С.Е. Малов сан есімдердің мұндай санау тәртібі сары ұйғырлар тілінде әлі де жиі қолданылатындығын айтты. Аралас есімдер көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Олар қазіргі түркі тілдеріндегідей қатар қолданылған.

Сан есімдер әдетте сөйлем ішінде анықтауыш болады. Бірақ сан есімдер кейде сөйлемнің басқа мүшелері де бола береді. Егер сан есімдер көптік, тәуелдік, септік жалғауларда қолданылса, ол бастауыш та, толықтауыш та, пысықтауыш та бола алады.

### Есімдік

Есімдіктер сөз таптарының ішінде ерекше орын ұстайды. Олар заттың атың, сының, саңын білдірмейді, бірақ олардың орнына жұмсалады. Есімдіктердің нақты мағыналары басқа сөздер арқылы байқалады.



Есімдіктер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

Жіктеу есімдігі. Олар белгілі жақтарға бөлінеді.

I жақта *-мен, бен – мен, біз – біз* сөйлеушіні білдіреді.

II жақта *-сін, сен – сен, сіз, сіздер* – тыңдаушыны білдіреді.

III жақта *-ол, олар* – бегде, үшінші біреулерді білдіреді.

*Бен ебгеру түсейін* – Мен үйге қарай қайтайың. *Мен беңзү таш тоқытдым* – Мен мәңгі тас орнаттым. *Іл тута олуртачы сен* – Сен мәңгі ел ұстап отырасың. *Ол қан йоқ болтуқда кісре ел йітміс* – Ол қан жоқ болғаннан соң, ел жітгі (жок бөлді). *Ол сабыз есідіп, түн улысықым келмеді* – ол сөзді есітіп, түн ұйкым келмеді. *Біз аз ертіміз* – Біз аз едік. *Біз екі бың ертіміз* – Біз екі мың едік. *Біз қорқмадымыз, сүңүшідіміз* – Біз қорықпадық, соғыстық.

Ескерткіште кездесетін жіктеу есімдіктері септеледі:

Атау: *мен, бен – мен*

Ілік: *менің, бенің – менің*

Барыс: *маңа, баңа – маған*

Табыс: *бені, бізні – мені, бізді, аны – оны*

Жатыс: *анта – онда, бізінте – бізде*

*Бенің будуным анта ерүр* – Менің халқым сонда болар. *Білге Тониқуқ маңа айды* – Білгіш Тониқуқ маған айтты. *Қыйынығ көңлүңче ай, бен саңа не айтайын* – Қиындықты көңіліңше шеш, мен саған не айтайың. *Біз йеме сүледіміз, аны іртіміз* – Біз және соғыстық, оны кудық. *Аңару сүлемесер... ол бізні өлтүртечі күк* – Оған қарай соғыспасак, ол бізді өлтіруі ықтимал.

Сілтеу есімдігі:

➤➤

бу – бү

↓➤

ол – ол

*Тоқуз оғуз беглері, будуны бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңла.* – Тоғыз оғыз бектері, халқы бұл сөзімді жақсы есіт, мықты тыңда. *Бу йерде олурып* – бұ жерде отырып. *Бу йолын*



*йорысар, йарамачы, тидім* – Бұ жолмен жүрсе, жарамайды, дедім. *Бу түрк будунқа йарақлығ йагығ келтүрмедім* – Бұл түркі халқына жаракты жауды жолатпадым. *Ол йыл күзүн йорыдым* – Ол жыл күзінде ілгері жүрдім.

Сілтеу есімдектері септеледі, *Буны есидің* – мұны естіндер. *Буны көрү, білің* – Мұны көріп, білің. *Аны көрүп* – оны керіп.

Өздік есімдігі. Тексттерде өздік есімдігі төмендегідей сөздер арқылы жасалады:

Өз

өз – өз

Кентү

кентү – өз

Ескерткіштерде өздік есімдігі көбінесе тәуелді, септеулі түрлерінде жиі ұшырайды: *Өзүм тардуш будун үзе шад олуртым* – Өзім тардуш халқына шад болдым. *Мен өзүм қаған олуртықым үчүн* – Менің өзім қаған болып отырғаным үшін. *Тониқуқ бен өзүм табғач іліңе қылыным* – Менің өзім Білгіш Тониқуқ табғаш елінде тәрбиелендім. *Тоқуз оғуз будун кентү будуным ерті* – Тоғыз оғыз халық өз халқым еді. *Кентү будуным* – Менің өз халқым.

Сұрау есімдігі. Сұрау есімдігі ескерткіштерде төмендегідей:

Кім

кім – кім

Не

не – не

Кімке

кімке – кімге

Неке

неке – неге

Қаны

қаны – қайсы

*Ілліг будун ертім, ілім емті қаны.* – Елді Халық едім, елім енді қайда. *Қағанлығ будун ертің қағаным қаны.* – Қағанды халық едім, қағаным қайда.

*Кімге еліг қазғанурмен* – Кімге елді пайдаланамын. *Не қағанқа ісіг-күчіг бірүрмен* – Қай қағанға күш-жігерімді жұмсаймын. *Неке тезербіз* – Неге қашамыз.

Жалпылау есімдігі. Мұндай есімдіктер қағарына төмендегідей сөздер жатады:



ꞑꞑ ꞑꞑ ꞑꞑ

қамуғ – барлығы, бәрі

ꞑꞑ ꞑꞑ

бары – бәрі

ꞑꞑ ꞑꞑ ꞑꞑ

барча – барша

ꞑꞑ ꞑꞑ ꞑꞑ

бунча – мұнша

*Түрк қара қамуғ будун* – Бүкіл түркінің қара халқы. *Қамуғы йеті йүз ер болмыс* – Барлығы жеті жүз ер болды. *Буңча бітігі* – сонша жазу. *Қарлуқ тірігі бары түргеске келті* – Қарлуқ тірісінің барлығы түргешке келді. *Бунча будун келінен сығмамыс, йығламыс* – Сонша халық келіп сықтаған, жылаған.

Болымсыз есімдігі. Болымсыз есімдігі текстерде бір ғана сөз арқылы келеді.

ꞑꞑ ꞑꞑ

нең – дәнеңе

*Нең бунуғ йоқ* – Ешқандай мұңы жоқ. *Қач нең ерсер, өлүртечі күк* – Қайтсе де өлтіруі мүмкін.

Есімдіктер қай сөз табының орнына жұмсалуына байланысты сөйлемнің кез келген мүшесі бола алады. Жіктеу, өздік есімдіктері сөйлем ішінде, көбінесе, бастауыш, толықтауыш болады. Басқа есімдіктер де мағыналарына қарай сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады.

## Етістік

Етістік – ескерткіштегі ең қиын және өте күрделі сөз таптарының бірі. Етістік іс, амал, қозғалыс, қимыл, жай-күйге байланысты процестерді қарастырады. Етістік басқа сөз таптарынан өзінің лексика-семантикалық мағыналары: морфологиялық өзгешеліктері және сөйлемдегі синтаксистік қызметі жағынан ерекше. Етістіктер негізгі түбір және туынды түрлерінде тұрып, ешқандай морфологиялық: тұлғаларды қабылдамай-ақ жақ, шақ, рай мағыналарын білдіре алады. Ескерткіштердегі есід, елт сөздері екінші жақ, бұйрық райда, келер шақта тұр.

Етістіктер тек іс-әрекетті, қимыл-қозғалысты білдіріп қана қоймайды, олар уақытты да аңғартады. Себебі етістіктегі баяндалған іс-әрекет белгілі бір уақытпен байланысты жүзеге



асады. Бұл жайттар негізінде етістіктің шақтары арқылы белгіленеді.

Етістіктер бұлармен қатар, іс-әрекеттің объектімен тікелей қатысты екендігін де көрсетеді. Олар салт және сабақты етістіктер арқылы көрінеді.

Етістіктердің тағы бір өзгешелігі – оның болымды және болымсыз болуы. Етістіктің етіс, көсемше, есімше, рай сияқты түрлері де болады. Олар етістіктің түбіріне әр түрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі етістіктер өзімен байланысты сөздердің белгілі бір септік жалғауларда тұруын талап етіп, менгеріп тұрады. Етістік сөздердің сөйлемдегі атқаратын негізгі қызметі – баяндауыш. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен белгілі грамматикалық байланыста болуы арқылы ол бастауыш та, толықтауыш та, анықтауыш та және пысықтауыш та бола алады.

Етістіктер жоғарыда көрсеткендей өз ерекшеліктерімен қатар ол басқа сөз таптарымен де тығыз байланысты. Көптеген етістіктер түрлі жұрнақтар арқылы және сөз тіркестері арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Есім сөздер сияқты көптік жалғауын қабылдайды, тәуелденеді, септеледі.

### **Етістіктің болымды, болымсыз түрлері**

Текстегі бірқатар етістіктер іс-қимылдың орындалғанын көрсетсе, енді бірқатар етістіктер іс-қимылдың орындалмағанын көрсетеді. Іс-әрекеттің орындалуын білдіретін етістіктер болымды, істің, әрекеттің орындалмағандығын білдіретін, етістіктер болымсыз: етістіктер деп аталады. Текстерде болымсыз. етістіктер жасалу үшін оның соңына -ма, -ме қосымшалары жалғанады.

✎ 8 ✎ 1 3 3 > Удымадым – ұйықтамадым

✎ 3 3 ✎ 4 1 > олурмадым – отырмадым



ЗЗ → → ↓ 4 > ↓ қорқмадды – қорықпады

Г Х → У Ғ келмеді – келмеді.

Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым  
–Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Біз  
қорқмадымыз – Біз қорықпадық. Ол сабығ өсідіп, түн удысықым  
келмеді, күнтүз олурсықым келмеді – Ол сөзді есітіп, түн ұйқым  
келмеді, күндіз отырғым келмеді.

### Етістіктердің құрылымына қарай бөлінуі

Ескерткіштердегі кездесетін етістіктер өзінің құрылысына қарай негізгі және туынды етістіктер болып екіге бөлінеді.

а) Негізгі етістіктер өзінің құрылысы жағынан төмендегідей түрлерге бөлінеді.

Г – С (дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралған етістіктер)

’і аг – шығу, көтерілу

Ғ аз – күна жасау, азу

А ач – ашу

↓ ал – алу

Ұ аш – асу

А > уқ – ұқ

У Ғ өл – өлу

А > уч – ұшу

ЗЗГ ыд – жібер

СГС (дауыссыз, дауысты және дауыссыз дыбыстар)

ЧУ бар – бару

ҮЯ бер – бір – беру

↓ > У бол – болу

ҮГЯ біл – білу

ЖГЯ бін – мін

Ч > У буз – бұз

АГЯ быч – пішу

Ѡ Ѡ йат – жат



й'г'р йыг – жи

ү'з кел – келу

ү'н'з көр – көру

ГСС (дауысты, дауыссыз және дауыссыз)

н'ү елт – ер

СГ (дауыссыз және дауысты)

л'у ба – байла

л'к те, ті – де, сөйле

г'у сы – сындыр

л'р' йе, йі – жеу

СГСС (дауыссыз, дауысты, дауыссыз және дауыссыз)

з'у санч – шаныш

↓4>↓ қорқ – қорық

Соңы дауысты дыбысқа біткен екі буынды етістіктер:

г'к'а біті – жаз

л'ч'а йара – жара

л'у'а иаса – жаса

г'ч'>'а йоры – жүр

г'↓>'а тоқы – тиіс

л'↓'г'а тыңла – тыңда

л'↓'1> опла – аттан

л'↓> ула – ұласу

Соңы дауыссыздарға біткен екі буынды етістіктер:

ч'г'зз адыр – айыр

г'о'я'↓ алқын – алқыну

а'г'и' агыт – куу

х'і есід – есіт

↓'г'ч'а йаңыл – жаңыл т. б.

Жоғарыда келтірілген етістіктердің бәрі де негізгі түбір етістіктер. Олар ешбір қосымшасыз бұйрық райдың II жағында айтылып тұр.

Туынды етістіктер. Негізгі түбір етістіктерге қосымшалар жалғану арқылы жасалған, етістіктер туынды түбір етістіктер



қатарына жатады. Туынды егістіктер есім негізді және егістік негізді болып екіге бөлінеді.

а) Есім негізді егістіктер ескерткіштерде төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

-а, -е:

*ата* – ата

*йаша* – жаса

*тіле* – тіле

*Иабғу атады* – Жабғу атады. *Иагыда бошана бошаладым* – Жаудан босана босандым (бір жола босандым). *Санағалы түшіртіміз* – Санағалы кідірдік.

-ла, -ле:

⤵⤵⤵⤵⤵⤵

*йайладым* – жайладым

⤵⤵

*аңла* – аңла

⤵⤵⤵⤵⤵

*қағанла* – қағанда

⤵⤵⤵⤵⤵

*қышла* – қыста

⤵⤵⤵⤵⤵

*топла* – топта

⤵⤵⤵⤵⤵

*тыңла* – тыңда

⤵⤵⤵⤵⤵

*сөзле* – сөйле

⤵⤵⤵⤵⤵

*қылычла* – қылышта

⤵⤵⤵

*ебле* – үйлендір

*Қағанладуқ қағанын* – қанданған қағанын. *Мағы қорған қышладуқта йут болгы* – Мағы қорғанды қыстағанда жұт болды. *Анта йайладым* – Сонда жайландым. *Темір қапығқа тегі сүледім* – Темір қақпаға дейін сүңгілестім (соғыстым).

-лан, -лен:

⤵⤵⤵⤵

*қанлан* – қандан

⤵⤵⤵

*атлан* – аттан

⤵⤵⤵⤵⤵

*қатыглан* – қатай, мықты бол.

*Түрк будун қанланты* – Түркі халқы қанданды. *Иірчі йер йаңылып, богузланты* – Жершіл жер жаңылып, бауыздалды. *Қарлуқ атланты* – Қарлуқ аттанды.



-лан, -лен кұранды аффикс, ол -ла және -н жұрнақтарынан кұралған, -ла есімдерден етістік тудыратын жұрнақ, ал -н өздік етістің жұрнағы.

-лат, -лет:

⚡ ↓ ⚡

атлат – атландыр

-д, -ад, -ед, -ай, ей:

⚡ ⚡ ⚡

башад – басшылық ету

⚡ ⚡ ⚡

бунад – мұңай

⚡ ⚡ ↓ ⚡

йоқад – жок ет (жоғалт)

⚡ ⚡ ↓ ⚡

кулад – құл қыл

⚡ ⚡ ⚡ ⚡

күңед – күңей (күң болу)

⚡ ⚡ ⚡ ⚡

ігід – көтер, жоғарылат

⚡ ⚡ ⚡ ⚡

йагыд – жау ет (жаулат)

Күңедміс, құладмыс будуныг төрүсін ычгынмыс – Күңденген, құлданған халықты еркінен айырды. Йоқаду барыр ерміс – Жоғалып бара жатқан. Түрк білге қаган түркі есір будуныг, огуз будуныг ігіду олурур – Түркінің білгіш қағаны түркшің тұтқын халқын, оғыз халқын жоғары көтерді. Иеме ігідің – Және көтерің.

-қ, -к, -ық, -ік:

⚡ ⚡ ⚡

ташық – жинал, сыртқа

⚡ ⚡ ⚡

ічік – бағын

⚡ ⚡ ⚡ ⚡

тагыг – тауға шығу

Ілкі сү ташықмыс ерті – Ілкі әскер шыққан еді. Мен ташықайын – Мен тайпадан шығайын. Қаган су тасықды, он оқ сүсі тасықды – Қаған әскері шықты, он оқ халқы, әскері шықты. Табгачқа йана ічікді – Табғашқа қайта бағынды. Қаганқа қырқ аз будуны ічікді – Қағанға қырқ аз халық бағынды. Қара түргес будуң қоп ічікді – Жай түргеш халқының көбі бағынды.

-сыра, -сіре:

⚡ ⚡ ⚡ ⚡ ⚡

қагансыра – қағансыра

⚡ ⚡ ⚡ ⚡

ілсіре – елсіре

⚡ ⚡ ⚡ ⚡ ⚡

уругсыра – ұрыксыра



-шур, -шүр.

Ч > Ұ > 1 > 0 йоңшур – жаулас

Ү > Ұ > 1 > 3 кеңшүр – даулас

Інілі-ечүлі кеңшүртікін үчүн, беглі – будуныг йоңшуртықын үчүн – Інілі-ағалының дауласқаны үшін, бекті халықтың жауласқаны үшін.

### Сабақты және салт етістік

Текстегі етістіктер мағынасына және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысына қарай сабақты және салт етістік болып екіге бөлінеді.

**Сабақты етістік.** Ескерткіштер тілінде табыс жалғаулы сөзді керек ететін сабақты етістіктер де кездеседі. Бу сабымынед-гүті есіді - Бұл сөзімді (жақсы тыңда! Чығай будунығ байқыл-тым, аз будунығүкүш қылтым – Кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Қағаным.., өтүнтүк өтүнчімін есідү бер-ті – Қағаным... өтінген өтнішімді ести берді. Аны біл-Оны біл!

**Салт етістік.** Ескерткіштерде табыс септікті қажет етпейтін салт етістіктер де кездеседі. Иеті иегірмі йашыма танут тапа сүледім – Он жеті жасымда таңғұттарға қарсы аттандым. Бір йылка біш йолы сүнүсдіміз - Бір жылда бес рет соғыстық. Күлтегін кой йылка йеті йегірміке учды - Күлтегін кой жылдың он жетісінде қайтыс болды. Қырк азда йантымыз - Қырк аздан қайттық. Түргеш қағантa көрүг келті - Түргеш қағаннан тыңшы (хабаршы) келді.

### Етістер

Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде іс істеуші адамға немесе іспен байланысты затқа іс-әрекеттің белгілі қарым-қатынасын білдіретін етістіктің түрі – етістер де кездеседі. Бұған қарағанда, етістер де тарихи категориялардың бірі болып саналады.

Ескерткіштерде төмендегідей төрт түрлі етістің түрі бар:

1. Өздік етіс.

3. Ырықсыз етіс.



2. Өзгелік етіс.

4. Ортақ етіс.

**Өздік етіс.** Ескерткіштерде істі, қимылды істеушінің, басқа біреу емес, тіке өзі істейтіндігін, я істегендігін білдіретін өздік етістер де кездеседі. Олар сабақты етістіктің түбіріне *-н, -ын, -н, -ын, -ін* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

ЖКМ

өтүн – өтін

ЖЧ'і>У

боғузлан – бауыздал

Ж)Ж

қанлан – қандан

Ж)Ж

атлан – аттан т.б.

Өздік етістің болымсыз түрлері де болады. Олар өздік етіске етіске *-ма, -ме* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

**Өзгелік етіс.** Ескерткіштер тілінде істің басқа біреу арқылы істелетінін білдіретін етістіктің түрі – өзгелік етістер де қолданылған. Олар сабақты етістіктен де, салт етістіктен де жасала береді. Өзгелік етістер төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

1. *-т, -ыт, -іт*

КҮІҮ

елсірет – елсірет

ЖЧУ)і'Ж

қағансырат – қағансырат

ЖЧ) >

олурт – отырт

КҮМІ

сүлет – соғыстыр

ЖЧD

йарат – жарат

ЖЧ>D

йорыт – жүргіз

Ж)і'Ч'і >

ограқлат – кідірт, тоқтат

Ж)↓ЧD

йазықлат – жазықтат

2. *-тур, -түр, -дур, -дүр.*

Ч>Ж'і

агтур – аударт

ҮНЖЖГЖ

бінтур – міндір

ҮНӨЖНФ

йүкүнтүр – жүгіндір

Ч>Ж) > ↓

қонтур – кондыр

3. *-ур, -үр, -ыр, -ір.*

ҮНҮЖ

келүр – келтір

ҮНҰЖ

түшүр – түсір



ҮНЕК  
ҮНВІ

*тезүр – жеткіз*

*сөкүр – сөктір*

4. *-мыз.*

*алтыз – алғыз*

Өзгелік етістің де болымды және болымсыз түрлері болады.

**Ырықсыз етіс.** Ескерткіштерде іс істеуші арнайы айтылмай, іспен байланысты зат өздігінен істелінетіндігін білдіретін ырықсыз етістер де кездеседі. Олар тек сабақты етістіктен жасалып, *-л, -ыл, -іл* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

↓ Ч ЗЗ

*Адырыл – айрыл*

Ү Ү Н

*тіріл – тіріл*

↓ К Л

*қатыл – қосыл*

↓ Ч

*арыл – арыл*

Ескере кететін бір мәселе *-ын, -ін, -н* жұрнақтары жалғанған сөздер қазақ тіліндегідей бірде өздік, бірде ырықсыз етіс болып келе береді.

**Ортақ етіс.** Ескерткіштерде іс істеуші біреу емес, бірнеше екендігін білдіретін ортақ етістер де кездеседі. Олар текстерде *-уш, -үш, -ус, -үс* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Ұ Ч >

*Уруш – ұрыс*

Ұ Ч М І

*сүңүш – соғыс*

Ұ Ч Л

*қашыш – бірге қашу*

Ұ Ч О

*йараш – жарас*

Ұ Ч Л

*қабыш, қабыс – қосылыс*

Етістердің қай қайсысының да болымды және болымсыз түрлері болады.

### Етістіктің райлары

Аталмыш ескерткіштер тілінде етістіктің төрт түрлі райы бар.

**Ашық рай.** Текстерде істелетін істің субъектісі көрсетіліп, істің істелгенін, істеліп жатқандығын, не алдағы кезде істелетіндігін білдіреді. Ашық райдың үш шағы бар.



а) **Осы шак.** Ашық райдың осы шағы істің дәл осы кезде істеліп жатқандығын көрсетеді. *Табгачыг өлүртечи* – табғашты өлтіреді. *Өтүнүчүмін есідү берті* – Өтінішімді ести берді. *Алыолур* – Ала отыр. *Кімке іліг қазғанурмен, це қағанқа ісіг* – күчіг бірүрмен. Кімге елдіді жұмсаймын. *Анта ічрекі будун көп көрүр* – Ондағы ішкі халықтың көбі бағынды.

б) **Келер шак.** Ашық райдың келер шак түрі істің әлі басталмаған, тек алдағы уақыттағы болатындығын білдіреді.

ҮҮҮҮ	келүр – келер
ҮҮҮҮ	көрүр – көрер
ҮҮҮҮ	тегүр – жеткізер
ҮҮҮҮ	қабысар – бірігер
ҮҮҮҮ	олурур – отырар

в) **Өткен шак.** Ашық райдың өткен шағы істің осыған дейін болып өткендігін көрсетеді. *Өңрекі будун келті* – Алғашқы халық келді. *Өрпенде сүңүшідім, сүсін санчдым* – Өрпенде соғыстым, әскерін шаныштым. *Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз, түн қатдымыз. Болчуқа таң үнтүрү тегдіміз* – Ертіс өзенін өткелсіз кештік, түн қаттық, Болшүкқа таң ата жеттік.

**Бұйрык рай.** Ескерткіштерде бұйрык рай II және III жақта айтылады. Түркі тілдеріндегідей бұйрык райдың II жақ жекеше түрі етістіктің түбірі болып есептеледі.

II жақ:

ҮҮҮ	біл – біл
ХІ	есід – есіт
ҮҮҮҮ	тыңла – тыңда
ҮҮҮ	айт – айт
ҮҮ	елт – апар
ҮҮ	тег – жет
ҮҮҮ	барың – барың
ҮҮҮ	білің – білің
ҮҮҮ	олурың – отырың



III жақ:

УЧ ӘГЧ > О йорымазын – жүрмесін

УЧ ЧУ барзын – барсын

УА А > У болчын – болсын

*Буны көрү білің – Мұны көріп, білің. Бу сү елт – Бұл әскерді алып бар (апар). Сү барың, Алтун йысда олурың – Әскерлер барың, Алтайда отырың (күтің)! Түрк будун йітмезүн – Түркі халқы жітнесін (жойылмасын)!*

Ескерткіштерде *-гыл, -гіл* тұлғалары арқылы келетін де бірқатар етістіктер кездеседі.

ҮЕҮГЯ білгіл – білгіл

ҮЕХІ есідгіл – есіткіл

ҮЕҮЭ келгіл – келгіл

УҮЧ > ургыл – ұрғыл

**Шартты рай.** Ескерткіштер тілінде шартты рай іс-әрекеттің істелу, істелмеуінің шартын білдіріп, *-сар, -сер* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады.

ҮІҮ ерсер – егер жүрсе

ЧУЧУ барсар – барса

ЧУЗЗ > Ө тодсар – тойса

ҮІЖҮМІ сүлемесер – соғыспаса

ЧУГ ысар – жіберсе

*Күлтегін йоқ ерсер, коп өлтечи ертігіз – Күлтегін жоқ болса, көп өлетін едіңіз. Ол йорысар, унч, – тідім – Ол жолмен жүрсе, мүмкін, – дедім. Бір тодсар ачсық өмезсен – Бір тойсаң, аштықты сезбейсің. Аңару сүлемесер – Оған қарай соғыспаса. Арқыш – тіркеш ысар, нең бунуғ йоқ – Керуен жіберсең, еш мұның болмайды. Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр – Алыс болсаң, жаман сыйлық берер.*

Бұйрық райдың болымсыз түрі *-ма, -ме* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *йелме – желме, басытма – бастырма, олурма – отырма* т. б.



**Қалау рай.** Ескерткіштерде қалау рай істеушінің іске деген белгілі ықылас-ынтасын, ниетін білдіріп, төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалды:

Қалау райдың жекеше түрі: *-айын, -ейін, -йын, -ійін* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

АЙТАЙЫН айтайын – айтайын

ҚЫСАЙЫН қысайын – қысайын

ТЕГЕЙІН тегейін – тиейін

ЙОГЛАТАЙЫН жоғлатайын – жоқтайын

Қалау райдың көпше түрі: *-алым, -елім, -лым, -лім* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

ЙОҚҚЫСАЛЫМ – құртайық

ҚАБЫСАЛЫМ – бірігейік

СҮЛЕЛІМ – соғысайық

БАРАЛЫМ – барайық

ЙАНАЛЫМ – қайтайық

*Бен саңа не айайын – Мен саған не айтайын. Білге қағантә адырылмалым – Білгіш қағаннан айрылмайық. Азмалым – азбайық.*

Текстерде кейбір қалау рай *-ғай* жұрнағы жалғану арқылы да жасалатыны байқалады:

БОЛҒАЙ – болғай

Ескерткіштерден келтірілген мысалдарға қарағанда, етістіктің рай категориясы да жаң-жақты, әр тарапты категориялардың бірі екендігін көрсетеді. Сондай-ақ етістіктің бұл категориясы етістік формалардың бәрімен де тығыз байланысты келеді.

### Есімше

Ескерткіш тілінде есімше болған сөздер қимыл-қозғалыс, іс-әрекет түрінде ұғынылмай, сапа, белгі, қасиет түрінде ұғынылады. Есімше болған сөздерде екі белгі: етістіктердің де, есімдердің де белгілері болады. Олар есім сөздердей септеледі,



тәуелденеді, көптік жалғауын қабылдайды және егістіктердей үш шаққа бөлінеді.

Есімше болған сөздер шақтық мәнді білдіруіне байланысты егістіктер тобында қаралады. Сондықтан текстегі есімшелер де үш шаққа бөлінеді.

**Есімшенің осы шағы.** Ескерткіштерде есімшенің осы шағы *-tachy, -metchi, -dachy, dechi* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

ГЛКҮМ	өлтечі – өлуші
ГЛӘЧІ>	олуртачы – отырушы
ГЛКҮМЭ	көртечі – көруші
ГЛӘІН	қалтачы – қалушы

*Ол йіргерү барсар, түрк будун өлтечісін* – Ол жерге қарайбарса, түркі халық елмешісің. *Бөдке көрүгме беглер гү йаңыл–итачысыз* – Таққа құмар бектер, сіздер, жаңыласындар ғой. *Ол екі кісі бар ерсер, сіні, табгычыг өлуртечі* – Ол екі кісі бар болса, сені, табғашты елтірер.

**Есімшенің келер шағы.** Текстерде есімшенің келер шағы *-ур, -үр, -ар, -ер, -ыр, -ір, -р* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

ҮМҮЭ	келүр – келер
ҮҮМЭ	көрүр – көрер
НЧІ>	олурур – отырар,
ҮМН	тір – дер, айтар
НДЧ>Д	йорыйур – жүрер, көшер
НУІН	қабысар – бірігер, қосылар
Ч>ІН	қалур – қалар
ҮҮВМ	үкүлер – көбейер
НІЧ>І	қорқыр – қорқар
ҮЧН	тезер – кашар т. б.

Есімшенің келер шағының болымсыз түрі *-ма, -маз, -мез* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

ЧЖҮЭ	келмез – келмес
------	-----------------



Ч ӡ Ү Ү ӡ билмез – билмес

Ч ӡ Ү Ү ӡ көрмез – көрмес т. б.

Көрүр көзім көрместег, білір білігім билместег болты –  
Көрер көзім көрместей, білер білігім билместей болды. Чуғай  
кузун Қара қумуғ олурур ертіміз – Чуғай құзың, Қара құмды  
мекендер едік. Күлтегін қырқ йашайур ерті – Күлтегін кырык  
жасайтын еді. Атығ ықа байур ертіміз – Атты бұтаға байлар  
едік.

**Өткен шақ есімше.** Тексттерде өткен шақ есімше төмендегі-  
дей жұрнактар жалғану арқылы жасалады.

а) -мыс, -міс, -мыш, -міш.

І ӡ ӧ Ծ

айытмыс – айтқан

І ӡ Ү ӡ

келміс – келген

І ӡ Ү ӡ

қалмыс – қалған

І ӡ Ү ӡ

тіміс – деген, айтқан

І ӡ ӧ > ӧ

тутмыс – ұстаған, тұтқан

б) -дуқ, -дүк, -туқ, -түк.

↓ Ө Ү Ч ӡ

қазғантуқ үчүн – пайдаланған үшін

↓ ӡ ӡ Ү ӡ > Ծ

йорыдуқ – жүрген

В ӡ ӡ ӡ Ү ӡ

ічікдүк үчүн – бағынған үшін

В ӡ ӡ ӡ Ү ӡ

өтүнтүк – өтінген

в) -ган, -ген.

Қазған – пайдаланған, пайдаға асырған.

Табысған – табысқан (қоян)

Ыда ташда қалмысы, құбранып йеті йүз болды – Бұта мен  
тастар арасында қалғаны жиналып, жеті жуз болды. Ічүкдүк  
үчүн теңрі өлүтміс ерінч – Бағынғанмыз үшін тәңрі өлтірмес  
бәлки. Өз теңрі йасар – Уақытты тәңрі өзі шешеді.

### Көсемше

Көсемше ескерткіштерде негізгі етістіктегі істің, қимылдың  
амалың, мезгілің, мақсатың, т.б. білдіріп, төмендегідей  
жұрнактар арқылы жасалады:



1. -ын, -ін, -ун, -үн, -п

᠔ᠶᠢᠨ	қылып – қылып
ᠶᠢ	алып – алып
ᠶᠢᠵᠢ	олурып – жүріп
ᠶᠢᠵᠢᠨ	йорып – жүріп, көшіп
ᠶᠢᠨ	тіп – деп
ᠶᠢᠵᠢᠨ	тезіп – қашып
ᠶᠢᠵᠢᠨ	тіріліп – жиналып
ᠶᠢᠵᠢᠨ	сүңүсіп – соғысып

Бу йірде олурып, табғаш будун түзелтім – бұл жерде отырып, табғаш халқымен дұрысталдым. Ол сабыз есідіп, түн улысықым келмеді, күнтүз олурсықым келмеді – Ол сөзді есітіп, түн ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді.

2. -пан, -пен, -пан, -іпен.

ᠶᠢᠵᠢᠨ	йорыпан – жүріп
ᠶᠢᠵᠢᠨ	сүлепен – соғысып
ᠶᠢᠵᠢᠨ	келіпен – келіп
ᠶᠢᠵᠢᠨ	тутыпан – ұстап, тұтып
ᠶᠢᠵᠢᠨ	сөкіпен – сөгіп

Дұрысында, жазба нұсқалардағы -ыпен, -іпен жұрнақтары қазіргі кездегі түркі тіліндегі -ын, -ін, -п жұрнақтары орнына жұмсалады: Отырыпан түрк будуның төрүсін, ілін тута берміш, іті бірміш – отырып, түркі халқының елдігін, ережесін колдана берген, ұстай берген. Сүңүг, батымы қарыз сөкіпен, Көгмен йышыг тога йорып, қырқ аз будуныг уда басдымыз – Сүңгі батым қарды аршып, Көгмен койнауына шығып, қырқ азды ұйқыда бастық.

3. -а, -е.

ᠶᠢᠵᠢ	уча – ұша
ᠶᠢᠵᠢ	тұта – тұта
ᠶᠢᠵᠢ	кече – кеше, өге
ᠶᠢᠵᠢ	баса – баса
ᠶᠢᠵᠢ	тога – туа, шыға



ʃ ʒ ʁ ʁ  
 ʃ ʒ ʁ

тіке – тіге  
 санча – шаныша т.б

Алтун йысыг аса келтіміз – Алтай қойнауын аса келдік.  
 Ертіс үгүзүг кече келтіміз – Ертіс өзенін кеше келдік. Беңгү іл  
 тута олуртачы сен – Мәңгі елді ұстап отырасың. Білге қаған  
 уча барды – Білгіш қаған қайтыс болды. Үч огуз сүсі баса келті –  
 Үш оғыз әскері шапшаң жүре келді.

4. -у, -ү, -йү, -йү.

ʁ ʁ ʁ ʁ

ітіну – өзі үшін істей

>>> ʃ ʒ ʁ

йаратуну – өзі үшін жаратып

ʁ ʁ ʁ

өлү – өле

ʁ ʁ ʁ

йіту – жіге

> ʁ ʁ ʁ >

оплайу – шабуылдай

ʁ ʁ ʁ ʁ

көрү – көре, бағына

ʁ ʁ ʁ ʁ ʁ

сүлейу – соғыса

Алп қағанымда адырылу бардымыз – Алып қағанымнан  
 бөліне бардық. Буны көрү білің – Мұны көре білің! Күлі Чор  
 оплайу тегді – Күлі Чор шабуылдай тиісті. Атыг өзлекі бініп,  
 оп-лайу тегіп, үч еріг санчды – Өзінің атына мініп, шабуылдай  
 тиіп, үш ерін шанышты. Татабы будун башлайу Удар сеңүн  
 келті – Татабы халқын бастап, Удар сеңүн келді. Ол суб қоды  
 бардым – Ол сумен төмен бардым. Түрк беглер түрк атын ыты,  
 табгач қағанқа көрміс – Түркі бектері, түркі аттарын лактырып  
 (тастап), табғаш қағанға бағынды.

5. -галы, -гелі, -қалы, -келі.

ʁ ʁ ʁ ʁ >

уққалы – ұққалы

ʁ ʁ ʁ ʁ

алгалы – алғалы

ʁ ʁ ʁ ʁ ʁ

үзгелі – үзгелі

ʁ ʁ ʁ ʁ ʁ > ʃ ʒ ʁ

таплагалы – топтағалы

ʁ ʁ ʁ ʁ ʁ >

олургалы – отырғалы

ʁ ʁ ʁ ʁ ʁ

өлгелі – өлгелі т. б.

Түрк будун олургалы, түрк қаған олургалы Шаңдун балық-  
 ца, талуй үгүзке тегміс йоқ ерміс – Түркі салқы болғалы, түркі



қағаны болғалы Шандун қаласына, теңізге жетпеген еді. *Сыңар сүсі ебін, барқын йулғалы барды, сыңар сүсі сүңүшгелі келті* – Әскердің жартысы үйін, жайын алғалы барды, әскердің жартысы соғысқалы келді. *Маңа уққалы келті* – Маған түсінгелі келді (мені ұққалы келді). *Өд теңрі йасар кіші оглы қоп өлгелі төрүмүш* – Уақытты тәңрі өзі шешеді, адам баласының бәрі де өлгелі жаралған.

Текстердегі көсемшелер өз алдына жеке сөз түрінде қолданылмайды, морфологиялық, жақтарынан түрленбейді, көптік, тәуелдік және септік жалғауларын қабылдамайды.

Сөйлем ішінде көсемшелер, негізінде нысықтауыш (кимыл, сың, мезгіл, мақсат, себеп) және баяндауыш болып келеді. Көсемшелер әдетте етістіктің белгілерін білдіреді.

### Көмекші етістік

Орхон-Енисей жазба нұсқаларындағы ерекшелігі мен қызметі зор, өзіндік сипаты бар етістіктердің бірі – көмекші етістіктер. Ескерткіштерде көмекші етістіктер қатарына *е, ерті, ертім, ті, те* етістіктері жатады.

*Азуқы йоқ ерті* – Азығы жоқ еді. *Түрк будун өлтечи ерті* – Түркі халқы өлмеші халде еді. *Екі үлүгі атлыг ерті* – бір үлүгі йодаг ерті – Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді. *Будун боғзы тоқ ерті* – Халықтың тамағы тоқ еді. *Иагымыз тегіре учуқ тег ерті* – Жауымыз айнала жыртқыш күстай еді.

Ескерткіштердегі кейбір, толық мағыналы етістіктер кейде көмекші етістіктер қызметін де атқарады. Ондай етістіктер қатарына төмендегідей етістіктер жатады:

↓ > ↓	бол – бол
↓	ал – ал
↓ ʌ	қал – қал
ʎ ʁ	бер – бер
ʒ ʒ ʒ	ыд – жібер
ʎ ʎ	кел – кел



ҮНЭ  
ЧУ>

көр – көр  
олур – отыр т.б.

### Күрделі етістік

Текстегі етістіктер тек қана дара түрінде келе бермейді, олар күрделі болып та қолданылады.

Ескерткіштерде күрделі етістіктер көсемше және есімше тұлғалы етістіктермен көмекші етістіктердің тіркесіп келуі арқылы жасалады.

Күрделі етістіктер жоғарыда айтқандай ылғи етістіктерден ғана жасала бермейді, есім сөздермен етістіктер аралас та келе береді: *атлыз ерті* – атты еді: *есідү берті* – есіте берді. *Иадағ ерті* – жаяу еді. *Иоқ болты* – жоқ болды, *көрүр ерті* – көретін еді, *келмез ерті* – келмес еді, *бар ерміс* – бар еді. *Күн йеме, түн йеме йелү бардымыз* – Күн демей, түн демей желе бардық. *Інім Күлтегін бірле, екі шад бірле өлү, иімі қазғантым* – інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп, жітіп пайдаландым. *Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз* – Ертіс өзенін кеше жүрдік. *Күл Чор секіз он йасап, йоқ болты* – Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды.

### Үстеу

Ескерткіштер тілінде үстеулер зат пен кимылдың өр түрлі сындық, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынының белгілерін білдіреді. Сөйлем ішінде үстеулер өдетте пысықтауыш болады. Морфологиялық жағынан түрленбейді, лексика-семантика жақтарынан ерте кездердің өзінде-ақ қалыптаса бастаған сөз таптарының бірі.

Үстеулер өзінің морфологиялық құрылысы жағынан негізгі және туынды үстеулер болып екіге бөлінеді.

а) Негізгі үстеулер:

УДГД  
УМ

қыйын – қиын  
ең – ең, бұрын



Г ъ ѳ	емті – енді
Є □	шег – алыс
Г Ч П	үзе – үстіне
↓ Ч Г	ырақ – алыс
Г Ъ Ъ > ↓	қоды – төмен

б) Туынды үстеулер. Туынды үстеулер ескерткіште төмендегі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

-ра, -ре:

Г Ч П Г	ічре – ішке
Г Ч П П	өңре – алға
Г Ч Ч ъ	ташра – тысқа
Г Ч Є К	тегіре – айнала

-ру, -рү, -ры, -рі.

П Ч Г	керү – кері
Г Ч Я	бері – бері
П Ч Я	ебрү – үйге қарай
> Ч Ч Ъ Ъ	удышыру – карсы

-йа, -йе:

Г Д Ч > П	құрыйа – кейін
Г Я Ч Я	беріе – оңғай

-гару, -геру, -гары, -гері;

> Ч ' Ч Г Д	ысгару – койнауға қарай
> Ч ↓ Д	йоқару – жоғары
П Ч Є Я	ебгерү – үйге қарай
> Ч ' Ч > ↓	құрыгару – артқа
П Ч Є Ч Г	ілгерү – ілгері
П Ч Є Ч Я	біргерү – оңтүстікте
> Ч ' Ч Г	ынагару – әрі қарай

та:

Г ⊙	анта – онда
Г ⊙ > Д	бунта – осында

-ты, -ті, -ды, -ді:

Г Ъ Ъ ' ъ П	қатығды – қатты
-------------	-----------------



ГКЭРК  
ГКРЕХ

түкегі – түгел

едгүті – игі

-ча, -че:

ГЛҮН

терче – тердей

ГЛС>I

субча – судай

ГЛ'С

тагча – таудай

ГЛС>

отча – оттай

ГЛНҮМ

өртче – өрттей

ГЗРЧМ

өзінче – өзінше

-тег:

ЕК↓Л>

учуктег – үшкыштай

ЕКD✱>

умайтег – умайдай

ЕКГҮМЯ

бөрі тег – бөрідей

ЕКD>↓

қой тег – қойдай

### Үстеулердің мағынасына қарай бөлінуі

Ескерткіштерде кездесетін үстеулер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

#### 1. Мезгілдік үстеулер:

ГС✱

емті – енді

ЖНК

түн – түн

↓С

таң – таң

ЧКЖМЯ

күнтүз – күндіз

ГЛГЯ

кіче – кеш

#### 2. Мекендік үстеулер:

ГҮЯ

кері, керу – кері

ГЗЗ>

қоды – төмен

ГҮЕҮГ

ілгеру – ілгері

ГЧ'С)Г

ынагары – әрі

ГО

анта – онда

ГО>С

бунта – мұнда

ГҮТМ

өңре – алға

ГЧМ

үзе – үстіне



Н Ч Р                    ырақ – алыс  
 Е О                      шег – алыс

### 3. Сын-қимыл үстеулері:

РҮРЯ                    ебірү – айнала  
 ЛҮЕ                      егере – айнала  
 РӘ > ↓                 қоты – күшті  
 Р Н Р Е Х              егдүгі – игі  
 Р Ә ' Ә Н               қатығды – қатты  
 ЛҮ Е К                  тегере – артқа  
 > >> >                уду – ұласа, ілесе

### 4. Мөлшерлік күшейткіш үстеулер.

Л А Ч                    азча – азғана  
 Л А Т К                  терче – тершен  
 Л А С > |                субча – судай  
 Л А Ә >                 отча – оттай

Үстеулер сөйлем ішінде әдетте нысықтауыш мүше болады.

## Шылау

Ескерткіштердегі шылаулар – дербес лексикалық мағынасы жоқ, белгілі бір заттық немесе сапалық ұғымды білдірмейтін сөздер. Олар мағыналы сөздердің мағыналарын толықтырып, сөйлемдегі сөздерді өзара байланыстырады.

Ескерткіштердегі шылаулардың, сөйлемде атқаратын қызметі мен мағыналары бірдей емес, әрқилы. Олар өз ерекшеліктеріне қарап төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Септік шылаулар.
2. Жалғаулық шылаулар.
3. Демеулік шылаулар.

**Септік шылаулар.** Септік шылаулардың өз алдына дербес мағынасы болмайды, олар белгілі бір септік (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс және шығыс, көмектес) жалғаудағы сөздермен әруақыт тіркесте келеді.

Ж А Р                    үчүн – үші



Г Е К

*тегі – дейін, шейін*

> Ч @ >

*утру – қарсы*

Ж Г Х Ғ

*кідін – кейін*

Г @

*анта өтру – содан соң*

**Жалғаулық шылаулар.** Ескерткіштер тілінде сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын кейбір шылаулар да кездеседі:

Г @ 9 : Г Х : Г 3 3 : Г К : Г @      *да, де, та, те, йана, йеме.*

*Оғлы де қаған болмыс ерінч – Ұлы да қаған болған еді. Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты – Ел және ел болды, халық және халық болды.*

**Демеулік шылаулар.** Текстерде демеулік шылаулар көп емес, бірақ кездеседі: *му, мү, мы, гү, күк.* Қаған мы қысайын – қағанды қысайын ба?

### Одағай

Жеке тұрып, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ сөйлемде адамның өр түрлі көңіл-күйін (қуану, өкіну, ренжу т. б.) білдіретін одағай сөздер де азын-аулақ кездеседі. Ол текстерде кездесетін бір-ақ сөз: Г @ D Көптеген тюркологтар бұл сөзді одағай түрінде қарайды. Біз ол сөзді одағай қатарына, жатқызбаймыз, оны көсемше Г @ D *айыта* сөзі түрінде оқимыз

## IV ТАРАУ

### СИНТАКСИС

Синтаксис – грамматиканың негізгі саласының бірі. Мұнда сөздердің бірі-бірімен тіркесу жолдары, сөйлемдердің түрлері және сөйлем мүшелері зерттеледі.

Қай тілдің болса да синтаксистік жүйесінің қарастыратын объектісі – сол тілдің синтаксистік құрылысы: сөз тіркесі мен сөйлем.



Адам баласы бір-бірімен түсінісіп, пікір алысу үшін қарым-қатынас жасау үшін сөйлейді, өз ойын бір сөзбен де, бірнеше сөз тіркестерімен де білдіреді. Бірақ сөйлемдегі сөздер адамның аяқталған ойын білдіру үшін өзара синтаксистік қарым-қатынаста, бірімен-бірі байланыста болады.

Адамзаттың ойын білдіру үшін жұмсалатын тілдің ең қажетті саласы – сөйлем. Сөйлем тиянақталған ойды білдіретін немесе бірнеше сөз тіркестерінен құралады.

VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпалары ескерткіштері тілінде сөйлемнің көптеген түрлері кездеседі. Олар мағынасына және айтылу ерекшеліктеріне қарай алдымен хабарлы, лепті және сұраулы сөйлемдер болып бөлінеді.

### Хабарлы сөйлем

Ескерткіштер тілінде сұрау, не бұйыру мағынасында болмай, жай хабарлау түрінде айтылатын хабарлы сөйлемдер де кездеседі. *Артқы күчлүг қырқ аз қаған йагымыз болты* – Артқы кушті қырқ аз қағаны біздің жауымыз болды. *Екінті күн келті* – Екінші күн келді. *Түрк будун алқынты* – Түркі халқы әлсіреді, алқынды.

Ескерткіштер тілінде кездесетін хабарлы сөйлемдердің мазмұны біркелкі бола бермейді. Олардың мәні сөйлемдегі сөздердің, сөйлем мүшелерінің, оның ішінде баяндауыштардың мағыналық және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін болғандықтан хабарлы сөйлемдер кейде болымды, кейде болымсыз болып келе береді: *Қапаған қаған түн.. удыматы* – Қапаған түн ұйықтамады. *Күнтүз олурматы* – Күндіз отырмады. *Бу түрк будунқа йарақлыг йагын келтірмедім* – Бұл түркі халқына жаракты жауды келтірмедім. *Он оқ беглері, будуны қоп, келті* – Он оқ бектері, халқы көп келді. *Түргеш қағантә көрүг келті* – Түргеш қағаннан хабаршы келді.

Жоғарыда ескерткіштерден келтірілген бес сөйлемнің алдыңғы үшеуі болымсыз, соңғы екеуі болымды сөйлемдер. Хабарлы сөйлемдер, негізінде, баяу әуенмен айтылады.



## Сұраулы сөйлем

Ескерткіштер тілінде сұраулы сөйлемдер де кездеседі. Олар сұрау есімдіктері, не сұраулы шылау арқылы жасалады: *Не буңы бар? – Не мұңы бар? Неке тезерміз – Неге қашамыз? Бен саңа не айайын? – Мен саған не айтайын? Қаған му? – Қағанды ма?*

Мұнда келтірілген алдыңғы үш сөйлем сұрау есімдіктері арқылы жасалса, кейінгі бір сөйлем сұраулық шылау *-ма* арқылы жасалып тұр.

Текстерде кездесетін сұраулы сөйлемдер де, әдетте, көтеріңкі әуенмен айтылады.

## Лепті сөйлем

Көне түркі, Орхон-Енисей жазба нұсқалары тілінде көңіл-күй мен сезімге байланысты қуану, ренжу, таңдану, бұйрық мәнде айтылатын лепті сөйлемдер де кездеседі. Текстерде олар төмендегідей:

*Көңлуңче удыз – Көңіліңше жүргіз! Арыг обуты иіг – Таза ұят – игі! Аны біл! – Оны біл! Бу су елт – Бұл әскерді апар! Жүргіз! Ианалым – Енді қайтайық! Түрк есір будун йерінте іді йорьшазун – Түркі халқы жерінде йе етуші (әкім) болмасын! Атлат – Аттандыр! т. б.*

Лепті сөйлемдер бүгінгі тілдердегідей көтеріңкі әуенмен айтылады.

## Сөз тіркесі

Ескерткіштер тіліндегі сөйлем ішінде кездесетін сөздер қалай болса, солай айтыла бермейді. Олар белгілі бір тәртіп бойынша өзара мағыналық және тұлғалық жақтарынан бірі-бірімен байланысып келеді. Олар белгілі сөз тіркестерін жасайды. Бірақ сөз тіркестерінің құрамында кездесетін сөздер әруақыт тең дәрежеде байланыспайды, бірі – екіншісіне



бағынып байланысады. Осыған орай олар не салаласа, не сабақтаса тіркеседі.

**Салаласа тіркесу.** Сөздердің бірі-бірімен салаласа тіркесуі ерте замандарда пайда болған. Бұған ескерткіштерден мысалдар келтіре кетейік:

*Табгач, огуз, қытын бу үгечү қабысыр* – Табғаш, оғыз, қытан бұл үшеуі бірігер. *Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты* – Түркі халқы өлді, әлсіреді, жоқ болды.

**Сабақтас тіркес.** Ескерткіш тілінде ерекше мән берілетіні тіркестердің бірі – осы сөздердің өзара сабақтаса тіркесуі. Осыған қарай сөздердің сабақтаса тіркесуі бағыныңқы сөз және басыңқы сөз болып екіге бөлінеді.

Сабақтаса байланысқан тіркестердің құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері қазіргі замандағы түркі тілдеріндегіден көп алыстап кетпейді. Біз енді төменде олардың әрбіріне жеке тоқтап өтпекшіміз.

### Сөздердің байланысу тәсілдері

Ескерткіштер тіліндегі сөздер өзара тіркескенде, олар бір-бірімен түрлі тәсілдер арқылы байланысады. Олардың түрлері төмендегідей:

#### 1. Септік жалғаулар арқылы:

*Бенің будуным анта ерүр* – Менің халқым сонда болады. *Түпүтке кішіг тегмедім* – Тибетке кішкене (сәл) жетпедім. *Өрпенде сүңүшдім, сүсін санчдым* – Өрпенде соғыстым, әскерін шаныштым.

#### 2. Төуелдік жалғаулар арқылы:

*Бенің будуным* – Менің халқым. *Екі үлүгі* – екі бөлегі. *Қаған інісі* – Қаған інісі.

#### 3. Жіктік жалғаулар арқылы:

*Арық оқсен* – Аш оқтайсың. *Қырқ аз оғлымен* – Қырық ұлымын.

#### 4. Көптік жалғау арқылы:



*Он оқ беглері, будуны қоп келті* – Он оқ бектері, халқы көп келді.

5. Шылаулар арқылы:

*Чік будун қырқ аз бірле йагы болты* – Чік халқы қырық азбен бірге жау болды. *Түрк будун үчүн түн удыматдым* – Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. *Темір қапығқа тегі іртіміз* – Темір қақпаға дейін қудық.

6. Сөздердің орын тәртібі арқылы:

*Ебін барқын* – Үйін-жайын жойдым.

Кейде сөздердің арасындағы мағыналық байланыс интонация (дауыс ырғағы) арқылы да жүзеге асады: *Улугы шад ерті* – Үлкені шад еді. *Йагмысы бен ертім* – Жақында дегені – мен едім.

### Сөздердің байланысу түрлері

Біз жоғарыда ескерткіштердегі сөздердің бірі-бірімен қалай байланысатын тәсілдерін байқадық. Енді ескерткіштердегі сөздердің байланысу түрлеріне келсек, олар қазақ, не басқа түркі тілдеріндегі түрлерінен көп ерекшеленбейді. Соларға ұқсас келеді. Бірақ барлық түркі тілдерінде бірдей деген ұғым тумайды. Сан жағынан бәрінде бірдей емес, бірінде көп, бірінде аз.

Қазақ тілінде сөздердің байланысу түрлері беске бөлінеді. Мұндай сөздердің байланыс түрлері ескерткіш тілдерінде де кездеседі. Осыған орай, ескерткіш тіліндегі фактілерге сүйене отырып, сөздердің байланысу түрлерін (шартты болса да) беске бөліп қарауға болады. Олар темендегідей: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.

**Қиысу.** Қиысу – бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс. Қиысуда бастауыш қандай тұлғада тұрса, баяндауыш та сол тұлғада тұрады.

*Біз қорқмадымыз* – Біз қорықпадық. *Ол ат анта өлті* – Ол ат соң-да елді. *Он оқ беглері, будуны қоп келті* – Он оқ бектері, халқы көп келді. *Қырқ аз оглымен* – Қырқ аз ұлымын.



**Меңгеру.** Ескерткіштерде ете жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бірі – меңгеру. Меңгеру негізінде баяндауыш пен толықтауыш арасында болатын байланыс. Дәлірек айтқанда, сөйлем мүшесі жағынан меңгеруші сөз баяндауыш болады да, меңгеруші сөз тура не жанама толықтауыш болады. Меңгеруде бағыныңқы мүшенің белгілі (ілік септіктен басқа) септік жалғауда тұруы шарт.

Меңгеріле байланысатын егістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай төмендегідей болады:

Табыс жалғаулы сөз тіркестері. Табыс септіктегі сөздер сабақты етістіктермен тікелей байланысты болып келеді:

*Менің сабымын сымады* – Менің сөзімді бұзбады. *Бу сабымын едгүтү есіді* – Бұл сөзімді жақсы тында!

Табыс жалғаулы сөздер ашық түрде де, жасырын түрде де айтыла береді.

Ескерткіш тілінде табыс септіктің ашық түрі төмендегідей жерлерде кездеседі:

1. Табыс септік арқылы көрінетін істің, қимылдың объектісі нақты, белгілі затты білдірсе, табыстың ашық түрі айтылады:

*Төрт булунығ қысмыс* – Төрт бұрышты қысты. *Ол сүг ант йошыштым* – Ол әскерді сонда жоқ қылдым.

2. Тәуелді жалғаулы сөздер әруақыт табыс септіктің түрінде қолданылады:

*Сүсін бұздым, ілін алта алтым* – Әскерін жойдым, елін сонда жауладым.

3. Табыс септікте тұрған сөз бен етістік арасында басқа айтылса, табыстың ашық түрі айтылады: *Қырқ аз будунағ удбасдым* – Қырық аз халықты ұйқыда бастым.

4. Есімдіктер де ашық түрде қолданылады.

Жатыс жалғаулы сөз тіркесі. *Ілте буң йоқ* – Елде қайғы жоқ. *Иурдта қалур ерті* – Жұртта қалар еді. *Ол күнте тегді* – Сол күнде жетті. *Түрк есір йерінте бод қалматы* – Еркінен айрылған түркі жерінде ештеңе қалмады.



Шығыс жалғаулы сөз тіркесі. Ескерткіштер тілінде шығыс септікте кездесетін сөздер басқа септіктерге карағанда аз, бірақ аз болса да кездеседі:

*Оғузтандан көрүг келті* – Оғыздан хабаршы келді. *Өнде қағангару сү йорытыдым* – Алдынан қағанға карай әскер жүргіздім.

Текстерде шығыс септік орнына жатыс септіктің жиі қолданылатындығы байқалды:

*Қырқ азда йантымыз* – Қырық аздан қайттық. *Түргес қаганта көрүг келті* – Түргеш қағаннан хабаршы келді.

Көмектес жалғаулы сөз тіркесі. *Көзүн көрмедүк, құлаққын естімедік* – Көзімен көрмеген, құлағымен естімеген. Баға тарқан бірле Ілтеріс қаған болайын – Баға тарқанмен бірге Ілтеріс қаған болайын. Ингек көлүкүн Тоғлада оғуз келті-Сиыр көлігімен Толада оғыз келді. *Сүңгін ачдымыз* – Сүңі мен аштық.

Шылау сөзді тіркестер. *Анта кісре біліг берт үчүн* – Содан соң төңрі білік бергені үшін. *Алтун йыс үзе бысалым* – Алтай койнауында бірігейік. *Іл йеме іл болты, буд йеме будун болты* – Ел және ел болды, халық және халық б ды. *Ат үзе біндіре* – Ат үстіне міндіре т. б. *Буны көрү білің* – Мұны көре білің. *Бізні өлүртечі күк* – Бізді өлтіруі ықтим (мүмкін). *Аны йоққысалым* – Оны жоямын.

5. Жалқы есімдер, көбінесе, табыс септіктің ашық түрі кездеседі:

*Өгін* – *Бегіз* – Өгін Бекті.

Табыс септіктің жасырын түрінің қолдануында өзіндік ерекшеліктер болады, олардың сөйлем ішінде белгілі орны болды. Әсіресе, өзі меңгерілетін етістіктің дәл алдына, араға сөз салмай тіркеседі.

Табыс септіктің жасырын түрде келуі ескерткіштер тілінде сирек кездесетін құбылыс емес, керісінше, өте жиі кездесетін



кұбылыстардың бірі. Тек Орхон-Енисей ескерткіштерінің өзінде 40-қа тарта табыс септіктің жасырын түрі кездеседі:

*Күч бертүк үчүн – Күш бергені үшін. Беңгү таиі тоқыт-дым – Мәңгі тас орнаттым. Бунча бітіг бітідім – Сонша жазу жаздым. Елігче ер тутдымыз – Елеудей ер тұттық. Сү йорыт-дым – Әскер жүргіздім т. б.*

Табыс септіктегі сөздер сөйлем ішінде толықтауыш болып келеді.

Барыс жалғаулы сөз тіркесі. *Темір қапығқа тег сүледіміз – Темір қақпаға дейін соғыстық. Болчукқа таң үнтүрү тегдіміз – Болчукқа таң ата жеттік. Қағангару ол сабыг ыт-тым – Қағанға қарай ол сөзді жібердім. Табгачқа йана ічікді – Табғашқа және бағынды.*

Жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда, менгеру- өте ерте заманнан келе жатқан және ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын құбылыстардың бірі.

**Матасу.** Ескерткіштер тіліндегі сөздер байланысының бір түрі – матасу. Мұнда ілік септігі сөзі мен тәуелдік жалғаулы сөздер бірі-бірімен байланысады. Бірақ ілік септіктегі сөз бен тәуелді жалғаулы сөздердің өзара байланысу тәсілдері біркелкі емес, өртүрлі. Олар үш топқа бөлінеді:

Бірінші топтағы сөз тіркестерінің екі жағы да жалғаулы болып келеді. Мұнда ілік септіктегі сөз де, тәуелдік жалғаулы сөз де жалғаулы болып келеді:

*Менің будуным – Менің халқым. Будуның төрүсі – Халықтың заңы, тәртібі. Қағаның будуны – Қағанның халқы. Чорын оғлы – Чордың ұлы т. б.*

Екінші топтағы сөздердің бірінші сыңары жалғаусыз, екінші сыңары жалғаулы болып келеді.

*Бен өзүм – мен өзім. Будун боғзы – Халық тамағы. Бу үчегү – Бұл үшеуі. Он оқ қағаны – Он оқ қағаны. Қөгмен жолы – Қөгмен жолы. Түргес қағаны – Түргеш қағаны т. б.*



Үшінші топта тәуелдік жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзсіз-ак  
логикалық байланыста болады:

*Қылмысы* – қалғаны. *Иағымыз* – жауымыз. *Қағаны* – қағаны.  
*Айғушысы* – кеңесшісі. *Сүмүз* – әскеріміз. *Қара терім* – кара  
терім. *Қызыл қаным* – кызыл қаным. *Екі учы* – екі ұшы т. б.

Текстерден келтірілген мысалдардағы ілік септікте тұрған  
сөздер, негізінде, анықтауыш мүше болады. Олар әр түрлі  
мағына мен қарым-қатынастарды білдіреді.

**Қабысу.** Ескерткіштердегі сөздер бір-бірімен ешбір  
жалғаусыз, қатар тұрып та байланысады. Қабысуда сөздер тек  
орын тәртібі арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысатын сөз  
тіркестерінің құрамы төмендегідей болады:

Зат есімді тіркестер. *Түрк будун* – түркі халық. *Ілтеріс  
қаған* – Елтеріс қаған. *Чугай күз* – Шұғай күз. *Түр қаған* – түркі  
қаған. *Алтун йыс* – Алтай койнауы. *Темір қапыг* – Темір қақпа.  
*Інел қаған* – Інел қаған.

Бұл келтірген тіркестер екі сөзден құралып, ешбір жалғау-  
сыз, өзара мағыналық байланыста тұр. Мұндай тіркестер кейде  
екі сөзден құралса, кейде үш, одан да көп сөздерден құрала  
береді:

*Түрк есір будун* – Еркінен айрылған түркі халық. *Азған түрк  
будун* – аз түркі халық. *Ол екі кісі* – Ол екі кісі т. б.

Сын есімді сөз тіркестері. Көптеген сын есімдер  
ескерткіштерде зат есімдермен қатар келу арқылы өзара  
қабыса байланысады. Олар төмендегідей: *Білге Тониқуқ* – Дан  
(білгіш) Тониқуқ. *Семіз буқа* – семіз бұқа. *Қара қум* – Қар  
қум. *Күчлүг қаған* – күшті қаған. *Сарыг алтун* – сары алты  
*Өрүң күмүс (күмүш)* – ақ күміс. *Өңрекі будун* – Алыңғы халық.  
*Өңрекі ер* – алдыңғы ер т.б. Келтірілген мысалдардағы сөз  
тіркестерінің алдыңғы сыңары сын есімдер. Олар өздеріне  
кейінгі зат есімдерге мағыналық жақтарынан қатысты болып  
сөз тіркестерін жасап тұр. Ескерткіш тілінде мұндай тіркесте  
өте жиі қолданылады.



Сан есімді тіркестер. Сан есімдер де сын есімдер сияқты зат есімдермен өзара тіркесу арқылы қабыса байланысады. Олар төмендегідей:

*Он оқ – Он оқ. Екі сү – Екі отряд. Екі атлығ – Екі атты. Екі кісі – Екі кісі. Бір атлығ – Бір атты. Иеті йүз кісі – Жеті жүз кісі. Тоқуз оғуз – Тоғыз оғыз. Үч қаған – үш қаған. Оң түн – Он түн. Оң түмен сү – Он мың әскер. Үч отыз балық – Жиырма үш қала т. б.*

Есімдікті сөз тіркестері. Орхон-Енисей жазба нұсқаларындағы зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің бірі – есімдіктер. Кейбір сілтеу, сұрау есімдіктері зат есімдермен тіркесіп, қабыса байланысады. Олар:

*Сол сабығ – ол сөз. Ол суб – ол су. Бу сү – Бұл әскер. Ол күн – Ол күн. Ол йер – ол жер. Не буңы – қандай мұңы. Нең йер – қай жер т. б.*

Есімшелі сөз тіркестері. Тексттерде есімшелер зат есімдермен қабыса байланысады: *Өтүнтүк өтүнч – Өтіңг өтініш. Иатығма тағ – Жататын тау. Келігме беглер – Қеле бектер т. б.*

Етістікті тіркестер. Ескерткіштерде жоғарыдағыдай тіркестермен қатар етістікті сөз тіркестері де кездеседі. *Іл болты – Ел болды. Көре білің – Көре білің. Таң үнтүрү тегдіміз – Таң ата жеттік. Өртче қазып келті – Өрттей қызып келді.*

**Жанасу.** Мұнда пысықтауыштар етістіктен болған баяндауыштармен ешбір орын талғамай өзара байланысады. Жанасу-пысықтауыш пен баяндауыш арасында болатын байланыс. Жанаса байланысқан сөздердің сөйлемдегі орны ерікті, олар сөйлемнің басында, ортасында, ал поэзияда сөз соңында да келе береді: *Ебгерү түсейін – Үйге қарай қайтайын. Коды бардымыз – Төмен кеттік. Күнтүз отырматы – Күндіз отырмады. Түн удыматы – түн ұйықтамады т. б.*



## Сөйлем мүшелері

Сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін сөздер сөйлем мүшесі бола алады.

*Артық қырқ аз күчлүг қаған йагымыз болты* – Артқы күшті қырқ аз қаған жауымыз болды. Бұл сөйлемдегі *қаған* – бастауыш, *жауымыз* болды – күрделі баяндауыш, *артқы күшті қырқ аз* – күрделі анықтауыштар. Осы сөйлемдегі сөздердің бәрі де белгілі бір сұрауға жауап беріп, сөйлем мүшелері болып тұр.

Сөйлем мүшелері ең алдымен тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер болып, екі үлкен топқа бөлінеді.

**Бастауыш.** Ескерткіштер тілінде бастауыш болатын сөздер, негізінде, атау тұлғада тұрады.

Бастауыш құрамына қарай дара (жалаң) және күрделі болып екіге бөлінеді.

Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады:

а) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімдерден жасалады: *Оғуз келті* – Оғыз келді. *Түрк будун алқынты* – Түркі халық алқынды. *Күлі Чор секіз он йасап, йоқ болты.* – Күлі Чор сексен жасап, қайтыс болды.

б) Атауда тұрған есімдіктер бастауыш болады:

*Бен ебгерү түсейін* – Мен үйге қарай қайтайын. *Біз екі бың ертіміз* – Біз екі мың едік.

в) Атау күйіндегі тәуелдік жалғаулы сөздер бастауыш болады.

*Өзүм табгач елінте қылыным* – Өзім табғаш елінде тәрбиелендім. *Ыда – ташда қалмысы құбранып, йеті йүз болты* – Тау-тас арасында қалғаны жиналып, жеті жүз болды. *Бір үлүгі атлыг ерті, екі үлүгі йадаг ерті* – Бір бөлегі атты еді, екі бөлегі жаяу еді. *Будун богзы тоқ ерті* – Халық тамағы тоқ еді. *Йагымыз тегіре учуқ тег ерті* – Жауымыз айнала жыртқыш күстай еді. *Кағаны али ерті* – Қағаны батыр еді. *Бу үчегү қабысыр* – Бұл үшеуі бірігер.



**Баяндауыш.** Ескерткіштер тіліндегі баяндауыш істің, қимылдың, әрекеттің иесін көрсетіп, жіктік жалғаулардың же-кеше және көпше түрлерінде кездеседі.

*Түрк будун табгачда адырылты* – Түркі халық табғаштан айрылды. *Огузтандан көрүг келті* – Оғыздан хабаршы келді. *Анта өтрү қағаныма өтүндүм* – Содан соң қағанымнан өтіндім. *Қағанқа Қырқ аз будун ічкіді* – Қағанға қырқ аз халық бағынды.

Баяндауыш болатын сөздер кейде атау, не тәуелді жалғаулы тұлғада тұрған барлық сөз табынан келе береді: *Екі үлүгі атлыг ерті* – Екі бөлегі атты еді. *Улугы шад ерті* – Үлкені шад еді. *Қағаны али ерміс* – Қағаны батыр еді. *Арыг обуты иіг* – Таза ұят – игі т. б.

**Толықтауыш.** Текстегі барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған кейбір сөздер толықтауыш мүше болады.

Толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметі мен тұлғасына қарай тура және жанама толықтауыш болып, екіге бөлінеді.

а) Тура толықтауыш.

Ескерткіштер тіліндегі табыс септікте тұрған сөздер әр-уақыт тура толықтауыш болады. Өйткені, тура толықтауыш-тар заттың қимыл процесін білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты келеді. Олардың ашық және жасырын түрлері болады.

*Төрт булуныг қысдым* – Дүниенің төрт бұрышын қыстым. *Сүші анта өлүртім* – Әскерін сонда өлтірдім. *Қырқ аз бунуныг уда бастым* – Қырқ аз халқын ұйқыда бастым.

*Беңгү таш тоқытдым* – Мәңгі тас орнаттым. *Ел тутдым* – ел ұстадым. *Бу сү елт* – Бұл әскерді апар. *Бунча бітіг бітідім* – Сонша жазу жаздым. *Елігче ер тутдымыз* – Елудей ер тұттық (ұстадық).

б) Жанама толықтауыш.



Ілік және табыс септіктен басқа септіктерде тұрған сөздердің көпшілігі жанама толықтауыш болады.

*Алты оғуз йашыма чік будун қырқ аз бірле йағы болты* – Жирма алты жасымда чік халық қырқ азбен бірге жау болды. *Түрк беглер... табғач қағанға көрміс* – Түркі бектер... табғаш қағанға бағынды. *Сүңүгін ачдымыз* – сүңгімен аштық. *Бен саңа не айайын* – Мен саған не айтайын.

**Анықтауыш.** Текстерде (анықтауыш сөйлемнің есімнен болған басқа мүшелерін анықтап, соған байланысты келеді.

а) Анықтауыштар зат есімнен жасалады:

*Темір қапығ* – темір қақпа. *Түрк будун* – Түркі халық. *Он оқ қағаны* – Он оқ қағаны.

б) Ілік септікте тұрған зат есімдер мен есімдер анықтауыш болады: *Бенің будуным анта ерүр* – Менің халқым сонда болар.

в) Анықтауыш негізгі және туынды сын есімдерден жасалады:

*Сарығ алтун* – сары алтын. *Өрүң күмүс (күмүш)* – ақ міс. *Күчлүг қаған* – күшті қаған. *Қара тер* – кара тер. *Қызыл қан* – кызыл қан.

г) Анықтауыштар сан есімнен жасалады:

*Екі үлүгі* – екі бөлегі. *Иеті йүз кісі (кіші)* – жеті жүз кісі. *Он оқ* – он оқ (тайпа). *Екінті күн* – екінші күн.

д) Анықтауыштар сілтеу есімдіктерінен жасалады:

*Бу сү* – бұл әскер. *Бү үчүгү* – Бұл үшеуі. *Ол сабығ* – ол сөз. *Ол екі кісі* – Ол екі кісі. *Ол үч қаған* – Ол үш қаған. *Бу йол* – бұл жол. *Ол суб* – ол су.

е) Анықтауыштар есімшеден де жасалады:

*Өтүнтүк өтүнч* – өтінген өтініш. *Иатыгма тағ* – жататын тау. *Қағанладуқ қаған* – қағанданған қағанын т.б.

**Пысықтауыш.** Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер – үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады.



Пысықтауыштар мағынасына қарай төмендегідей беске бөлінеді.

1. Қимыл-сын пысықтауыш.
2. Мезгіл пысықтауыш.
3. Себеп пысықтауыш.
4. Мақсат пысықтауыш
5. Мекен пысықтауыш.

**Қимыл-сын пысықтауыш.** Қимыл-сын пысықтауыштар көсемшелер мен қимыл-сын үстеулерден жасалады:

*Қарағу едгүті ұрғыл* – Күзетшіні жақсылап қой. *Бу сабымын едгүтү есід, қатығды тыңла* – Бұл сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда. *Қөгмен йысығ ебірү қелтіміз* – Қөгмен қойнауын айнала келдік. *Аз будунығ үкүш қылтым* – Аз халықты көп қылдым. *Йағымыз учуқ тег ерті* – Жауымыз жыртқыш құстай еді.

**Мезгіл пысықтауыш.** Текстерде мезгіл пысықтауыштар мезгіл үстеулерінен, мезгіл мәнді басқа сөздерден *және, тегі, кісре* т.б. шылаулардың тіркесіп келуі арқылы жасалады. *Қапаған қаған түн удыматы, күнтүз олурматы* – Қапаған қаған түн ұйықтамады, күндіз отырмады. *Темір қапығқа тегі іртіміз* – Темір қақпаға дейін кудық.

**Себеп пысықтауыш.** Себеп пысықтауыштар әдетте барыс, шығыс септіктегі есімшелер мен үшін шылауымен тіркесе келген есім сөздерден жасалады:

*Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым* – Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. *Мен өзүм қаған олуртуқым үчүн* – Менің өзім қаған болып отырғаным үшін.

**Мақсат пысықтауыш.** Текстерде мақсат пысықтауыш, істің, қимылдың, оқиғаның мақсатын білдіреді: *Анта отру қағанымға өтүнтім* – Содан соң қағанымнан өтіндім. *Маңа уққалы келті* – Маған түсіну үшін келді. *Санағалы түсүртіміз* – Санағалы тоқтадық.



**Мекен пысықтауыш.** Мекен пысықтауыштар істің, қимылдың, оқиғаның беталыс бағытын, орнын білдіреді. Мекен үстеулер барыс, жатыс және шығыс септікте тұрған кейбір сөздерден жасалады.

*Біз қоды бардымыз – Біз төмен бардық. Алтун йыста олурың – Алтын тауы койнауында отырың! Иеті йегірмі йашымда таңут тапа сүледім* – Он жеті жасымда таңкуттарға қарай беттедім.

### Сөйлем мүшелерінің орны

Ескерткіштер тілінде сөйлемдерде кездесетін сөздер белгілі бір қызмет атқаратын болғандықтан, олар қандай болса да, сөйлемнің бір мүшесі болады. Олардың белгілі орны болады. Бастауыш қалыпты қара сөзді сөйлемдерде үнемі баяндауыштан бұрын келеді, ал баяндауыш, көбінесе, сөйлемнің соңында келеді:

*Ингек көлүкүн Тоғлада оғуз келті* – Сиыр көлігімен Толаға оғыз келді. *Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз* – Інім Күлтегінмен бірге сөйлестім.

Кей кездері бастауыш пен баяндауыштың орындары бірімен-бірі ауысып келетін де кездері болады. Бірақ бұл жайт сөз стиліне, сөйлемдегі логикалық екпінге байланысты болып келеді.

Анықтауыштар өзі анықтайтын сөзінің алдында тұрады: *Қызыл қаным төкті, қара терім йүгүрті* – Қызыл қанымды төкті, қара терімді ағызды. *Чік будун қырқ аз бірле йағы болты* – Чік халқы қырқ азбен бірге жау болды.

Толықтауыштар әдегге өзін меңгеретін етістіктің алдында тұрады: *Қағанқа қырқ аз будуны ічіді* – Қағанға қырқ аз халқы бағынды.

Мұнда *қағанға* сөзі толықтауыш, оны меңгеріп тұрған *бағынды* етістігі. Бірақ олардың біріне-бірі тақау, қатар тұруы шартты емес. Олардың арасында басқа мүшелердің бола беруі мүмкін.



Пысықтауыш өзі пысықтайтын етістіктің алдында келеді. Пысықтауыш мүшелердің көпшілігі орын талғамайды. Өзі пысықтайтын сөзін тақау тұрып та, алыс тұрып та пысықтай береді.

Ескерткіштегі сөйлем мүшелері жоғарыда көрсеткендей дағды бойынша әруақыт келе бермейді. Ескерткіштерде орын тәртібі бұзылып келетін сөйлем мүшелері де кездеседі.

«Сақынтым: туруқ бұқалы, семіз бұқалы арқада – Ойландым: тұрық бұқалы, семіз бұқалы арқада» деген сөйлемде ойландым деген баяндауыш басқа тұрлаусыз мүшелерден бұрын келіп, орын тәртібі бұзылып тұр. Мұндай жайлар көп болмаса да, ескерткіштер тілінде азды-көпті кездесіп тұратындығы байқалады.

### Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Ескерткіштерде бір мүшеге бағынып, белгілі бір сұрауға жауап беретін бірыңғай мүшелер де кездеседі.

Бірыңғай бастауыштар: *Табғач, оғуз, қытан бу үчегу қабысар* – табғаш, оғыз, қытан – бұл үшеуі бірігер.

Бірыңғай баяндауыштар:

*Біз сүңісдіміз, сангдымыз* – Біз соғыстық, шаныштық.

Бірыңғай толықтауыштар:

*Ебін, барқын бұздым* – Үйің, жайын жойдым.

*Оғлын, йотазын, йылқысын, барымын анта алтым* – Ұлын, өйелің, малың, дүниесін сонда алдым.

Бірыңғай анықтауыштар:

*Сарыг алтун, өрүн күмүс, қыз-қудуз, егритебі, ағы буңсыз келурті* – Сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын, кілем, асыл дүние ешбір қайғысыз келетін.

Бірыңғай пысықтауыштар:

*Күн йеме, түн йеме йелу бардымыз* – Күн демей, түн демей желе бардық.



Ескерткіштерден жоғарыда көрсетілген мысалдар сөйлемнің бірыңғай мүшелері болып, бір тұлғада тұр. Мұндай бірыңғай мүшелер Орхон текстерінде де, Енисей текстерінде де көп кездеседі. Бұл жерде бұның бәріне бірдей тоқтап өтуді орынды көрмедік, тек бірен-саран мысалдар келтірумен ғана шектелдік.

### Жай сөйлемнің түрлері

Жалаң және жайылма сөйлемдер. Ескерткіштерде тек бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған жалаң сөйлемдер де кездеседі:

*Атачым өлті* – Аташым өлді. *Сү келті* – Әскер келді.

Бастауыш пен баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері бар жайылма сөйлемдер де кездеседі:

*Күлтегін қой йылқа йіті йегіріміке учды* – Күлтегін қой жылының он жетісінде қайтыс болды. *Түрк будун өлті* – Түркі халқы өлді.

*Чорың оглы Иеген Чор келті* – Чордың ұлы Иеген Чор келді.

**Атаулы сөйлемдер.** Атаулы сөйлемде баяндауыш болмайды, ол тек жалғыз бастауыштан құралады. *Түн* – түн. *Күн* – күн. *Иагы* – жау т. б.

**Жакты және жақсыз сөйлемдер.** *Тұтдым* – ұстадым. *Атачым өлті*. *Сүсі келті* – Атасы өлді. Әскері келді.

**Толымды және толымсыз сөйлемдер.** Ескерткіштерде тұрлаулы мүшелері түгел толымды сөйлемдер де, тұрлаулы мүшелердің кейде біреуі, кейде екеуі де айтылмай, түсіп қалатын толымсыз сөйлемдер де ұшырайды. *Анта кіс-ре* – қаңым қаған учды – Содан соң әкем қаған қайтыс болды. *Бедіздім* – Өрнектедім. *Анта өтүнтім* – Сонда өтіндім. *Иоқ болтагы ерті* – Жойылушы еді. *Қантайын* – қайтейін. *Неке тезербіз?* – Неге қашамыз? *Ілім емті қаны?* – Елім енді қайда? *Емгетмең* – Еңбектенбеңдер! *Толгатмаңдар* – Қиналмаңдар т.б.



## Құрмалас сөйлемдер

Құрмалас сөйлемдер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келген күрделі ойды білдіретін синтаксистің күрделі саласының бірі.

Адам баласының басында қандай ой туса да, ол тек тілдік материал негізінде туып, өмір сүреді, тілдік материалдан аулақ жалаң ой деген болмайды. Түркі халықтарының күрделі ойы өздері қолданған тілдегі сөйлемдер арқылы беріліп отырады.

Ескерткіштер тілінде күрделі ойды білдіретін, мағыналары бір-біріне жақын, өзара байланысып, жай сөйлемдер арқылы тіркескен құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Олар мағынасы мен тұлғасына қарай салалас, сабақтас және аралас құрмалас болып, үш салаға бөлінеді. Осыған орай құрмаласқан жай сөйлемдердің ара қатынасы біркелкі болмайды, бірнеше жай сөйлемдер бірігіп, күрделі ойды білдіру үшін, кейде бірімен-бірі тең болып, біріне-бірі грамматикалық тұлғалар арқылы бағынбай жалғасса, екінші бірінде, мұның керісінше, біріне-бірі грамматикалық тұлғалар арқылы бағынып құрмаласады, үшінші түрінде құрмалас сөйлемдер құрамына енген жай сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та, аралас күйінде келе береді.

### Салалас құрмалас сөйлемдер

Мұнда салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдер біріне-бірі бағынбай тең дәрежеде байланысады. Кейде жалғаулық арқылы, кейде жалғаулықсыз арқылы келеді: *Қағаны али ерті, гучысы білге ерті* – Қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді.

*Түн улықым келмеді, күнтүз олурсықым келмеді* – Түн қым келмеді, күндіз отырғым келмеді. *Ертіс үгүзіг кечігсі кечдіміз, түн қатдымыз* – Ертіс өзенін өткелсіз өттік, түн қаттық. *Қапаған қаған түн улыматы, күнтүз олурматы* – Қапаған қаған түн



ұйықтамады, күндіз отырмады. *Өзүм қары биц тым, улуғ бол-тым* – Өзім қары (кәрі) болдым, үлкен болдым.

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердің бір-бірімен-мағыналық қатынастары текстерде бір түрлі емес, әр түрлі. Осыған орай Орхон-Енисей жазба нұсқаларындағы салалас құрмалас сөйлемдердің де әр түрлі болуы мүмкін.

### **Сабақтас құрмалас сөйлемдер**

Жазба нұсқалардағы сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдері салалас сөйлемдерге қарағанда, көп өзгеше, Мұнда сабақтас сөйлемге енген жай сөйлемдердің бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болады. Басыңқы сөйлем негізгі ойды білдіреді, ал басыңқы сөйлем сол басыңқыдағы негізгі ойды айқындап тұрады. Осыған орай бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы еш уақытта тұрақты болмайды, атқаратын қызметіне қарай әр түрлі болып келеді. Олардың бірі көсемшелі бағыныңқы болса, екінші біреуі – есімшелі, үшінші біреуі шартты бағыныңқы болып келеді.

Ескерткіштерде сабақтас құрмалас сөйлемдердің төмендегідей түрлері кездеседі.

**1. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** *Ол қан йоқ болтуқда, кісре ел йітміс* – Ол қан жоқ болғаннан соң, ел жітті (жоболды). *Ечім қаган олуртуқда, өзүм тардуш будун үзе шад ертім* – Әкем қаған болғаннан соң, өзім тардуш халқына уәзір болдым.

*Мағы қорган қышладуқта, йут болты* – Мағы қорғанды қыстағаннан соң, жұт болды. *Сүңүс болсар, черіг ітер ерті* – Соғыс болса, шеріктерді жіберер еді.

**2. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** *Түрк будун олургалы, түрк қаган олургалы Сантуң балыққа, талуи үзүгке тегміс йоқ ерті* – Түркі халқы жаралғалы, түркі қаған отырғалы, Шандун қаласына, теңіз өзендеріне жетпеген еді.



**3. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** *Теңрі күч бертүк үчүн, қаған сүсі бөрі тег ерміш - Тәңрі күш бергені үшін, қаған әскері бөрідей болған еді. Ічүкдүк үчүн теңрі өлүтміс – Бағынғанымыз үшін, тәңрі елтіре коймас. Теңрі йарылқадуқ үчүн, мен қазғантуқ үчүн, түрк будун қазғанмыш ерінч – Тәң-рі жаратқаны үшін, мен қолданғаным үшін, түркі халқы пайдаланғанды.*

**4. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** *Күлтегін йоқ ерсер,қоп өлтечи ертіміз – Күлтегін жоқ болса (я болмаса), көп өлуші едік. Ілтеріс қаған қазғанмасар, улы бен өзүм қазғанмасар, іл йеме, будун йеме йоқ ертечи ерті – Ілтеріс қаған қолданбаса, содан соң менің өзім қолданбасам, ел де, халық та жоқ болар еді.*

**5. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем.** *Олурыпан, түрк будуның ілін, төрүсүн туту бірміс, іті берміс – (Қан болып) түркі халқының елін, заңын ұстай берген, жалғастыра берген.*

*Үч қарлуқ йаблақ сақынып, тезе барты – Үш қарлық теріс ойлап, қашып кетті.*

### **Аралас құрмалас сөйлем**

Ескерткіштерде сыңарлары салаласа және сабақтаса байланысқан аралас құрмалас сөйлемдер де ұшырайды:

*Теңрі күч бертүк үчүн, қаңым қаған сүсі бөрі тег ерміс, йагысы қой тег ерміс – Тәңірім күш бергендіктен, әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Йагы болып, ітіну умадуқ, йана ічік міс – Жау болып, өзін-өзі дұрыстай алмады және бағынышты болып қалды т. б.*

Жоғарыда ескерткіштерден келтірілген құрмалас екі сөйлемнің екеуі де аралас құрмалас сөйлем. Олар әрі сабақтаса, өрі салаласа байланысқан. Сондықтан олар аралас құрмалас сөйлемдер қатарына жатады.



## Төл және төлеу сөз

Ескерткіштер тілінде төл сөз бен автор сөзін байланыстыру үшін *те, ті* (де) көмекші етістігі қолданылады.

*Иіче ісіг-күчіг бергіл, – тідім –* Қайта күш-жігерінді жұмса, – дедім. *Секізінч ай бір йаңықа сү йорытайын, – тідім –* Сегізінші айдың бір жаңасында әскер жүргізейін, – дедім. *Иагыл, – тіді –* Жакында, – деді. *Сүлүлім, – тіді –* Соғысамын, – деді. *Қара будун: «қаганым, келті» – тіп өгді –* Жай халық (кара халық): «Менің қаганым келді,» – деп мақтанды. *Бенің будуным анта ерүр, – тіміс –* Менің халқым сонда болар, – дегенді. *Бу йолын йорысар, йарамачы, – тідім. –* Бұл жолмен жүруге жарамайды, – дедім.

*Атлат, – тідім –* Аттан, – дедім. *Түрк қара қамуг будун анча тіміс: «Ілліг будун ертім, ілім емті қаны, кімге ісіг – күчіг қазганурмен», – тір ерміс –* Күллі бұқара халық: «Елді халық едім, елім енді қайда, кім үшін күш-жігерімді жұмсаймын» – деп еді. *Білге Тониқуқ баңа айды: «бу сү елт», – тіді. –* Білгіш Тониқуқ маған айтты: «Бұл әскерді жүргіз» – деді.

## Тыныс белгісі

Ескерткіштерде сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бір-бірінен бөлетін бірақ белгі (кос нүкте) бар. Бұл белгі ешуақытта сөздің, не сөйлемнің басында кездеспейді, ол тыныс белгі түрінде сөздің, не сөйлемнің тек соңында жазылады. Бұған текстерден бір үзінді келтіре кетейік.

Текст:

:М|:|ЖҮ:ГҮ:О:ГГ↓:С↓>С:КҮМН  
?С>>>С:ГН>>>С↓>С:КҮМН:МГҮМ|  
:|Ж↓ГН:ЧС:ГГ↓:|Ж↓:ГГ↓  
:М|:СЕҮЧГН:|ЖҮОГМ??:ГҮ:ГҮ  
ГНҮГ?:СНЧ>>Н:КҮСҮГ:|ЖҮМГ  
|ЖЧ>С>>↓



Транслитерациясы:

ТӨРТ БУЛУҢ КОП ИАҒЫ еРМіС, СҮ СҮЛЕПЕН, ТӨРТ  
БУЛУҢДАҚЫ БУДУНЫҒ КОП алМыС, КОП БаЗ БАШЛЫҒЫҒ  
ИҮКҮНТҮРМіС, ТІЗЛіГіГ СӨКҮРМіС. ІЛГеРҮ ҚАДЫРҚаН  
ИЫШҚА ТеГі, ТеМіР ҚаПЫҒҚА ТеГі ҚОНТУРМыС.

Транскрипциясы:

Төрт булуң коп йағы ерміс, сү сүлепен, төрт булуңдакы  
будунығ коп алмыс, коп базкылмас, башлығығ йүкүнтүрміс,  
тізлігіг сөкүрміс. Ілгерү Қадырқан йышка тегі, темір капығқа  
тегі контурмыс.

Аудармасы:

Дүниенің төрт бұрышы көп жау еді, әскер жүргізіп, төрт  
бұрыштағы халықты көп алды, бейбітшілік орнатты. Басты-  
ны жүгіндірді, тізеліні бүктірді. Алдағы Қадырқан койнауына  
дейін, кері Темір қақпаға дейін елді қондырды.



## II БӨЛІМ

### КӨНЕ ҰЙҒЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

---

#### КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ

XIX ғасырдың бас кезінен бастап, ұйғырлардың тарихы, мәдениеті, ұйғырлар туралы мәселе дүние жүзі ғалымдарының назарын өзіне аудара бастады. 1812 жылы Ю. Клапроттың «Ұйғыр тілі және жазуы», 1828 жылы Бичуриннің «Моңғолдар туралы жазбалары» және 1841 жылы Мырза Али Казембектің «Ұйғырлар туралы» зерттеулері жарық көрді. Ұйғырлар туралы мәселеге шетел ғалымдары да ерекше ден қоя бастады.

Шетел ғалымдарымен қатар ұйғырларды арнайы зерттеуге елеулі үлес қосқан – орыс ғалымдары. Бұған дәлел ретінде А.Н. Бернштамның мына сөзін еске түсіре кеткен жөн: «XIX ғасырдың аяғында ұйғыр тану мәселесінің ерекше кең өріс алуына айрықша жағдайлар жасалады. Орыс зерттеушілері Ч. Валиханов, Петровский және Клеменц Шығыс Түркістан ұйғырлардың ежелгі отаны екендігін дәлелден береді. Бұдан соң Шығыс Түркістанға ағылшын, француз, неміс, жапон, фин және италия экспедициялары бірінен соң бірі барып қайтты<sup>1</sup>».

Дәл сол кездегі Турфан ойпатынан табылып жатқан ұйғырлар жөніндегі аса құнды деректер көрнекті тюрколог В.В. Радловтың назарынан да тыс қалмады. В.В. Радловтың басшылығымен 1888 жылы Ғылым Академиясының жанынан Турфандағы ұйғыр халқының тарихи ескерткіштерін жинап зерттеу жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Бұл комиссияның құрамына: В.В. Радлов, К.Г. Зелеман В.П. Васильев, С.Ф. Ольденбург, А.А. Куник, В.Р. Розен және Д.А. Клеменцтер енді. Комиссия сан жағынан өзінің құрамының онша көп емес екендігіне

---

<sup>1</sup> Бернштам А.Н. Русская и советская уйгуристика, Известия. АН КазССР, серия уйгуро-дунганской культуры. 1950, 78-бет.



қарамастан бірқатар жүйелі де нәтижелі жұмыстар жүргізді. Соның ішінде С.Ф. Ольденбургтың 1909-1910 және 1911-1915 жылдарда Шығыс Түркістанға барып қайтқан экспедицияларың, С.Е. Маловтың ұйғырлар мен саларға, К.Г. Зелеманның Орталық Азияға, Г.И. Анучиннің Алтайға, Е.Д. Поливанов пен Н.И. Конрадтың Жапонияға ұйымдастырған экспедицияларың, сондай-ақ А.Н. Самойловичтің, Б.Я. Владимировтың, В.В. Бартольдтың Турфан ойпатына барып қайтқан сәтті сапарларың атап өткен жөн.

Шығыс Түркістанға жасалған орыс және шетел экспедициялары ұйғырлар туралы, ұйғыр тану ғылымы үшін өте құнды деректер мен материалдар жинады. Осылардың ішінде ерекше көңіл бөлерлік мәселелердің бірі – ұйғыр жазулары туралы деректер.

Тарихи деректерге қарағанда, соғдылар біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Орта Азияда жасаған халықтар ішіндегі ең мәдениетті халықтардың бірі болып есептелінеді. Соғды территорияларынан будды, манихей және христиан діндеріне байланысты көптеген әдеби мұралар, текстер табылған, санскрит, сирия тілдері арқылы соғды тілдеріне аударыла бастайды. Осындай мәдени байланыстар Азия мен Шығыс Түркістанды мекен еткен халықтарға өзінің игілікті әсерін тигізді. Сөйтіп, ұйғырлардың жаңа алфавитінің жасалуына ерекше-жағдайлар жасалды. Соғды жазуының негізінде ұйғыр жазуы пайда болды.

Көрнекті тюркологтар Ю. Клапрот, Готью, В. Радлов, С.Е. Малов көне ұйғыр жазуын осы соғды жазуы негізінде пайда болған деп қарайды.

Чех елінің көрнекті ғалымы Ч. Лоукотка өзінің «Жазулардың дамуы» атты еңбегінде: «Түркілер үлкен соғды жазуынан ұйғыр жазуын жасады. Бергін келе бұл жазу жалпы түркілік болып қалыптасқан. Оны Түркістан мен Монғолия жеріндегі, түркі тайпалары мен монғолдар кеңінен қолданды. Түркі тайпалары ислам дінін қабылдаған кезден бастап, бұл жазу бірте-бірте



жойыла бастады» деп жазды. Бұл – өте орынды айтылған пікір. Көне ұйғыр жазуындағы кездесетін таңбалардың көпшілігі соғды жазуымен дәлме-дәл келеді. Сөз басында бір түрлі болса, сөз ортасында екінші және сөз соңында үшінші түрлі болып жазылады.

Кезінде көне ұйғыр жазуын монғолдар мен маньчжурлар да өздерінің тілдік ерекшеліктеріне бейімдей отырып қабылдады.

Көне ұйғыр жазулары XI-XII ғасырларда араб жазуымен қатар пайдаланылды. Сөйтіп, көне ұйғыр жазуы Орта Азия мен Хорезмде XVI ғасырдың аяғына дейін қолданылса, сары ұйғырлар оны тіпті XIX ғасырдың бас кездеріне дейін пайдаланып келді.

Көне ұйғыр жазуымен жазылған түркі тілдерінде ортақ деректер өте көп. Олардың қатарына христиан, будды, манихей материалдары мен ұйғыр халқының өзіне тән әкімшілік, шаруашылық, заңға байланысты сан алуан ескерткіштері жатады. Әйгілі оқымысты Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты дидактикалық еңбегінің бір түрі осы көне ұйғыр алфавитімен жазылған. Көне ұйғыр алфавитімен жазылған түркі тілдеріне ортақ басқа да көптеген мұралар бар.

Көне ұйғыр жазуымен жазылған деректер барша түркі тілдеріне ортақ, бірақ олардың қатысы мен ұқсас жақтары қазіргі түркі тілдерінде бірдей емес, әрқилы болып келеді. Мұндай ерекшеліктер жеке ру-тайпалардың бір-бірінен территория, әкімшілік тағы басқа жақтарынан бөлініп, өз алдына бөлек ұлт болып қалыптасуымен, олардың өзіндік даму ерекшеліктерімен байланысты.

Көне ұйғыр жазуымен жазылған ескі деректерге әр түрлі шолу, аударма, транскрипциялар жасауда В.В. Радлов, С.Е. Малов, А. Лекок, Ф.В. Мюллер, В. Банг, П. Пеллю сияқты бірқатар ғалымдар айрықша еңбектер сіңірді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің фонетика, лексика және грамматика сияқты



ерекшеліктерін зерттеуде А. Фон, Габен, Э.Р. Тенишев және А.М. Шербак сияқты ғалымдар зор үлес қосты.

Көне ұйғыр жазба нұсқаларының ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері, оқылу заңдылықтары бар. Ал осы аса құнды тарихи мұраның ерекшеліктері мен заңдылықтарын жете меңгеріп, толық игеру студенттер үшін халқымыздың тарихы мен тілін терең білуіне септігін тигізеді.

## І ТАРАУ

### ФОНЕТИКА

Ескі ұйғыр тілінде жазу жоғарыдан төмен қарай (вертикаль-но) жазылады. Ұйғыр ескерткіштері тілінде не бәрі 23 таңба бар. Әрбір таңбаның өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда әрбір таңба сөз ішінде келетін орнына қарай үш түрлі жазылады: сөз басында бір түрлі болса, сөз ортасында екінші түрлі, сөз аяғында үшінші түрлі болып жазылады. Сөйтіп, ескі ұйғыр жазба нұсқалары тіліндегі 23 таңба 28 әріптің орнына қолданылады.

#### Ұйғыр алфавиті

Таңбалар			Әріптік мәні
сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында	
•	•	ʹ ʹ	А а
•	•	ʹ ʹ	Е е
•	•	ʹ	Ы ы, І і
•	•	ʹ	О о, У у
•	•	ʹ ʹ	Ө ө, Ү ү
•	•	ʹ	П п, Б б
•	•	ʹ	В в
•	•	ʹ ʹ	Қ қ
•	•	ʹ	Ғ ғ
•	•	ʹ	Х х



Таңбалар			Әріптік мәні
сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында	
Ɑ	Ɑ	Ɑ	К к
Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ	Ɑ Ɑ Ɑ	Д д, Т т
		Ɑ	Ж ж
		Ɑ	З з
Ɑ	Ɑ	Ɑ	И и
Ɑ	Ɑ	Ɑ	Л л
Ɑ	Ɑ	Ɑ	М м
Ɑ	Ɑ	Ɑ Ɑ	Н н
Ɑ	Ɑ	Ɑ	Р р
Ɑ	Ɑ	Ɑ	С с
Ɑ	Ɑ	Ɑ	Ш ш
	Ɑ	Ɑ	Ң

Жоғарыдағы ұйғыр алфавиті өзінің жасалуы мен айтылуына қарай ең алдымен дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінеді.

### Дауысты дыбыстар

Ескерткіштегі бес таңба сегіз дауысты дыбыстың орнына жұмсалады. Мұны төмендегі кестеден дәл байқауға болады.

Таңбалар			Әріптік мәні
сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында	
Ɑ	Ɑ	Ɑ Ɑ	А а
Ɑ	Ɑ	Ɑ Ɑ	Э э, Е е
Ɑ	Ɑ	Ɑ	Ы ы, І і
Ɑ	Ɑ	Ɑ	О о, У у
Ɑ	Ɑ	Ɑ Ɑ	Ө ө, Ү ү

Әрбір дауысты дыбыстың қолданылуында өзіндік ерекшеліктері бар. Олар төмендегідей:

А дауысты дыбысы сөздің барлық шенінде жұмсалады.



Сөз басында:

*анта* – онда

*алды* – алды

*алтун* – алтын

*ачды* – ашты

*алқыс* – алғыс

Сөз ортасында:

*қадын* – қатун – қатын

*бай* – бай

*қан* – хан

*йарым* – жарты

*бағлығ* – баулы, бақшалы

Сөз соңында:

*Буқа* – бұқа

*қара* – кара

*анта* – онда

*маңа* – маған

*йаңықа* – жаңаға

**Е** дауысты дыбысы да сөздің барлық буынында қолданыла береді.

Сөз басында:

*ерті* – еді

*ерігліг* – ерікті

*еліг* – елу

*ер* – ер

*есідүн* – естіп

Сөз ортасында:

*кергек* – керек

*темүр* – темір

*бекліг* – бектік

*мен* – мен

Сөз соңында:

*білге* – білгіш, дана

*йеме* – және

*бірле* – бірге

*үзе* – үстіне

*түркче* – түркіше

**Ы** әрпінің таңбасы қысаң езулік тіл арты *ы* және тіл алды *і* дауысты дыбыстарының орнына жұмсалады. Сөздің барлық шенінде келе береді.

**Ы, і** дыбыстары сөз басында

*ічинте* – ішінде

*ілік* – ілкі, алғашқы

**ы, і** сөз ортасында:

*тынлығ* – тіршілік

*ікі* – екі

*ылық* – игілік

*теңрім* – тәңрім



*ішір* – ішер

ы, *і* сөз соңында:

*өкүнті* – екінді

*кірді* – кірді

*болты* – болды

*ілк* – ілкі – алғашқы

*алты* – алты

*теңрі* – тәңрі

**О** әрпінің таңбасы ашық езулік тіл арты *о*, қысаң еріндік тіл алды *у* дауысты дыбыстардың орнына жұмсалады. Алғашқы *о* дауысты дыбысы тек бірінші буында, соңғы *у* дауысты дыбысы ескерткіштерде ешқандай орын талғамайды, сөздің барлық буынында жазыла береді.

*о*, *у* дыбыстары сөз басында:

*уды* – ізімен

*унч* – бөлкі, мүмкін

*ол* – ол

*огланы* – ұлы

*узун* – ұзын

*у* сөз соңында:

*сайу* – сайын

*босуну* – босана

*йаңылу* – жаңыла

*тақыгу* – тауық

*бу* – бұ, бұл

**Ө** әрпінің таңбасы ашық еріндік тіл алды *ө*, қысаң еріндік тіл алды *ү* дыбыстарының орнына жұмсалады. Ескерткіштерде *ө* дыбысы тек сөздің алғашқы, бірінші буынында ғана жазылады, ал *ү* дауысты дыбысы сөздің барлық жерінде келе береді.

*ө*, *ү* сөз басында:

*өдүн* – отын

*үлүк* – үлес, белек

*өлті* – елді

*өтрү* – соң

*өз* – өз

*ө*, *ү* сөз ортасында

*көңүл* – көңіл, жүрек

*йүзі* – жүзі, беті

*білүр* – білер

*сөз* – сөз

*көркі* – көркі

*ү* сөз соңында:

*өтрү* – соң

*сү* – әскер

*кентү* – өзім

*бүтүрү* – бітіре



## Үндестік заңы

Ескі ұйғыр ескерткіштерінде дауысты дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты ерте заманнан қалыптасқан заңдары бар. Қазіргі замандағы түркі тілдерінің көпшілігінде дауысты дыбыстар тіл және еріннің қатысы жағынан бір-бірімен өзара үндесіп айтылады.

а) дауыстылардың жуан және жіңішкелігіне қарай үндесуі. Ескерткіш тіліндегі қосымшалар үндестік заңы бойынша соңғы буынмен үндесіп, не жуан, не жіңішке болып жалғанады.

Жуан буынды сөздерде:

*йагысыз* – жаусыз, дұшпансыз

*тағта* – тауда

*атлығ* – атты

*оғлым* – ұлым

Жіңішке буынды сөздерде:

*көрүклүг* – керікті

*ікінті* – екінші

*үкүшке* – көпке

*сөзлері* – сөздері

*теңрісі* – тәңрі, тәңрісі

б) Ерін үндестігі. Ескерткіштерде алғашқы буындағы ерін дауыстылар өзінен соңғы буындарға әсерін тигізіп үндеседі:

*күчлүг* – күшті

*өлүм* – өлім

*чоклығ* – шокты

*төртүнч* – төртінші

*өтүнүп* – өтініп

## Дауыссыз дыбыстар

Ескі ұйғыр жазба ескерткіштеріндегі 18 таңба төмендегідей дауыссыз дыбыстардың орнына жұмсалады:

Таңбалар			Әріптік мәні
сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында	
𐰉	𐰉	𐰉	П п, Б б В в Ғ ғ
𐰊	𐰊	𐰊	
𐰋	𐰋	𐰋	



Таңбалар			Әріптік мәні
сөз басында	сөз ортасында	сөз соңында	
Ɑ	Ɑ	Ɑ	Қ қ
Ɱ	Ɱ	Ɱ	Х х
Ɐ	Ɐ	Ɐ	К к, Г г
Ɒ	Ɒ	Ɒ	Т т
ⱱ	ⱱ	ⱱ	Д д
Ⱳ	Ⱳ	Ⱳ	Ж ж
ⱳ	ⱳ	ⱳ	З з
ⱴ	ⱴ	ⱴ	И и
Ⱶ	Ⱶ	Ⱶ	Л л
ⱶ	ⱶ	ⱶ	М м
ⱷ	ⱷ	ⱷ	Н н
ⱸ	ⱸ	ⱸ	Р р
ⱹ	ⱹ	ⱹ	С с
ⱺ	ⱺ	ⱺ	Ш ш
ⱻ	ⱻ	ⱻ	Ч ч
	ⱼ	ⱼ	Ң ң

Жоғарыда көрсетілген ескі ұйғыр жазуындағы дауыссыздар жасалу орындарына қарай төмендегідей бірнеше топқа бөлінеді:

1. Ерін дауыссыз дыбыстары: Б б, П п, М м
2. Тіс және ерін дыбыстары: В в.
3. Тіс дауыссыз дыбыстары: Т т, Д д, С с, З з.
4. Тіл алды дауыссыз дыбыстары: Ш ш, Ж ж, Н н, Л л, Р р, И и, Ч ч.



5. Тіл ортасы дауыссыз дыбыстары: Қ қ, Г г.

6. Тіл арты дауыссыз дыбыстары: Қ қ, Ғ ғ, Х х, Ң.

Әрбір топқа жататын дауыссыздардың қолдануына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Біз төменде сол дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктеріне кідіріп өтеміз.

**1. Ерін дауыссыз дыбыстары. Б б, П п үнсіз дыбыстары.** Енисей-Орхон ескерткіштеріне қарағанда, көне ұйғыр ескерткіштерінің кейбір графикалық ерекшеліктері бар. Мұнда ұяң б және қатаң п ерін дауыссыз дыбыстары бір таңба арқылы беріледі. Ұяң б дыбысы сөздің барлық шенінде келе береді, ал қатаң п тек сөз ортасында және сөз соңында жазылады.

Сөз басында:

*бітіг* – хат, жазу

*бар* – бар

*бегім* – менің, бегім

*бу* – буу – бұл

*бічін* – мешін

Сөз ортасында:

*абам* – егер

*ебе* – үйге

*тобуқ* – тобық

*қабан* – қабан

Сөз соңында:

*барып* – барып

*қорқуп* – қорқып

*біліп* – біліп

*аңлай* – аңдап (аңлап)

*түсүп* – түсіп

М – мұрын жолды, сонор дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазыла береді.

Сөз басында:

*Мунтада* – мұнда, осында

*муң* – мұң

*мен* – мен

*меңу* – мәңгі

*Мсиқа* – кісі аты

Сөз ортасында:

*емті* – енді

*йеме* – және

*темүр* – темір

*түмен* – он мың (түмен)

*тамқа* – таңба



Сөз соңында:

*Битидім* – жаздым

*арам* – арам (ай аты)

*кім* – кім

*өзүм* – өзім

*теңрім* – менің тәңрім

## 2. Тіс және ерін дауыссыздары

Көне ұйғыр жазуында в әрпі үнсіз ұяң, тіс пен ерін дыбысының көне ұйғыр сөздері мен басқа тілдерден енген сөздерде кездеседі. Сөз басында өте сирек қолданылады. Сөз ортасында және сөз соңында жиі жазылады.

Сөз басында:

*врішти* – періште

*всір* – алмаз

*вусанті* – тасыну, сиыну

Сөз ортасында:

*сுவсамаз* – шөлдемес

*севінч* – сүйікті

*савыз* – сөзді

*тавар* – товар

Сөз соңында:

*сев* – сүй

*сув* – су

*ев* – үй

## 3. Тіс дауыссыз дыбыстары

*Т, т* – үнсіз қатаң, тіс дыбысы. Орын талғамайды. Сөздің барлық шенінде кездеседі:

Сөз басында:

*тіп* – деп

*таш* – тас

*теңрі* – тәңрі

*тегі* – дейің, шейін

*түрлүк* – түрлі, өртүрлі

Сөз ортасында:

*өтүнті* – өтінді

*йықты* – жықты

*йаңылтымыз* – жаңылдық *урты* – ұрды

*өтрү* – соң

Сөз соңында:

*Қут* – құт

*оқат* – оқыт



*от* – *от*

*айт* – *айт*

*йарым* – *жарат*

*Д, д* – үнсіз ұяң, тіс дыбысы. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазылады.

Сөз басында:

*дінтар* – діншіл, дінді қолдаушы

*дүрлук* – түрлі

*дүңкі* – түңгі

Сөз ортасында:

*едгү* – игі, тәуір

*ерді, ерті* – еді.

*удуқ* – қасиет (ұйық)

*өтүнді, өтүңті* – өтінді

*адағлығ* – аяқты

Сөз соңында:

*кед* – ки (киін)

*Меркід* – кісі аты

*ыд* – *ыт* – жібер

*С с* – үнсіз қатаң, тіс дыбысы. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында, соңында жазылады.

Сөз басында:

*сақын* – ойлан

*сав* – сөз саптау

*сен* – сен

*севінчліг* – сүйікті

*сөз* – сөз

Сөз ортасында:

*Мсиқа* – кісі аты

*ексүг* – кемшілік, жетпестік (жетім)

*кісі* – кісі

*Иүсүн* – Жүсіп

*ерсер* – етсе

Сөз соңында:

*ыдмыс* – жіберген, лақтырған

*Хиродис* – кісі аты

*біс* – бес

*улыс* – ұлыс

*барс* – барыс

Ескере кететін бір мәселе – көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде *с* дыбысы мен *ш* дыбыстары бірінің орнына бірі қолданылады.



**З з** – үнсіз ұяң, тіс дыбысы. Сөздің барлық шенінде жазыла бермейді. Тек сөздің ортасында және соңында жазылады.

Сөз ортасында:

*өзге* – өзге, басқа

*сізлер* – сіздер

*сезік* – сезім, сезік

*үзе* – үстіне

*көзі* – оның көзі

Сөз соңында:

*өз* – ез

*кіртүңүз* – кірдіңіз

*сіз* – сіз

*йалуңуз* – жалғыз

*көз* – кез

#### 4. Тіл алды дыбыстары

**Ш ш** – қатаң спираңт дыбыс. Ескерткіштер тілінде орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазылады.

Сөз басында:

*шерік* – шерік

*шануқ* – шетел елі

*Шанур* – кісі аты

*шариат* – шарифат

*Шейбани* – кісі аты

Сөз ортасында:

*нышан* – белгі, нысана

*Ишит* – есіт

*кіші* – кісі

*башла* – баста

Сөз соңында:

*бош* – бос

*баш* – бас

*өгренміш* – үйренген

*турмуш* – тұрған

*таш* – тас

**Н н** – мұрын жолды сонор дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазылады.

Сөз басында:

*нышан* – нысана, белгі

*негү* – неге

*ном* – қасиетті кітап, заң

*нече* – неше, қанша

Сөз ортасында:

*дінтар* – діншіл

*өкінді* – өкінді

*ынша* – сонша

*мунча* – мұнша, осынша

*ынанч* – сенім, нану



Сөз соңында:

*кедін* – кейін

*қан* – қан

*атын* – атын

*қалын* – қалың

*күн* – күн

*Л л* – ауыз жолды сонор дыбыс. Сөз басында сирек қолданылады, бірақ сөз ортасында және сөз соңында өте жиі жазылады.

Сөз басында:

*Лачын*– лашын

Сөз ортасында:

*ілік* – ілкі

*алғай* – алғай

*улуг, улық* – үлкен

*білү* – біле

*’оғлы* – ұлы, оғлы

Сөз соңында:

*огул* – ұл, оғыл

*ол* – ол

*ал* – ал

*йыл* – жыл

*көл* – көл

*Р р* – ауыз жолды сонор дыбыс. Сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасында және соңында жазылады.

Сөз ортасында:

*кірді* – бағынды,

*теңрі* – төңрі

*келүрмүш* – келтірген

*ара* – ара

*қары* – қары (кәрі)

Сөз соңында:

*ерсер* – ерсе

*бір* – бір

*олар* – олар

*білгүр* – білгір

*йір* – жер

*Й й* – ауыз жолды сонор дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазылады.

Сөз басында:

*йарлуқ* – жарлық

*йеме* – жөне, тағы

*йем* – жем

*йумчақ* – жұмсақ

*йаруқ* – жарық



Сөз ортасында:

*айыду* – айта

*бойун* – мойын

*тйүр* – дер, айтар

*сайу* – сайын

*қыйын* – қиын

Сөз соңында:

*алгай* – алғай

*ай* – ай

*болгай* – болғай

**Ч ч** – қатаң аффрикаттық дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің басында, ортасында және соңында жазылады.

Сөз басында:

*чақ* – түзу, шак

*чечек* – шешек

*чам* – жедел

*Чоғ* – шок

*чүмле* – бәрі, бүкіл

Сөз ортасында:

*ілчі* – елші

*үчүн* – үшін

*емчі* – емші

*ынча* – сонша

*отачы* – дәрігер, емші

Сөз соңында:

*йалавач* – елші

*күч* – күш

*моғоч* – шетел елі

*унч* – мүмкіндік

*йүкүнч* – жүгіну

## 5. Тіл ортасы дауыссыз дыбыстары

**К к** – үнсіз қатаң, **Г г** – ұяң тіл ортасы дауыссыз дыбыстары. Алдыңғысы сөздің барлық шенінде жазыла береді. Соңғысы тек сөздің ортасында және соңында жазылады.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде қатаң **к** және ұяң **г** дыбыстары бір таңба түрінде беріледі, сөз ортасында және сөз соңында бірінің орнына бірі жұмсала береді.

Сөз басында:

*көңүл* – көңіл

*көз* – көз

*күн* – күн

*көрүр* – көрер

*кісі, кіші* – кісі



Сөз ортасында:

*ікі* – екі

*беклер* – бектер

*ікізү* – екеуі

*кергек* – керек

*көркі* – көркі

Сөз соңында:

*үзік* – үзік

*түрлүк, түрлүг* – түрлі

*кішіг, кішік* – кіші

*сүңүг, сүңүк* – сүйек

*біліг, білік* – білік

## 6. Тіл арты дауыссыздары

**Қ қ** – үнсіз қатаң тіл арты дауыссыз дыбысы, орын талғаймайды, сөздің барлық жерінде жазыла береді.

Сөз басында:

*кутлуг* – құтты

*қара* – қара

*қар* – қар

*қон* – қон

*қылмыш* – қылған

Сөз ортасында:

*йарылқады* – жарылқады

*буқа* – бұқа

*бурқан* – буддылық

*тамқа* – таңба

*алқыс* – алғыс

Сөз соңында:

*йоқ* – жоқ

*борлуқ* – үзімдік

*тануқ* – куә

*арық* – арық

*йонлақ* – өтімді, тиімді

**Ғ г** – үнсіз, ұяң тіл арты дауыссыз дыбысы.

Сөз басында жазылмайды, тек сөздің ортасында және соңында жазылады

Сөз ортасында:

*йығлады* – жылады

*оглы* – ұлы

*қылғу* – қылғай

*йығды* – жиды

Сөз соңында:

*тағ* – тау

*тапығ* – табыс

*арығ* – таза

*бағ* – бау

*азығ (тіс)* – азу тіс



Көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде қатаң қ мен ұяң ғ дыбыстары сөз ортасында және сөз соңында бірінің орнына бірі жазыла береді. Бұл – тарихи ерекшелік.

ң – үнді мұрын жолды сонор дыбыс. Сөз басында кездеспейді. Тек сөздің ортасында және сөздің соңында жазылады.

Сөз ортасында:

саңа – саған

теңрі – тәңрі

маңа – маған

йаңмур – жаңбыр

йаңылу – жаңылу

Сөз соңында:

соң – соң

ең –ең

таң – таң

**Ассимиляция.** Ескі ұйғыр ескерткіштерінде де қатар келген дыбыстардың бірі – екіншісіне ықпал етіп, өзара үндеседі. Сөйтіп, қатар келген дыбыстардың бірінің екіншісіне ықпал ету бағытына қарай олар ілгерінді және кейінді ықпал (ассимиляция) болып бөлінеді.

а) Ілгерінді ықпал:

кішілер – кісілер

йылқа – жылға

екінті – екінші

қатунлы – катынды

б) Кейінді ықпал:

Бүкүн – бүгін

Сонор *р, л, м, н* дыбыстарының қатаң түрі жоқ, сондықтан оларға қосылатын қосымшалар қатаңнан да, ұяңнан да бастала береді:

көртү – көрді

ынантымыз – біз сендік

ерсер – болса

білтіміз – біз білдік

**Буын.** Ескі ұйғыр жазба нұсқаларында буынның барлық түрі де кездеседі.

а) Ашық буын:

бу – бү, бұл

не-ге – неге

і – екі – екі

ісі – ісі

б) Тұйық буын:



*ач* – аш

*оз* – оз

*ит* – ит

в) Бітеу буын:

*барсын* – барсын

*қут* – құт

*йаш* – жас

*муң* – мұң

## II ТАРАУ

### ЛЕКСИКА

Белгілі бір тілдегі сөздердің барлығы – сол тілдің сөздік құрамы немесе лексикасын құрайды. Қазіргі кездегі көптеген тілдердің әрқайсысының талай замандар бойына қалыптасқан сөз байлығы – лексикасы бар. Мұндай лексика көне ұйғыр тіліне де қатысты. Ұйғыр жазба нұсқалары тілінің де өткен дәуірлер ішінде қалыптасқан өзіндік бай лексикасы бар. Оның қалыптасуы, байып дамуы сол тілді қолданушы ұйғыр тайпаларының өткен өмірімен тығыз байланысты.

Лексиканың ең басты зерттеу объектісі – сөз. Қысқаша айтқанда, лексика сөзді, сөз мағынасының шығу төркінін, қарым-қатынас жасаудағы аясы, тілдегі қолданылған стильдік жақтары мен қызметін жаң-жақты қарастырады.

Тілдегі сөздер белгілі бір мағынада қолданылады, мағынасыз сөз атауы болмайды. Әдетте сөздің мағыналық жақтарын сема-сиология қарастырады.

### Сөз және оның мағыналары

Адам баласы өз пікірін сөздер арқылы жеткізеді. Табиғат пен қоғам өміріндегі құбылыстардың бәрі де тілдегі сөздер арқылы аталады. Сондықтан тілдегі сан алуан сөздер сол халықтың басынан өткізген өмірі мен тарихының айғағы.



Ескерткіштердегі сөздер өздерінің мағынасы жағынан бір-бірінен өзгеше, әр түрлі.

Текстердегі *оғул* – ұл, *баш* – бас, *темұр* – темір, *тағ* – тау, *йонт* – жылқы, *екін* – егін, *бағ* – бау сияқты сөздер адам және әр түрлі ұғымдардың аттарын білдіреді.

*Ағыр* – ауыр, *йаңы* – жаңа, *қара* – кара, *кішіг* – кіші, *улуғ* – ұлы, *ұлкен*, *көк* – көк, *қызыл* – қызыл сияқты сөздер түрлі ұғымдардың белгі, сыр-сипатын көрсетеді.

*Бір* – бір, *ікі* – екі, *үч* – үш, *йіті* – жеті, *секіз* – сегіз, *отыз* – отыз, *тоқузунчы* – тоғызыншы, *төртінч* – төртінші сияқты сөздер заттардың санын, сан ретін білдіреді. Сондай-ақ текстердегі *біті* – жаз, *көр* – көр, *кел* – кел, *тоғ* – туу, *йоры* – жүр, *сөк* – сөгу сияқты сөздер қимыл-әрекетті, амалды көрсетіп тұр.

Ескерткіштердегі *емді*, *емті* – енді, *тақы* – тағы, *йана* – және, *соң* – соң, *кідін* – кейін, *бурун* – бұрын сияқты сөздер негізгі сөздермен бірге келіп, олардың қарым-қатынасын анықтайды. Жоғарыда көрсетілген сөздер өздерінің мағына жақтарынан негізгі және көмекші сөздер болып бөлінеді.

Ескерткіш тілінде кездесетін сөздер қазіргі кездегі тілдердегідей тура, ауыспалы, нақты, абстракті мағыналарда да кездеседі.

Лексиканың ең негізгі қарастыратыны- шындық өмірдегі түрлі құбылыстардың аттары болатын сөз және сөз топтары. Сөйтіп, қай тілдің сөз байлығын алып қарасак та, солардың ішінен көзге түсетіні осы сөздер.

### **Сөздердің мағыналық түрлеріне қарай бөлінуі**

Тілдегі сөздердің мағыналық жақтарынан дамуында өзіне сәйкес ерекшеліктері, заңдары болады. Біз олардың барлығына толық тоқтап жатпай-ақ, кейбіреулеріне кідіріп өтуді орынды көрдік.

**Омонимдер.** Ескерткіш тілінде омонимдер жиі кездеседі. Олар төмендегідей:



*бағ* – бау, *бағ* – ру, тайпа

*бар* – бар, *бар* – бару

*ет* – ет, *ет* – ету

*баш* – бас, *баш* – аяқты *бас*

*от* – от, *от* – отты жер

*йел* – жел, *жел* – желу

*йүз* – жүз, *жүз* – бет

*өт* – өт, *өт* – өту т.б.

Омонимдер өздерінің құрылысы жағынан көп мағыналы сөздерге жақын тұрады. Осыған орай кейде оларды бір-бірінен айыру қиын. Бірақ оларды қиналмай-ақ ажыратуға болады. Сөздегі мағыналар арасында семантикалық (мағыналық) байланыс болса, ондай сөздер көп мағыналы сөздер түрінде қаралады. Егер олардың арасында байланыс болмай, әрқайсысы жеке мағынаға ие болса, ондай сөздер омоним түрінде қаралады.

**Синонимдер.** Ескерткіштер тілінде дыбысталуы әр түрлі, мағыналары біріне-бірі жақын синонимдер де кездеседі. Тілде синонимдердің көп болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, орамды екендігін көрсететін белгілердің бірі.

*Көңул* – йүрек.

*йем* – аш

*еб* – барқ

*бүгү* – алп

*чаб* – сөз

*амрақ* – еш (дос)

*күн* – йашук

*қадғу* – буң

*ағыт* – бошат т.б.

Сөздердің мағыналық жақтары дамып, олардың қосымша жаңа мағынаға ие болуы тілде синонимдердің жасалуына ықпал етеді.

**Антонимдер.** Текстерде мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін антонимдер де кездеседі. Олар төмендегідей:

*Аз* – көп

*улуғ* – кішіг

*ақ* – қара

*Баш* – адағ

*күн* – тун

*қатығ* – йумчак



*қыш – йаз*

Жоғарыдағыдай сөздердің бәрі бірдей әруақыт өзара синонимдес бола бермейді. Тексте кездесетін тон, көгершін, қоңыз сияқты сөздердің қарсы мәндес келетін түрлері жоқ.

Антоним болатын сөздердің көпшілігі сын есімдер. Өйткені, олар көбінесе сапалық, болмаса сапалық белгісі бар сөздер, өзара бір-бірімен антоним болып келе алады. Тілде антонимдердің стильдік қызметі ерекше күшті болады.

### **Көне ұйғыр ескерткіштері тілінің лексикасының құрамы**

Тілдегі сөздер сол тілдің лексикасын қамтиды. Тілдің сөздік құрамы неғұрлым бай, әр тарапты болса, тіл де солғұрлым бай болады.

Көне ұйғыр тілінің лексикасы негізгі екі бөлімнен тұрады:

1. Түркі тілдеріне ортақ сөздер.
2. Басқа тілден енген сөздер.

#### **Түркі тілдеріне ортақ сөздер**

Ескерткіш тілінде кездесетін сөздердің көпшілігі – түркі тілдеріне ортақ сөздер. Ескерткіштер жазылғалы бірталай уақыт өтті. Сол дәуірлер ішінде көне ұйғыр тілінің лексикалық құрамы өзгеріп, дамыды. Солай бола тұрса да оның құрамындағы көптеген сөздер біздің дәуірге дейін келіп жетті. Оларды мағыналық жақтарынан төмендегідей топқа бөлуге болады

#### **1. Адамға байланысты сөздер:**

*ата, ада* – ата

*ақа – ага (ақа)* – үлкен туыс

*іні – іні*

*күдегү* – күйеуі

*огул* – ұл

*баш* – бас

*адаг* – аяқ

*көз* – көз

*көңүл* – жүрек

*йүз* – жүз

#### **2. Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер:**

*йагач* – ағаш

*қар* – қар



*йер* – жер

*таг* – тау

*сув* – су

**3. Қоғамдық өмірге байланысты сөздер:**

*бег* – бек

*қан* – қан

*тігін* – тегін

*іді* – қожа

*тарқан* – шен

*халық* – халық

**4. Мал және айуандарға байланысты сөздер:**

*ат* – ат

*айыг* – аяу

*буқа* – бұқа

*йонт* – жылқы

*барыс* – барыс

*ит* – ит

*арслан* – арыстан

*бөрі* – бөрі

*ірбіз* – жолбарыс

**5. Егіншілікке байланысты сөздер:**

*екін* – егін

*еңіз* – жыртылған жер

*баг* – бау, бақша

*борлық* – үзімдік

*күнчіт* – күнжі

*уруг* – тамыр

*тарыг* – астық (тары)

**6. Заттардың сапа–сырын білдіретін сөздер:**

*агыр* – ауыр

*йаңы* – жаңа

*қара* – кара

*кічіг* – кішкене

*улуғ* – ұлық, үлкен

**7. Есімдіктер:**

*Мен* – мен

*сен* – сен

*ол* – ол

*біз* – біз

*олар* – олар

*мунча* – мұнша

*барча* – барша

*бу* – бұ, бұл

*өзүм* – өзім

**8. Заттың санын және сан ретін білдіретін сөздер:**

*бір* – бір

*ікі, екі* – екі

*үч* – үш

*йеті* – жеті

*секіз* – сегіз

*отуз* – отыз

**9. Әрекет пен қимылды көрсететін сөздер:**

*адырыл* – айрыл

*кед* – ки

*тіп* – деп, айтып

*тегдүкте* – тигенде



*қылмыш* – қылған

*болты* – болды

*бітіділер* – жазды

*қиғыр* – айғайла

*север* – сүйер

*тезер* – қашар

*оқытдылар* – оқытты

10. Көне ұйғыр жазба нұсқалары тілінде жоғарыда көрсетілген сөздерден басқа төмендегідей сөздерде кездеседі.

*емті* – енді

*тақы* – тағы

*йана* – және

*кідін* – кейін

*соң* – соң

*бурун* – бұрын т. б.

### **Ескерткіштердегі басқа тілден енген сөздер**

Ұйғыр жазба ескерткіштері тілінің лексикасында шығу төркіні жағынан басқа тілден енген сөздер бар. Өйткені, сөздік құрамында басқа тілдерден сөз енбеген таза тіл жоқ. Әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар өзара бірімен-бірі қарым-қатынаста болады, соның нәтижесінде бір тілден екінші тілге сөз ауысу процесі болады.

Мұндай жайттарды біз көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінен де кездестіреміз. Ұйғыр тіліне енген сөздер сол дәуірдегі ұйғыр тілінің дыбыстық заңдары мен ерекшеліктеріне бағынды.

Ескерткіштегі фактілерге қарағанда, төмендегідей тілдерден сөз енген.

#### **Соғды тілінен:**

*Евруа, зуван, біті, кед.*

#### **Үнді тілінен:**

*адам, сарт.*

#### **Грек тілінен:**

*ном.*

#### **Табғаш тілінен:**

*мін, қуа, тайчы, сеңун, саң, со, суй, тсаң, сы, чаң.*

#### **Монғол тілінен:**

*булуң, ем, белге, бічі, бора, ірбіс, чаг, орду т. б. сөздер.*



Ескерткіштер тілінде жоғарыда көрсетілген тілдерден басқа араб-парсы тілдерінен енген сөздер де байқалады.

**Араб тілінен енген сөздер.** Тарихи деректерден белгілі жалпы түркі тілдеріне араб сөздері VII-VIII ғасырлардан бастап-ақ ене бастайды. Ескерткіштерде: *аср, дін, мекан, мехнат, намаз, Мысыр* т.б. сөздер бар.

**Парсы тілінен енген сөздер.** Ұйғыр ескерткіштерінде парсы тілдерінен де ауысқан сөздер бар. Мұндай сөздер түркі тілдеріне негізінде көрші тәжік тілі арқылы ауысты. Олар: *йад, йан, діндар, фаришта, нышан, үнер, шатраныш* т.б.

Ескерткіштер тіліне енген шетелдік сөздердің көпшілігі сол өздерінің алғашқы мағыналарын сақтап, семантикалық жақтарынан көп өзгеріске ұшырамаған.

### ІІІ ТАРАУ

## МОРФОЛОГИЯ

### Сөз тұлғасы

Ескі ұйғыр ескерткіштері тілінің де ерте кездерде қалыптасқан, жүйелі морфологиялық құрылысы болған. Будды, манихей, ұйғыр халқының әкімшілік, шаруашылық өміріне байланысты кездесетін ескерткіштер тілінде қазіргі заманғы түркі тілдерінде кездесетін грамматикалық формалардың бәрі де түгел кездеседі.

Ескі ұйғыр жазу ескерткіштері тіліндегі сөздер өзінің құрамына қарай төмендегідей үш топқа бөлінеді:

**1. Түбір сөздер.** Ескерткіштерде бөліп, жаруға келмейтін жалаң түбірлерден құралған түбір сөздер де кездеседі. Олардың түрлері төмендегідей:

а ) Тек жалғыз дауыстыдан құралған түбір. Мұндай сөздер текстерде онша көп емес.

*ы* – бұта, өсімдік



б) С – У<sup>1</sup> (Дауыссыз және дауыстыдан құралған түбір):

<i>бу</i> – бұ, бұл	<i>кү</i> – даңқ
<i>лу</i> – ұлу	<i>тү</i> – түк (шаш)
<i>не</i> – не	<i>со</i> – шынжыр

в) У–С (Дауысты және дауыссыздан құралған түбір):

<i>(ад – ат)</i> – ат, даңқ	<i>ит</i> – ит
<i>аз</i> – аз	<i>от</i> – от
<i>ай</i> – ай	<i>ол</i> – ол
<i>ал</i> – ал	<i>өг</i> – шеше
<i>еб</i> – үй	<i>өд</i> – уақыт
<i>ер</i> – ер	<i>уд</i> – бұқа
<i>ем</i> – ем	<i>уз</i> – шебер
<i>ід</i> – есеп.	<i>үч</i> – үш
<i>із</i> – ауру	<i>үн</i> – үн т.б.
<i>іч</i> – іш	

в) С – У – С (дауыссыз, дауысты және дауыссыздан құралған)

<i>баг</i> – байлам, байлау	<i>муң</i> – мұң, қайғы
<i>баш</i> – бас	<i>қой</i> – кой
<i>бай</i> – бай	<i>қуш</i> – құс
<i>бар</i> – бар	<i>саб</i> – сөз
<i>бег</i> – бек	<i>сан</i> – сан
<i>біл</i> – біл	<i>сув</i> – су
<i>бір</i> – бір	<i>таг</i> – тау
<i>бош</i> – бос	<i>таң</i> – таң
<i>бөз</i> – бөз	<i>тіл</i> – тіл
<i>кім</i> – кім	<i>йаг</i> – май
<i>күч</i> – күч	<i>йаз</i> – жаз
<i>мен</i> – мен	<i>йүк</i> – жүк

г) С – У – С – С (дауыссыз, дауысты, дауыссыз және дауыссыз):

<i>барс</i> – барыс	<i>йурт</i> – жұрт
<i>барқ</i> – үй	<i>йонт</i> – жылқы
<i>берк</i> – берік	

<sup>1</sup> Бұдан былайғы жерде У дауысты, С дауыссыз дыбыс түрінде оқылсын.



Екі буынды түбірлер ашық, түйық және бітеу буындардан кұралады.

1) У – С – У (дауысты, дауыссыз және дауыстыдан кұралған):

*ағы* – қазына                      *ікі* – екі

*ана* – ана                              *іні* – іні

*ата* – ата

2) У – У – С (Дауысты, дауыссыз, дауысты және дауыссыз):

*адағ* – аяқ                              *ешід* – есіт

*ачығ* – ащы                              *ынан* – сен

*агыр* – ауыр                              *өкүн* – өкін

3) У – С – С – У (Дауысты, дауыссыз, дауыссыз және дауысты):

*алқу* – бөрі                              *орду* – сарай

*алты* – алты                              *орта* – орта

*арта* – арта                              *утлы* – сыйлық

Текстерде У – С – С – У – С; У – С – У – С; С – У – С – С – С – У; С – У – С – У – С; У – С – С – С – У және тағы басқа түрлері кездеседі:

*баға* – бақа                              *ішле* – істе

*балық* – қала                              *сілк* – сілік

*чечек* – шешек                              *бедіз* – ою

*бічін* – мешін                              *қатун* – қатын

*йаруқ* – жарық                              *арслан* – арыстан

*сығта* – жыла, сықтау                              *ердем* – батырлық

**2. Туынды сөздер.** Ескі ұйғыр ескерткіштеріндегі сөздер тек жалаң түбірден ғана кұралмайды. Олар қазіргі тілдердегі жұрнақтар жалғану арқылы да жасалады.

*етікчі* – қарыздар                              *білігсіз* – біліксіз

*йолчы* – жолшы                              *бөлүг* – бөлік

*күчлүг* – күшті                              *батсық* – батыс

*қорқыныш* – қорқыныш

**3. Күрделі сөздер.** Күрделі сөздер қатарына, көбінесе, кісі аттары мен жер–су және кейбір сөз тіркестері жатады:

*Бег Буқа* – Бекбуқа (кісі аты)



*Иал Тұрған* – Иалтурған (кісі аты)

*Іл Темір* – Елтемір (кісі аты)

*Оркун йір* – Орхон жер

*бү күн* – бүгін

### Зат есім

Зат есімдер заттың, нәрсенің, құбылыстардың аттарын білдіреді. Зат есімдер семантика-мағыналық жағынан екіге (нақтылы және абстракті) бөлінеді. Көзге көрініп, денеге сезілетін зат атаулары нақтылы есімдерге жатады:

*оғул* – ұл

*уд* – сиыр

*кіші* – кісі

*лашын* – лашын

*йонт* – жылқы

*қуш* – құс

Абстракті зат есімдер негізінде адамның ойлау қабілеті арқылы танылады. Олар көзге көрінбейді, тек заттық ұғымды білдіреді.

*тапығ* – қызмет, жұмыс

*тынлық* – тіршілік

*біліг* – білік

*берім* – берім, қарыз

Зат есімдер өзінің морфологиялық жағынан септеледі, тәуелденеді, көптеледі, кейде жіктеледі. Құрамы жағынан негізгі, туынды түбір болып бөлінеді. Буын құрамына қарай бір, екі, және үш буынды болып келеді. Бірақ төрт және одан да көп буынды болып келуі ескерткіштерде сирек.

### Көптік жалғау

Көптік жалғау - түркі тілдерінің бөріне де тән категория. Ескерткіштерде қазіргі ұйғыр және өзбек, татар тілдеріндегідей етістік түбіріне көптік жалғауы жалғана береді.

*бартылар* – барды

*тутдылар* – тұтты, ұстады

*оқутдылар* – оқытты

*бітіділер* – жазды

Ескерткіш тілінде де көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік мағынаны білдіретін сөздер кездеседі. Олардың қатарына кейбір жинақты ұғымды сөздер, лексикалық мағынасының



өзінде көптік мәні бар сөздер жағады, зат есімнің алдында оның қанша екендігін білдіретін үкүш, көп сияқты сөздер айтылғанда оларға көптік жалғауы жалғанбайды.

Текстерде кездесетін қос сөздерге де көптік жалғауы жалғанбайды.

Ескерткіштерде көптік форма *-лар, -лер* аффикстері арқылы беріледі.

Жуан буынды сөздерде *-лар*, түрінде келеді.

*тынлызлар* – тіршіліктер      *орындар* – орындар

*йоллар* – жолдар      *дінтарлар* – діндарлар

Жіңішке буынды сөздерде *-лер* түрінде келеді:

*теңрілер* – тәңрілер

*йеклер* – жындар

### Тәуелдік жалғау

Көне ұйғыр жазба нұсқалары тілінде де тәуелдік жалғаулар үш жаққа, жекеше және көпше болып бөлінеді.

Ескерткіштерде кездесетін тәуелдік жалғаулар темендегідей:

жақ	жекеше	көпше
I жақ	-м, -ым, -ім, -ум- -үм	-мыз, -міз, -ымымыз, -іміз
II жақ	-ң, -ың, -ің, -уң, -үң	-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз
III жақ	-ы, -і	-лары, -лері
жақ	жекеше	көпше
I жақ	<i>теңрім</i> – тәңрім	<i>теңріміз</i> – тәңріміз
	<i>ақам</i> – ағам	<i>ақамыз</i> – ағамыз
	<i>інім</i> – інім	<i>ініміз</i> – ініміз
	<i>урығым</i> – ұрығым	<i>білігіміз</i> – білігіміз
	<i>тоғушым</i> – туысым	<i>күчүмүз</i> – күшіміз
II жақ	<i>евің</i> – үйің	<i>улусыңыз</i> – облысыңыз
	<i>йерің</i> – жерің	<i>йарлықыңыз</i> – жарлығың
	<i>сабың</i> – сөзің	
III жақ	<i>басы</i> – басы	<i>атлары</i> – аттары
	<i>сачы</i> – шашы	<i>адақлары</i> – аяқтары



улугы – ұлысы

бойунлары – мойындары

кішісі – кішісі

едгүлері – жақсылары

Тәуелді жалғаулы сөз әруақыт ілік жалғаулы сөзбен байланысты айтылады.

### Септік жалғаулар

Зат есімдер сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысты айтылады. Олар әдетте септік жалғаулары арқылы келеді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде төмендегідей септіктер кездеседі.

1. Атау

5. Жатыс

2. Ілік

6. Шығыс

3. Барыс

7. Көмектес

4. Табыс

**Атау.** Атау тұлғада тұрған сөздің ешбір жалғауы болмайды. Ол басқа септік жалғауларының жалғануына негіз болып есептеледі. Атау тұлғадағы сөздер түбір, туынды, біріккен, қос сөздер түрінде және тәуелдік жалғау түрінде келеді.

*Ол бек тіріліп келті* – Ол бек жиналып келді.

*Тоғмақ болмасар, қарымақ, өлмек болмаз* – Туу болмаса, қартаймақ, өлмек те болмас.

**Ілік септік.** Ілік септікте тұрған сөз заттың, қимылдың, не белгінің белгілі біреуге тән екендігін көрсетіп, *-ың, -ің, -ның, -нің (нуң, нүң)* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*Темүрнүң* – темірдің

*бегнің* – бектің

*бөрінің* – бөрінің

*йернің* – жердің

*Оғлының* – ұлының

*сабның* – сөздің

Ілік септікте тұрған сөздер ешуақытта жеке айтылмайды, Олар үнемі тәуелдік жалғаулы сөздермен тіркесте келеді. *Үчүнчі ең кішігі* – *оғлының аты* – *Мағастава ерті* – Екінші, ең кіші ұлының аты – Мағастава еді.

Текстерде ілік жалғаулы сөз ашық түрде де, жасырын түрде де келеді. Ілікте тұрған сөз сөйлем ішінде, негізінде, анықтауыш мүше қызметін атқарады.



**Барыс септік.** Барыс септік белгілі істің, қимылдың алған бағытын көрсетіп, төмендегідей аффикстер арқылы жасалады:

а) *-қа, -ке:*

*йылқықа* – жылқыға

*іске* – іске

*тынлығқа* – тіршілікке

*күчке* – күшке

*қанқа* – қанға

*улуғқа* – ұлыққа

б) *-ғару, -геру, -ғары, -гері:*

*біргеру* – бері қарай

*йергеру* – жерге қарай

*теңрігеру* – тәңірге қарай

*-ғары, -гері* аффикстері – құранды аффикстер. Олар *-ға* және *-ру* қосымшалары арқылы жасалған. Тексттерде *-ру, -рү* аффикстері жалғанған сөздер де кездеседі:

*оңару* – оңға

*іңеру* – далаға

*ыңару* – ол жерге т. б.

в) *-ра, -ре:*

*Өңре* – алға

*ташра* – сыртқа, далаға

г) *-а, -е;* Жіктік есімдіктері мен төуелдік жалғаулы сөздерден соң жалғанады:

*құтыңа* – құтыңа

*күчүңе* – күшіңе

*башыңа* – басыңа

*йеріңе* – жеріңе

Ескерткіштердегі барыс септікте келетін сөздердің мағыналары әр түрлі. Олар бет алысты, бағытты, мекенді және мезгілді көрсетеді. Сөйлем ішінде не толықтауыш, не пысықтауыш қызметін атқарады.

**Табыс септік.** Табыс септіктегі сөз амал мен іспен тікелей байланысты болып, төмендегідей аффикстер арқылы жасалады.

а) *-ны, -ні.*

*бітігні* – жазуды

*кісіні* – кісіні

*оглыны* – ұлды

*бізні* – бізді

*оларны* – оларды



б) *-ыг, -іг, -уг, -із.*

*кісіг* – кісіні

*ісіг* – істі

*номуг* – ережені, заңды

*төрүг* – төрені

*қудугыг* – құдықты

*-ыг, -іг* аффикстері қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді, бірақ Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба нұсқаларында жиі қолданылған. Ол – монғол тілінен енген форма.

в) *-ын, -ін, -н;* Тәуелдік жалғаулы сөздерден соң жалғанады.

*агзын* – аузын

*йерін* – жерін

*ойнун* – ойнын

*көркүн* – көркін

*сөзін* – сөзін т.б.

Табыс септіктегі сөздер толықтауыш қызметін атқарады, ашық түрде де, жасырын түрде де кездеседі.

**Жатыс септік.** Текстерде жатыс септік заттың мекен, мезгілін білдіріп, *-та, -те, -да, -де* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*Көңүлте* – көңілде

*йазуқта* – жазыққа, далада *тегдүкте* – жеткенде т.б.

*балықта* – қалада

*бітігде* – жазуда

Тәуелдіктің үшінші жағында *-ынта, -інте, -нта, -нте* аффикстері арқылы келеді.

*ташында* – сыртында

*ічінте* – ішінде

*елігінде* – қолында

*күчінте* – күшінде

*қатунында* – қатынында

Жатыс септікте тұрған сөздер сөйлем ішінде, көбінесе, жанама толықтауыш, не пысықтауыш мүше болады.

**Шығыс септік.** Шығыс септікте тұрған сөздер қимылдың орның, себебін, мезгілін білдіріп, *-дын, -дін, -тын, -тін, (-дан, -ден, -тан, -тен)* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*теңріден* – тәңріден

*төпедін* – төбеден

*балықтың* – қаладан

*улустын* – облыстан

*өзнідін* – өзінен



## **Көмектес (күралды) септік.**

Көмектес септік текстерде төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады.

а). *-н, -ын, -ін.*

*көзін – көзімен*

*тілін – тілімен*

*құлғақын – құлағымен*

*елігін – қолымен*

*адақын – аяғымен*

б) *бірле:*

*огланы бірле – ұлымен бірге*

*отын бірле – отынмен бірге*

*өдін бірле – уақытпен бірге*

*кіші бірле – кісімен бірге*

## **Зат есімдердің жасалуы**

Көнеұйғыр жазба ескерткіштеріндегі зат есімдер төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады.

*-чы, -чі:*

*йолчы – жолшы*

*өлүтчі – өлтіруші*

*өтүкчі – қарыздар*

*йадчы – жаткер*

*-дам, -дем, -тем, -тем:*

*ердем – батырлық*

*йантам – жалғыз, бір ғана*

*теңрідем – тәңрілік*

*бірдем – тек*

*күнтем – күнделік*

*-ғақ, -гек, -қақ, -кек.*

*ешкек – есек*

*тоғзақ – тозаң*

*құлғақ – құлақ*

*безгек – безгек*

*-лық, -лік, -лық, -лік:*

*күчлүг – күшті*

*чечеклік – шешекті*

*сүлүг – әскерлі*

*йімішлік – жемісті*

*йаналыг – отты*

*түрлүк – түрлі*

*-гу, -гү, -қу, -кү:*

*едгү – игі, жақсы*

*нічкү – тыныштық*

*адынагу – өзге, бөтен, басқа*

*менгүгү – шаттық*



-суқ, -сақ:

бағырсақ – бауырлас

таңсуқ – тақсық

тапығсақ – қызметті, шаруалы.

-ғ, -г, -қ, -к (-уғ, -үғ, -ық, -ік):

айығ – айтыс

ығ – пайда

арығ – таза

бағ – байлау, байлам

бітіг – жазу

біліг – білік

ачық – аш

қапығ – қақпа

бөлүк – бөлек

бычақ – пышақ

## Сын есім

Көне ұйғыр жазба нұсқаларында кездесетін сын есімдер мағынасына қарай екі түрлі.

1. Сапалық сын есімдер.

2. Қатыстық сын есімдер.

**Сапалық сын есімдер.** Ескерткіштерде ешбір аффиксіз түр-бір күйінде заттың түр-түсін, сыр-сиыатын көрсететін сапалық сын есімдер де кездеседі. Олар төмендегідей топқа бөлінеді:

1. Заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер:

боз – боз

йашыл – жасыл

көк – көк

арығ – сары

қызыл – қызыл

2. Заттың көлемі мен аумағын білдіретін сын есімдер:

артуқ – артық

бедүк – биік

йінчке – жіңішке

улуғ – ұлы, үлкен

йумчақ – жұмсақ

йумғылы – жинақы

күчлүг – күшті

3. Заттың сана, сыр-сиыатын білдіретін сын есімдер:

ач – аш

арығ – таза

бош – бос

тіріг – тірі

тоқ – тоқ

ысық – ыстық, ыссы



*йаблақ* – жамаң, төмен

**Қатыстық сын есімдер.** Тексттерде қатыстық сын есімдер аффикстер жалғану арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Сын есімдер жасайтын аффикстердің бастылары төмендегідей:

*-лы, -лі.*

*теңрілі* – тәңрілі

*беглі* – бекті

*йарақлы* – жарақты

*қатунлы* – қатынды

*йеклі* – жанды, рухты

*-лығ, -ліг, -лық, -лік:*

*көрүглүг* – көрікті

*тонлығ* – тонды

*адағлық* – аяқты

*бағлығ* – баулы

*күчлүг* – күшті

*-сыз, -сіз, -суз, -сүз:*

*білігсіз* – біліксіз

*йоқсуз* – жоқсыз

*інчсіз* – қайғысыз

*түпсіз* – түпсіз

*сувсыз* – сусыз

*-дақы, -декі, -тақы, -текі.* Бұл аффикс – жатыс септіктің *-да, -де, -та, -те* аффикстері мен сын есімнің *-қы, -кі* жұрнақтары арқылы жасалған күрделі аффикс.

*евіндекі* – үйіндегі

*ажурлардақы* – дүниелердегі

*ічинтекі* – ішіндегі

*-қы, -кі* аффикстері жалғанған сөздер тексттерде мезгілдік және мекендік ұғымдарды білдіретін сын есімдер тудырады:

*ічлі* – ішкі

*бурунқы* – бұрынғы

*бүгүнкi* – бүгінгі

*-тег, -дағ* есімдерге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер жасайды:

*күнтег* – күндей

*антағ* – сондай

### **Сын есімнің шырайлары**

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде төмендегідей үш түрлі шырайлар кездеседі.

Жай шырай:



узун – ұзын

қара – қара

йашыл – жасыл

едгү – игі

көк – көк

Салыстырмалы шырай:

бегрек – бегірек

артуқрақ – артығырақ

күнтег – күндей

Күшейтпелі шырай:

ең кішігі – ең кішісі

ең ұлуғы – ең үлкені

ең ілкі – алғашқы

Сын есімдер әдетте сөйлем ішінде анықтауыш болады. Кейде сын есімдер етістіктен бұрын болған мүшеден бұрын келсе, пысықтауыш та болады. Сын есімдер сөйлем соңында көмекші етістіктермен тіркесіп, баяндауыш та болады.

Заттанған сын есімдер сөйлем ішінде бастауыш та, толықтауыш та болады.

### Сан есім

Ұйғыр жазба ескерткіштерінде сан есімдер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

#### 1. Есептік сан есімдер:

бір – бір

ікі – екі

үч – үш

төрт – төрт

беш – бес

алты, алды – алты

йеті, йіті – жеті

секіз – сегіз

тоқуз – тоғыз

он – он

йегірма – жиырма

отуз – отыз

қырқ – қырық

еліг – елу

алтмыш – алпыс

йетмиш – жетпіс

секіз он – сексен

йүз – жүз

бін – мың

түмен – он мың

2. Реттік сан есімдер. Тексттерде реттік сан есімдер *-інті, -нч, -ынч, -інч* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады:

екінті – екінші

үчүнч – үшінші



*төртінч* – төртінші      *бісінч* – бесінші  
*ынч* – алтыншы      *бір йегірмінч* – он бірінші

**3. Жинақтау сан есімі.** Жинақтау сан есімі ескерткіштерде *-егү* аффиксінің жалғануы арқылы жасалады.

*екігү* – екеуі      *бірегү* – біреуі  
*үчегү* – үшеуі

**4. Бөлшекті сан есімдер.** Тексттерде кейбір сан есімдер *-ар, -ер*, аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*бірер* – бір ғана, жеке  
*үчер* – үштен  
*ікірер* – екіден      *онар* – ондап

**5. Аралас сан есімдер.** Мұнда кіші сандар үлкен сандардан бұрын келеді.

*үч йегірмінч* – он үшінші      *біш йегірмінч* – он бесінші  
*бір йегірмінч* – он бірінші

Сан есімдер негізінде сөйлем ішінде анықтауыш мүше қызметін атқарады. Бірақ сан есімдер сөйлемнің басқа да мүшелері бола алады.

### Есімдік

Ұйғыр жазба ескерткіштеріндегі есімдіктер төмендегідей топтарға бөлінеді.

#### 1. Жіктеу есімдігі:

*Мен* – мен      *біз* – біз  
*сен* – сен      *сіз* – сіз  
*ол* – ол      *олар* – олар

#### Жіктеу есімдіктері септеледі:

Атау: *мен* – мен, *біз* – біз  
Ілік: *менің* – менің, *бізнің* – біздің  
Барыс: *маңа* – маған, *бізге* – сізге  
*саңа* – саған, *сізге* – сізге  
*аңа* – оған, *оларқа* – оларға  
Табыс: *мені* – мені, *бізні* – бізді  
*сені* – сені, *сізні* – сізді



Жатыс: *менде* – менде, *бізде* – бізде

Шығыс: *ментін* – менен, *біздің* – бізден

## 2. Сұрау есімдігі:

*кім* – кім

*қай* – қай

*не* – не

*қачан* – қашан

*нече* – неше

*қанча* – қанша

*нечүк* – қалай

## 3. Сілтеу есімдігі:

*бу* – бұ, бұл

*ол* – ол

## Сілтеу есімдіктері де септеледі:

Атау: *ол*

*бу*

Ілік: *аның* – оның

*буның*

Барыс: *аңа* – оған

*буңа* – бұған

Табыс: *аны* – оны

*буны* – мұны

Жатыс: *аніл* – оқда

*бунта* – мұнда

Шығыс: *антын* – одан

*бунтан* – мұнан

Көмектес: *анын* – онымен

## 4. Өздік есімдігі:

*Өз* – өз

*кентүн* – өзі

*өзүм* – өзім

## 5. Болымсыздық есімдігі:

*нең* – ештеңе

## 6. Жалпылау есімдігі:

*барча* – барша

*үкүш* – көп т.б.

*қамуг* – бүкіл

Есімдіктер де белгілі бір сөз табының орнына жұмсалуына қарай сөйлемде кез келген мүше бола алады.

## Етістік

Етістік-лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасы және сөйлемдегі атқаратын қызметі жағынан ерекше, күрделі сөз таптарының бірі.



Ескерткіш тілінде кездесетін етістіктер құрамына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Негізгі етістіктер
2. Туынды етістіктер

**1. Негізгі етістіктер.** Тексттерде негізгі етістіктер қатарына кимыл мен қозғалысты, жай-күйді және амалды білдіретін төмендегідей етістіктер жатады:

*бар* – бар

*буз* – бұз

*йат* – жат

*түш* – түс

*біл* – біл

*тоқы* – ұр

*олтур* – отыр

**2. Туынды етістіктер.** Туынды етістіктердің көпшілігі түбір етістіктен де, басқа сөз таптарынан да аффикстер жалғану арқылы жасалады.

Текстердегі туынды етістіктер етістік негізді және есім негізді болып екіге бөлінеді.

Ескерткіштердегі туынды етістіктер жасайтын аффикстердің бастылары төмендегідей:

1. *-а, -е, -у, -ү:*

*ата* – ата

*күче* – күште

*бошу* – боша

2. *-ад, -ед, -д:*

*қутад* – құтты болу

*ігід* – жақсарт

*муңад* – мұңай

3. *-ла, -ле:*

*ігле* – ауыр

*күле* – мақта

4. *-сыра, сіре:*

*күчсіре* – күшсіре

*татыгсыра* – тәттісіре

### **Етістіктің болымды және болымсыз түрлері**

Текстерде кездесетін етістіктер болымды және болымсыз болып кездеседі. Болымсыз етістіктер істің, кимылдың ре-



алсыз жақтарын көрсетіп, *-ма*, *-ме* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*бармады* – бармады      *тегмеді* – жетпеді, тимеді

*қорықмады* – қорықпады      *сөзлемеді* – сөйлемеді

*тутмады* – тұтпады, ұстамады

Болымды егістіктер істің және қимылдың реалды жақтарын білдіреді. Оған *-ма*, *-ме* аффикстері қосылмайды.

*ачты* – ашты

*турзун* – тұрсын

*айт* – айт

*ешід* – есіт

### Сабақты және салт етістіктер

Ескерткіштердегі егістіктер сөйлемдегі басқа сөздермен байланысуына қарай екіге бөлінеді:

а) Сабақты етістік.

б) Салт етістік.

**Сабақты етістік.** Сөздер сөйлем ішінде әртүрлі жолмен байланысады. Сабақты етістіктер табыс септіктегі сөздермен байланысты келеді:

*Теңріг білмедүк* – тәңрін білмеген. *Аны айтайын* – оны айтайын. *Қаһығын ача берті* – есігін аша берді. *Номуғ білметің* – Заңды білмедің.

**Салт етістік.** Кейбір етістіктер табыс септіктегі сөздерді тілемейді. Мұндай етістіктер салт етістіктер қатарына жатады:

*өтүн* – өгін

*келті* – келді

*кір* – кіру

*йатты* – жатты т.б.

Ескерткіштерде кездесетін кейбір етістіктер қазіргі қазақ тіліндегідей бірде сабақты, бірде салт етістік болып та келе береді. Сондай-ақ сөздерге аффикстер жалғау арқылы сабақты етістіктерді салт етістікке, не керісінше жасауға болады. Тексттердегі біті-жаз сабақты етістік, бітіл- жазыл болса, салт етістік болады.



## Етістіктің категориялары

Істің, кимылдың және амалдың жағдайын байқағанымызда, оның қай кезде, қай шақта істелгенін, істеліп жатқанын, не істелуге тиісті екендігін де сеземіз. Мұны шақ көрсетеді. Етістікте шақ болады. Басқа сөз таптарында шақ болмайды. Осыған сәйкес етістіктің үш шағы болады:

а) өткен шақ.

б) осы шақ.

в) келер шақ.

Етістіктің үш жағы болады: I жақ, II жақ және III жақ. Етістіктің есімше, көсемше, етіс, рай сияқты категориялары да болады. Етістік жіктеледі.

**Етістіктің жіктелуі.** Істің субъектісін білдіру үшін етістікке жалғанатын жіктік жалғаулар үш жаққа және жекеше, көпше болып бөлінеді.

**Жақ**

**Жекеше**

**Көпше**

**Бірінші түрі**

I жақ -дым, -дім, -тым, -тім -дымыз, -діміз-тымыз, -тіміз

II жақ -дың, -дің, -тың, -тің -дыңыз, -діңіз, -тыңыз, -тіңіз

III жақ -ды, -ді, -ты, -ті -дылар, -ділер, -тылар, -тілер

**Екінші түрі**

I жақ -мен -міз

II жақ -сен -сіз

III жақ -лар, -лер

### Көсемше

Текстегі көсемшелер негізгі етістіктегі істің, кимылдың амалың, мезгілің, мақсатын және басқа қасиеттерін көрсетіп, төмендегі аффикстер жалғану арқылы жасалады.

1. -а, -е:

адыра – айыра

өдүре – бола

2. -у, -ү, -йү, -йү:



*ешіту* – есіте, есітіп,  
*йорыйу* – жүре, жүріп

3. *-ыпан, -пен, -пан, -пен:*

*барыпан* – барып  
*кезіпен* – кезіп

4. *-қалы, келі, -ғалы, -гелі:*

*өлгелі* – өлгелі

*уққалы* – ұққалы, түсінгелі

*көргелі* – көргелі

*тапышу* – табысу, табысып  
*манчулайу* – солай ете, сүйте

*айрыпан* – айырып

*тінен* – деп, айтып

*бітіргелі* – бітіргелі

*бергелі* – бергелі

Ескерткіштердегі көсемшелер әдетте етістіктен болған баяндауыштың алдында тұрып пысықтауыш болады. Құрмалас сөйлемдерде көсемшелер көбінесе, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып келеді.

### Есімше

Есімшелер етістік түбірден жасалады. Олар бірде етістік, бірде есім мағынасында жұмсалады. Есімшелер есім сөздердей септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауын қабылдайды және етістіктердей үш жак, үш шаққа белінеді.

Есімшелер төмендегідей аффикстер арқылы жасалады.

1. *-дук, -дүк, -туқ, -түк:*

*келмедүк* – келмеген

*айтдуқ* – айтқан

*тірілтүк* – жиналған

2. *-мыш, -міш, -мыс, -міс (-муш, -мүш)*

*Көрмүш* – көрген

*айтмыш* – айтқан

*келміш* – келген

*өтүнмүш* – өтінген

3. *-ур, -үр, -йур, -йүр, -ар, -ер, -р:*

*йатур* – жатар

*білінмес* – білінбес

*тогар* – туар

*түшер* – түсер

*білір* – білер

*сақынур* – ойлар, ойланар

4. *-ыгма, -ігме, -угма, -үгме:*

*учугма* – ұшатын

*келүгме* – келетін

*тутугма* – тұтатын, ұстайтын

*көрүнүгме* – көрінетін



5. -дачы, -дечи, -тачы, -течи.

*баишлатачы* – бастауыш      *бычтачы* – пішетін

6. -глы, -гли:

*туйұғлы* – тұйықты      *йаратуғлы* – жарагулы.

*ачығлы* – ашулы

## Етіс

Ескерткіштегі етістер мағынасы мен морфологиялық тұлғасына қарай өздік, өзгелік, ырықсыз және ортақ етіс болып, төртке бөлінеді:

**1. Өздік етіс.** Істі, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы істемей, тіке өзі істегендігін, не істейтіндігін білдіреді. Өздік етіс тек сабақты етістіктен жасалып, етістіктің түбіріне *-н, -ын, -ін* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады:

*өтүн* – өгін

*севін* – сүйін

*бошан* – босан

**2. Ырықсыз етіс.** Текстерде ырықсыз етіс етістіктің түбіріне *-л, -ыл, -іл* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*адырыл* – айрыл

*бычыл* – пішіл

*сачыл* – шашыл

**3. Ортақ етіс.** Қимыл бір ғана субъекті арқылы істелмей, бірнеше субъекті арқылы істеліп, етістіктің түбіріне *-с, -ыс, -іс, -уш, -үш* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*сөзлеш* – сөйлес

*уруш* – ұрыс

**4. Өзгелік етіс.** Іс істеушінің өзі істемей, басқа біреу арқылы істелгендігін көрсететін етістіктің түрі. Ескерткіштерде өзгелік етіс *-т, -ыт, -іт, -тыр, -тір, -тур, -түр, -дур, -дүр* т.б. аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

